ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

# ОРНЫҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП
2018

# ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ОРНЫҚТЫЛЫҚ







ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

# ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША ТҮЙІНДІ КӨРСЕТКІШТЕР 2018

GRI 102-1, 102-2, 102-7, 102-8, OG1

## ПАЙДА

млрд теңге

| | |
|---|---|
| 2016 | 360,1 |
| 2017 | 525,4 |
| **2018** | **693,5** |

## САТЫП АЛУ

млрд теңге

| | |
|---|---|
| 2016 | 1 871 |
| 2017 | 2 553 |
| **2018** | **2 428** |

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

| | су жинау, млн м$^3$ | $CO_2$ шығарындылары, млн тонна | энергия тұтыну, млн ГДж | ілеспе мұнай газын кәдеге жарату деңгейі, % |
|---|---|---|---|---|
| 2016 | 81,3 | 7,6 | 113,2 | 86 |
| 2017 | 84,4 | 8,5 | 119,5 | 85 |
| **2018** | **93,7** | **9,3** | **167,6** | **93** |

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ*

| | |
|---|---|
| 2016 | 90 267 |
| 2017 | 84 061 |
| **2018** | **78 933** |

* 2018 жылдың соңына нақты саны, толығырақ 128-бетте

## ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛІНІСТЕ, %

| | | |
|---|---|---|
| 2016 | 21 | 79 |
| 2017 | 19,2 | 80,8 |
| **2018** | 18,8 | 81,2 |

## ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерін әлеуметтік қолдау

млрд теңге

| | |
|---|---|
| 2016 | 19 |
| 2017 | 18,9 |
| **2018** | **22** |

## Өлім жағдайларының саны

| | |
|---|---|
| 2016 | 7 |
| 2017 | 5 |
| **2018** | **1** |

## ҚОРЛАР (A,B,C1)

млн барр. м.б.

| | |
|---|---|
| 2016 | 8 254,5 |
| 2017 | 7 954,1 |
| 2018 | 7 811,2 |

Мұнай **625,8** млн тонна

Газ конденсаты **42,4** млн тонна

Табиғи газ **414,3** млрд м³

## МҰНАЙ МЕН ГАЗ ӨНДІРУ

| | мың тонна мұнай | күніне млн м³ газ | $CO_2$ шығарындыларының қарқындылығы (1 000 тонна КСШ-ға тонна) |
|---|---|---|---|
| 2016 | 22 639 | 20,2 | 115 |
| 2017 | 23 362 | 21,9 | 110 |
| 2018 | 23 606 | 22,3 | 101 |

## ӨҢДЕУ

| | мың тонна мұнай | $CO_2$ шығарындыларының қарқындылығы (1 000 тонна КСШ-ға тонна) |
|---|---|---|
| 2016 | 17 673 | 219 |
| 2017 | 18 207 | 221 |
| 2018 | 19 715 | 216 |

## МАРКЕТИНГ

Күніне **>100 мың** автомобильге май құю

## МҰНАЙ МЕН ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ

**Топтың магистральдық құбырларымен**

| | Мұнай тасымалдау, мың тонна | Газ тасымалдау, күніне млн м³ |
|---|---|---|
| 2016 | 62 390 | 241 |
| 2017 | 67 864 | 276 |
| 2018 | 67 961 | 306 |

**Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау, мың тонна**

| | |
|---|---|
| 2016 | 7 081 |
| 2017 | 6 951 |
| 2018 | 7 077 |

## СЕРВИС

- жер үсті және әуе көлігі
- теңіз операцияларын қолдау
- бұрғылау және интеграцияланған қызметтер
- технологиялық процестерді автоматтандыру
- мұнай төгілуіне ден қою бойынша сервис
- мұнай-газ жабдықтарын өндіру

біздің өндірістік объектілерде күн сайын **10,5** **мыңнан астам көлік құралы** жұмыс істейді

# МАЗМҰНЫ


**ЕСЕП ТУРАЛЫ** 4

**БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ** 6





**КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ** 8

Миссия және стратегиялық мақсаттар 14

Басты корпоративтік оқиғалар 15

Компаниядағы Трансформация және цифрландыру 16





**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ** 18

Корпоративтік басқару 20

Орнықты даму – біздің стратегиялық мақсатымыз 30

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл 31

Өзара іс-қимылдың негізгі бағыттары 32

Есептің елеулі тақырыптарын айқындау 35

Әдеп және адалдық 38

Әдепке жатпайтын мінез-құлық туралы консультацияларға жүгіну тетіктері 40

Сенім ақпараттық жүйесі және «Жедел желі» 41

Бастамалар мен мүшеліктер 43

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ** 46





**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУҒА ҮЛЕС** 48

Төмен көміртекті даму 50

Экономикалық нәтижелілік 53

Сатып алу тәжірибесі 56

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 58




## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК 60


| | |
|---|---|
| Біздің басқару тәсіліміз | 62 |
| Жұмыс орнындағы қауіпсіздік | 66 |
| Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы | 69 |
| Өнеркәсіптік қауіпсіздік | 71 |
| Экологиялық көрсеткіштер | 74 |
| Талаптарға сәйкестік | 99 |
| ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында оқыту | 100 |





## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК 102


| | |
|---|---|
| Біздің қызметкерлер | 104 |
| Адам құқықтары | 108 |
| Персоналды дамыту | 110 |
| Персоналды бағалау | 113 |
| Тең мүмкіндіктер | 114 |
| Біздің қауымдастықтар | 115 |





## ҚОСЫМШАЛАР 120


| | |
|---|---|
| 2018 жылғы Орнықты даму туралы есепке қатысты тапсырма бойынша есеп | 122 |
| 1-қосымша. Есептілік шекаралары, өзгерістер, ескертпелер | 124 |
| Деректерді жинау, шоғырландыру және есептеу әдіснамасын толықтырулар, әдіснама болжамдары және сипаттамасы | 126 |
| 2-қосымша. Орнықты даму саласындағы негізгі индикаторлар | 129 |
| 3-қосымша. GRI Content Index мазмұнының көрсеткіші | 134 |
| 4-қосымша. Аббревиатуралар мен қысқартулар | 144 |
| Байланыс ақпараты | 147 |


***Орнықты даму туралы есеп берудің интерактивті нұсқасы***

# Есеп туралы

GRI 102-32, 102-46, 102-50, 102-52, 102-54

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Орнықты дамуы туралы есебі (бұдан әрі – Есеп) компанияның орнықты дамуға, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық жауапкершілікке деген көзқарасын және есепті кезеңнің негізгі көрсеткіштері мен оқиғаларын көрсетеді.

Есеп біз үшін корпоративтік басқару құралы және мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың маңызды компоненті болып табылады. Орнықты даму саласындағы өз мақсаттарымыздың үйлесімділігіне қол жеткізу үшін, мүдделі тараптарға олар үшін қызметтің маңызды аспектілері туралы кешенді ақпаратты ұдайы жариялауды, беруді және есеп туралы кері байланыс алуды қағида тұрғысынан маңызды деп санаймыз.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы өз қызметі туралы есептілікті дайындауды 2008 жылдан бастап жыл сайынғы негізде жүргізіп, 2012 жылдан бастап есептілікті Жаһандық есептілік бастамасына (GRI) сәйкес жариялап келеді.

Осы Есеп GRI Standards: Core option сәйкес дайындалды.

Есепте «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдары (есепте – ҚМГ, Компания, компаниялар тобы деп аталатындар) туралы 2018 күнтізбелік жыл ішіндегі шоғырландырылған ақпарат ұсынылған. Есептің шекаралары дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ге тікелей немесе жанама түрде тиесілі ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдарын, сондай-ақ ҚМГ қызметін бақылауға құқылы заңды тұлғаларды қамтиды *(бөлімдер бойынша есептілік шекараларының егжей-тегжейлі сипаттамасы есепке 1-қосымшада берілген)*. Компанияның қаржылық жағдайы мен өндірістік қызметінің нәтижелері Компанияның тиісті блоктарының ұйымдастырушылық қолдауымен Компанияның шоғырландырылған деректері пайдаланыла отырып ұсынылған. Осы Есепті дайындау кезінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша жасалған ҚМГ басқарушылық және аудиттелген қаржылық есептілігі пайдаланылды.

Осы Есеп Global Reporting Initiative Sustainability Reporting Standards (GRI Standards, 2016) орнықты даму саласындағы есептілікті дайындау жөніндегі халықаралық басшылығына, сондай-ақ GRI G4 Oil and Gas Sector Disclosures мұнай-газ компанияларына арналған салалық қосымшаны сәйкес дайындалды. Деректерді салыстыру және салыстырмалау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін, сандық көрсеткіштер бірнеше жыл ішіндегі динамикада ұсынылған.

ҚМГ Орнықты даму туралы барлық есептері Компанияның веб-сайтында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қолжетімді.

ҚМГ Орнықты дамуы туралы есебі ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі және корпоративтік интернет-сайтта жариялау және баспа нұсқасын тарату арқылы мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі.

2006 жылдан бастап ҚМГ БҰҰ Жаһандық шартының (бұдан әрі – БҰҰ ЖШ) мүшесі және белсенді қатысушысы болып табылады және БҰҰ ЖШ он қағидатын және орнықты дамудың 17 мақсатына (бұдан әрі – ОДМ) адалдығын қолдайды.

Компанияның Орнықты даму туралы жыл сайынғы есебі БҰҰ Жаһандық шарты шеңберіндегі ілгерілеу туралы біздің хабарламамыз болып табылады және сілтемесі бойынша қолжетімді.

Есеп бөлімдерінде ОДМ графикалық түрде белгіленген, Компания олар бойынша қол жеткізу және іске асыру бойынша шаралар қабылдайды. ОДМ-ның есепті деректермен интеграциясы бізге ОДМ міндеттеріне қол жеткізу бойынша ілгерілеуді неғұрлым тиімді бағалауға және орнықты даму қағидаттарын іске асыруда Компания қызметінің көрсеткіштерін жетілдіру үшін күш-жігерін бағыттауға мүмкіндік береді.

БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын мойындай отырып, Компания өз қызметінде мынадай қағидаттарға бейілділігі туралы мәлімдейді:

| | | |
|---|---|---|
| Адам құқықтары | 1-қағидат | Іскерлік топтар халықаралық деңгейде жария етілген адам құқықтарын қорғауды қолдап, құрметтеуге тиіс. |
| | 2-қағидат | Іскерлік топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс. |
| Еңбек қарым-қатынастары | 3-қағидат | Іскерлік топтар бірігу еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты мойындауды қолдауы тиіс. |
| | 4-қағидат | Іскерлік топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жою үшін әрекет етуге тиіс. |
| | 5-қағидат | Іскерлік топтар балалар еңбегін толық жоюды қолдауы тиіс. |
| | 6-қағидат | Іскерлік топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдауы тиіс. |
| Қоршаған орта | 7-қағидат | Іскерлік топтар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдауы тиіс. |
| | 8-қағидат | Іскерлік топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс. |
| | 9-қағидат | Іскерлік топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуі тиіс. |
| Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл | 10-қағидат | Іскерлік топтар бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұруға тиіс. |




UN GLOBAL COMPACT
COMMUNICATION ON PROGRESS

This is our **Communication on Progress** in implementing the principles of the **United Nations Global Compact** and supporting broader UN goals.

We welcome feedback on its contents.

- Адам құқықтары
- Еңбек қарым-қатынастары
- Қоршаған орта
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

# Басқарма төрағасының үндеуі

GRI 102-10, 102-14, 102-44




**Құрметті оқырмандар!**

2018 жылғы ҚазМұнайГаз компаниялары тобының Орнықты даму туралы есебін назарларыңызға ұсынуға қуаныштымын.

Бизнес-процестердегі жаңа өзгерістерді дәйекті түрде іске асыра отырып, біз өз қызметіміздің орнықты даму қағидаттарына сәйкестігін, өзіміздің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарымыздың үйлесімділігін қамтамасыз етуге ұмтыламыз.

2018 жылы біз Компанияның онжылдық кезеңге арналған жаңа Даму стратегиясын бекіттік. Орнықты даму компоненттерін есепке ала отырып, біздің басқару саясатымызды қайта қарау және дамудың жаңа деңгейінің көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша мақсаттар қою Компанияның маңызды стратегиялық мақсаттарының біріне айналды. Бұл бастама біздің акционер – «Самұрық-Қазына» қорының стратегиялық мақсаттарына толық сәйкес келеді. Біз үшін орнықты даму – бұл корпоративтік басқарудың маңызды компоненті.

Соңғы төрт жылда біз еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында үлкен жұмыс жүргіздік, бұл ретте 2018 жыл еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау көрсеткіштері бойынша үздік жыл болды. Біз өз мақсатымызға – 2020 жылға қарай өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар коэффициенті бөлігінде қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша әлемдік 20 салалық компания қатарына кіру мақсатына қол жеткіздік. 2020 жылға қарай Компания жарақаттану коэффициенті бойынша үздік топ қатарына енуді жоспарлап отыр.

Қазір біз жаңа бастамалардың бірі – экологиялық есептіліктің ашықтығына назар аударамыз. Бұл бастама біздің компанияның имиджі мен беделіне оң әсер етеді. Біз неғұрлым ашық болған сайын, инвесторлар мен басқа да стейкхолдерлер үшін соғұрлым тартымды боламыз. Айта кету керек, ҚМГ екінші жыл қатарынан Қазақстанның мұнай-газ компанияларының экологиялық жауапкершілік саласындағы ашықтығы рейтингінде ең жоғары орында.

Өткен жылы Компания қаржылық тұрақтылықты арттыруды мақсат тұтқан болатын, сөйтіп біз шығындарды жауып, өзіміздің қаржылық көрсеткіштерімізді айтарлықтай жақсарттық. 2018 жылы ҚМГ сыртқы қарызы да төмендеді, инвестицияларға лимиттер белгіленді, жобалардың мерзімдері регламенттелді. Сондай-ақ біз нарықтық ортаға «ҚМГ-Retail» ЖШС (ЖҚС желісі), «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ, ҚМГ-Грузия сервисі сияқты бейінді емес қызмет түрлерін шығара алдық. Мұнай өңдеу зауыттарын жаңғыртуды аяқтау жылдың маңызды оқиғасы болды. Зауыттар К4, К5 (Еуро-4, Еуро-5 стандарттары) экологиялық кластағы өз мұнай өнімдерімен ішкі нарықты толық қамтамасыз етті, Қытайға қазақстандық газдың экспортын жылына 5-тен 10 млрд текше метрге дейін ұлғайту туралы келісімшартқа қол қойылды, республика өңірлерін газдандыру бойынша жұмыстар жалғастырылды.

Жыл бойы біз трансформациялау бағдарламасын белсенді іске асырып келеміз. Жаңа басқару моделіне сәйкес біз 2018 жылы ірі субхолдингтердің бірі – ҚМГ Барлау Өндіруді біріктірдік. Енді өндірістік активтерді басқару тікелей ҚМГ-дан жүзеге асырылады. Холдинг құрылымында бизнес-процестерді оңтайландыру, басқару жүйесін жеңілдету және орындалатын жұмыстардың сапасын жақсарту бойынша жұмыстар жалғасуда.

Еліміздің ірі жұмыс берушілерінің бірі бола отырып, біз қызметкерлермен және кәсіподақтармен әріптестік қарым-қатынас қағидаттарына негізделген жоғары әлеуметтік бағдарлануға ұмтыламыз. Біздің бағдар: нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, лайықты жұмыс пен еңбек жағдайын қамтамасыз ету, қолайлы еңбек жағдайларын жасау, қызметкерлерді даярлау және оқыту, өңірлердің дамуына жәрдемдесу.

Алдағы жылы біз қызметтің ашықтығын, бизнестің экологиялық және әлеуметтік жауапкершілігі деңгейін арттыру, сондай-ақ ұзақ мерзімді кезеңге орнықты даму көрсеткіштерін жақсарту есебінен инвестициялық тартымдылықты қамтамасыз етуді мақсат тұтамыз.

**Құрметпен, Алик Айдарбаев**

# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ





# ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ОРНЫҚТЫЛЫҚ

**Бизнес-процестердегі жаңа өзгерістерді дәйекті түрде іске асыра отырып, біз өз қызметіміздің орнықты даму қағидаттарына сәйкестігін, өзіміздің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарымыздың үйлесімділігін қамтамасыз етуге ұмтыламыз.**

- Цифрлық трансформация
- Өндірістік процестерді автоматтандыру
- Процестердің реинжинирингі

- Басқару жүйесін өзгерту
- Корпоративтік мәдениетті дамыту
- Корпоративтік құндылықтарды енгізу
- Қаржылық тұрақтылықты арттыру

- Экологиялық есептіліктің ашықтығы
- Еңбек қауіпсіздігі көрсеткіштері бойынша көшбасшылық

# Компания туралы

GRI 102-1, 102-2, 102-4, 102-5, 102-6, 102-7, 102-9

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы – көмірсутектерді барлау мен өндіруден, оларды тасымалдау мен өңдеуден бастап, мамандандырылған сервистік қызметтер көрсетуге дейінгі толық өндірістік циклді жүзеге асыратын, Қазақстанның мұнай-газ саласында мемлекеттің мүддесін білдіретін, бірегей тігінен біріктірілген мұнай-газ операторы.

**ҚМГ Қазақстан Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы Жарлығымен «Қазақойл» ҰМК ЖАҚ және «Мұнай және газ көлігі ҰК» ЖАҚ қосу жолымен құрылды. Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі – ҚР) атынан ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті ҚМГ құрылтайшысы болып табылады.**

**ҚМГ акционерлері:** «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (90%) және ҚР Ұлттық Банкі (10%).




ҚазМұнайГаз – Қазақстан аумағындағы 44 мұнай-газ кен орнына ие және елдің ең ірі жұмыс берушілерінің бірі болып табылатын жетекші ұлттық мұнай-газ компаниясы. Компания мұнай-газ секторының көптеген салаларына маманданған, Қазақстандағы негізгі өңдеу зауыттарын және Румыния МӨЗ-ін басқарады, Швейцария, Болгария, Грузия, Молдова және Түркия сияқты елдерде активтері бар. Бұдан басқа, Компания жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша жұмыс жүргізіп, қызмет саласын кеңейтуде.

## ҚМГ өндірістік активтерінің географиясы және құн жасау тізбегі

ҚМГ дала ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын тиеп жөнелтуді жүзеге асырады, сондай-ақ жылыту кезеңінде әлеуметтік-өндірістік объектілер мен мекемелерді мазутпен қамтамасыз етеді. Мұнай өнімдерінің қалған көлемі ішкі нарықта бөгде сатып алушыларға және экспортқа сатылады.

Ашық түсті мұнай өнімдерінің барлық көлемі ҚР ішкі нарығында ірі көтерме саудамен сатылады. ҚМГ мұнай өнімдерін сатудың жалпы көлемінде 2018 жылдың қорытындысы бойынша ішкі нарыққа жеткізу үлесі 75 % құрады.

Мұнай өнімдерін экспорттық жеткізу құрылымында 2018 жылы қара мұнай өнімдерін Еуропаға жөнелту басым болды, мұнай өнімдерінің аздаған көлемі Ресей мен Қытайға жеткізілді.



## Қосылған құн жасау тізбегі: мұнай және мұнай өнімдері




## Газ құнының тізбегі



**ҚР МӨЗ-де өндірілген ҚМГ мұнай өнімдерін көтерме саудада сату (2018 ж. нақты)*, мың тонна**

| 2018 нақты | Ішкі нарық | Экспорт | Барлығы |
|---|---|---|---|
| Бензин | 701 | – | 701 |
| Дизель отыны | 954 | – | 954 |
| Авиаотын | 34 | – | 34 |
| Мазут | 192 | 414 | 606 |
| Вакуумдық газойль | 0 | 200 | 200 |
| Пеш отыны | 43 | 34 | 66 |
| Қыздырылған Кокс | – | 25 | 25 |
| Жиынтық Кокс | 44 | 33 | 77 |
| Күкірт | 9 | 4 | 12 |
| Бензол | – | 5 | 5 |
| Битум | 53 | – | 53 |
| Параксилол | – | 2 | 2 |
| Сұйытылған газ | 128 | – | 128 |
| КСШ-ға шикізат | 4 | – | 4 |
| Барлығы, 2018 жыл | 2 162 | 717 | 2 868 |

*  *ҚМГ БӨ АҚ және ҚМГ ресурстарынан мұнай өнімдерін өткізудің 2018 жылғы көлемі көрсетілген*

Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес 2018 жылдан бастап отандық МӨЗ-де К4, К5 (Еуро 4, Еуро 5) экологиялық кластарына сәйкес келетін моторлы отын өндіріледі.

**К4, К5 (ЕВРО 4, ЕВРО 5)**

GRI OG8

Бұл ретте:

- К4, К5 экологиялық класс үшін 1 %-дан аспайтын бензолдың көлемдік үлесі;
- К4 класы үшін 50 мг/кг аспайтын күкірттің салмақтық үлесі, К5 класы үшін 10 мг/кг аспайтын күкірттің салмақтық үлесі;
- Қорғасынның концентрациясы 5 мг/дм$^3$ артық емес, К4, К5 экологиялық класс үшін.

Компания бұқаралық ақпарат құралдарында баспасөз хабарламалары арқылы қазақстандық МӨЗ-де шығарылатын өнімнің сапасы туралы ақпаратты таратады. Мүдделі тараптар МӨЗ ресми сайттарында шығарылатын отынның сапасы туралы қажетті ақпаратпен таныса алады:
**ПМХЗ** https://www.pnhz.kz/product/quality_of_product/
**АМӨЗ** https://www.anpz.kz/production/product/
**ПКОП** http://www.petrokazakhstan.kz/rus/pages/processing_subdivision.html

**ҚР-де ЖЖМ негізгі түрлерін өндіру және тұтыну балансы****

| Атауы | 2018 жыл (нақты), мың тонна | | |
|---|---|---|---|
| | БЕНЗИН | ДИЗОТЫН | КЕРОСИН |
| Өндіру | 3 943 | 434 | 388 |
| Тұтыну | 4217 | 4865 | 647 |
| Импорт | 408 | 377 | 261 |

Компанияның өндірістік қызметі мен қаржылық нәтижелері туралы толығырақ 2018 жылғы Жылдық Есепте баяндалған.

** *өндіріс пен тұтыну+импорт арасындағы айырмашылық өткен жылғы ауыспалы қалдықтарда*

# МИССИЯ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

GRI 102-16

## МИССИЯСЫ

Ұлттық мұнай-газ саласын дамытуға қатысудан акционерлер үшін ең жоғары пайданы қамтамасыз ету

## ПАЙЫМЫ

Қауіпсіздік пен корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына сәйкес келетін, тиімділігі жоғары ұлттық тігінен біріктірілген операциялық компания

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

1. Құнды жасау және қаржылық тұрақтылықты нығайту
2. ЕТҰ/БК басқару деңгейін арттыру
3. Корпоративтік басқару және орнықты даму

## ҚМГ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

- Экологиялық жауапты компания
- Еркін ақша ағынының және инвестициялардың қайту көрсеткішінің өсуі
- Екі деңгейлі басқару жүйесін енгізу
- Әдеп, комплаенс, корпоративтік мәдениет

## АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

- Акционерлерге дивидендтерді ұлғайту

# БАСТЫ КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР

## 2018

GRI 102-44

Қаңтар

Ақпан

Наурыз

Сәуір

**Мамыр**

2018 жылдың 10 мамырынан бастап Ғаламдық депозитарлық қолхаттар (ҒДҚ) және «ҚМГ Барлау Өндіру» АҚ жай акциялары Лондон және Қазақстан қор биржаларының тізімінен шығарылды.

2018 жылдың мамырында ҚМГ $3,25 млрд сомаға еурооблигацияларды шығару есебінен қаржыландырылған жиынтық номиналды көлемі $3,1 млрд шығарылған еурооблигацияларды мерзімінен бұрын әрі толық көлемде өтеді

Маусым

Шілде

Тамыз

Қыркүйек

**Қазан**

2018 жылдың қазан айында «ҚазТрансГаз» АҚ мен Petrochina International Alashankou Company Limited Қытайға қазақстандық газдың экспортын жылына 5 млрд текше метрден 10 млрд текше метрге дейін арттыру жөнінде бесжылдық келісімшартқа қол қойды

Үш мұнай өңдеу зауытын жаңғырту аяқталды

2018 жылдың қазан айында ҚМГ Қазақстан астанасын, елдің орталық және солтүстік өңірлерін газдандыру үшін Сарыарқа магистральдық газ құбырын салу жобасын басқару мақсатында «АстанаГаз ҚМГ» АҚ-дағы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ-ның 50% жай акциясын сенімгерлік басқаруға қабылдады

**Қараша**

2018 жылдың қарашасында ҚМГ Басқармасының төрағасы болып Алик Айдарбаев тағайындалды

Желтоқсан

# КОМПАНИЯДАҒЫ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

GRI 102-10

2018 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Трансформациялау бағдарламасының «Іске асыру» кезеңі жалғасты, оның шеңберінде жобалар бойынша жұмыс «Самұрық-Қазына» АҚ жариялаған бастамаларға сәйкес жүргізілді.

ҚМГ жаңа операциялық моделін, оның ішінде аутсорсингке бейінді емес қосалқы функцияларды шығаруды көздейтін моделін енгізу аясында, «ҚМГ-Құмкөл» ЖШС базасында ақпараттық технологиялар бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ортақ қызмет көрсету орталығын ресми түрде іске қосылды.

ҚМГ қызметіндегі жүйелік-әдіснамалық өзгерістер (бұдан әрі – ЖӘӨ) саласындағы трансформациялаудың маңызды жобасы «Негізгі бизнес-функцияларды трансформациялау және ERP енгізу» болып табылады. Есепті кезеңде жобаның әдіснамалық бөлігі аяқталды.

Басқа ірі ЖӘӨ жобасы – «Сатып алуды санаттық басқаруды (бұдан әрі – ССБ*) енгізу». ҚМГ алдына 2022 жылға қарай басқарылатын санаттарды жылдық сатып алу құнының кемінде 80 %-ын ССБ-мен қамту міндеті қойылды. Ол үшін 67 санат бойынша сатып алудың санаттылық стратегияларын (бұдан әрі – ССС) әзірлеу және бекіту қажет.

2018 жылы 7 ССС бекітілді, оның ішінде «ҚР ҚМГ компаниялар тобы үшін автокөлік қызметтерін сатып алу», «Техникалық газдар», «IT-жабдықтар», «Қосымдар мен реагенттер», «Сорғыларды жалға алу бойынша қызметтер», «Бұрғылау кезіндегі бөлек сервис», «Арнайы техника қызметтерін сатып алу». Іске асыруда 9 стратегия болды: «Өндіру және бұрғылау құбырлары», «Мұнай өндіру сорғылары», «Дизель отыны», «ҚМГ компаниялар тобы үшін Нұр-Сұлтан қ. бойынша автокөлік қызметтерін сатып алу», «Каталитикалық крекинг катализаторы», «Техникалық газдар, 1-кезең (ПМХЗ)», «Жеңіл автомобильдер мен автобустар», «Медициналық сақтандыру», «Электр энергиясы».

ҚМГ-да ССБ енгізу жобасын іске асыру барысында ірі жобаларды санаттық басқару және тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен (бұдан әрі – ТЖҚ) қамтамасыз ету департаменті нысанында бейінді Құзыреттер орталығы құрылды. Осы құрылым сатып алу функциясына арналған шығыстарды азайту, сатып алынатын тауарлар мен қызметтерді стандарттау және біріздендіру жолымен сатып алынатын ТЖҚ сапасын арттыру жөніндегі міндеттерді шешеді. «Самұрық-Қазына» қорының стандарттары негізінде ҚМГ ТЖҚ-ны сатып алудың жеке регламентін әзірледі.

Сатып алуды санаттық басқару процесі компания үшін елеулі пайда әкеледі. Мысалы, «ҚМГ компаниялар тобы үшін Нұр-Сұлтан қ. бойынша автокөлік қызметтерін сатып алу» ССС іске асыру шеңберінде 2018–2020 жылдар кезеңіне жоспарланған экономикалық тиімділік 867 млн теңгені құрайды. «Өндіру және бұрғылау құбырлары» ССС бойынша 5 жыл ішінде 1,3 млрд теңге көлемінде пайда табу жоспарлануда.

2018 жылы ЖӘӨ бағыты бойынша екі трансформациялау жобасы аяқталды – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да инвестициялар портфелін басқарудың жаңа моделін енгізу» және «Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін енгізу: ішкі бақылау жүйесін жетілдіру және қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін енгізу».

Бірінші жоба SAP PPM программалық өнімі негізінде іске асырылды. Жоба шеңберінде ҚМГ инвестицияны басқарудың мүлде жаңа бизнес-процесіне – портфельдік басқаруға көшуді болжайды. Бұл тәсіл ҚМГ ЕТҰ/Дивизиондарынан инвестициялық жобалар пулын жинауға және жылына 1 рет неғұрлым тиімді жобаларды таңдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ҚМГ-нің басқа күрделі салымдарға (ағымдағы күрделі салымдарға) арналған шығындарын және Компанияның қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, неғұрлым тиімді инвестициялық жобаларды таңдау қамтамасыз етіледі.

* *Санаттық сатып алуды басқару – бұл нақты бизнес-бағытта жекелеген санаттардың ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік беретін, сатып алуды жүзеге асыруға кешенді көзқарас. Санаттық басқару сатып алу бағасын, өнім берушілер нарығын талдауды және алынған деректер негізінде сатып алу стратегиясын әзірлеуді білдіреді*

Бұдан басқа, жүйені енгізу инвестициялық жобалар бойынша күрделі салымдардың игерілуі туралы уақытылы және дұрыс ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл бекітілген бюджеттерді бақылауға, жобаларды іске асырудың табыстылығын қамтамасыз ету үшін уақытылы шешімдер қабылдауға айтарлықтай дәрежеде ықпал ететін болады, бұл өз кезегінде ҚМГ корпоративтік орталығы тарапынан инвестициялық жобаларды іске асыру барысын бақылауды жақсартады.

Екінші жоба («Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін енгізу: ішкі бақылау жүйесін жетілдіру және қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін енгізу») Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына неғұрлым толық сәйкестігін, корпоративтік басқару рейтингіне оң әсерін, Компанияның инвесторлар үшін тартымдылығын арттыруды қамтамасыз етеді. Жоба Компанияда үш міндетті және өзара байланысты жүйелер – ішкі бақылау тәуекелдерін басқару және қызметтің үздіксіздігін басқару жүйелерінің жұмыс істеуі үшін әдіснамалық негіз жасайды.

Осындай әдіснаманы енгізудің арқасында бақылау рәсімдерін енгізу арқылы, бизнес-процестердің ашықтығын арттыру есебінен алаяқтық тәуекелдерін анықтау және алдын алу арқылы процестік тәуекелдерді болдырмау уақытылы қамтамасыз етілетін болады. Жоба операциялық тиімсіздіктің салаларын жоюға мүмкіндік береді, негізгі бизнес-процестердің басқарылуы мен бақылануы артады, шешімдер қабылдау, ҚМГ мақсаттарына қол жеткізуді жоспарлау мен бақылау және оны қалыптастыру сенімділігінің ақылға қонымды кепілдігі үшін қажетті қаржылық есептіліктің дәйектілік деңгейі артады. Сондай-ақ әлеуетті қауіптер сәйкестендіріледі және осындай қауіптерге тиімді ден қою тұрақтылығы мен қабілетін арттыру үшін негіз құру мақсатында ҚМГ қызметіне олардың әсері айқындалады, бұл негізгі мүдделі тараптар мүдделерінің, ҚМГ беделінің, брендінің және өнімді операциялық қызметінің қорғалуын қамтамасыз етеді. Ақырында, тәуекелдерді басқару процесіне тарту есебінен Компания қызметкерлерінің тәуекел-мәдениетінің деңгейі артады. 2018 жылы ҚМГ цифрландыру жобалары тізбесінің бірінші пулы алдын ала мақұлданды. Компания қызметінің барлық негізгі бағыттары бойынша қолданыстағы цифрлық бастамаларды іске асыру жалғастырылды. Осылайша, мұнай өндіруде осындай негізгі жоба – «Зияткерлік кен орны» болып табылады. «Ембімұнайгаз» АҚ Уаз кен орнында пилоттық жоба шеңберінде 2016 жылы өндірістің барынша тиімділігін қамтамасыз ету үшін мұнай-газ кәсіпшілігін басқару жүйесі енгізілді. Нәтижесінде автоматтандыру жүйесі есебінен ұңғымалардың жұмысы тұрақтандырылды, электр энергиясын тұтыну төмендеді. 2017–2018 жылдары жоба 2019 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ және «Қазгермұнай» БК» ЖШС кен орындарында кеңейтуді жалғастыра отырып, «Ембімұнайгаз» АҚ Прорва кен орындары тобының объектілеріне қолданылды.

Өңдеу сегментінде Павлодар мен Атырау мұнай өңдеу зауыттарын ұлғайған жөндеуаралық пайдалану циклына көшіру жобасы іске асырылуда. Ол МӨЗ жабдықтарына техникалық қызмет көрсетудің қажетті деңгейін, жабдықтардың сенімділігін және механикалық тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған. Осы бастаманың арқасында автоматтандыру мен басқарудың жаңа процестерін енгізу есебінен МӨЗ-дің жоспарлы күрделі жөндеулерін үш жылда бір рет орындауға болады, сәйкесінше өндірістің тоқтауы сирейді.

Жоба нәтижесі бойынша жабдықтың сенімділігі 8 %-ға, ал жөндеу шығындары 10 %-ға дейін қысқарады деп болжануда. Сондай-ақ, қойма қорларын 10 % төмендету, жабдықтың жоспардан тыс тұрып қалуын және авариялық жұмыстар көлемін қысқарту жоспарлануда.

«Самұрық-Қазына» қоры ұсынған Трансформациялау бағдарламасын іске асырудың жаңартылған пайымына сәйкес 2019 жылы ҚМГ трансформациялау жобаларының жаңа портфелі қалыптастырылады, ҚМГ ерекшелігі ескеріле отырып, жобаларды портфельге іріктеу критерийлері әзірленді. Атап айтқанда, трансформациялау бастамалары Компанияның стратегиялық мақсаттары мен ҚТК-ге қол жеткізуін қолдауы тиіс. Бағдарлама портфеліне өндірістік және корпоративтік бизнес-процестерді, жоғары өнімділік мәдениетін, Бизнеске арналған цифрлық шешімдерді және басқаларды реинжинирингілеуге бағытталған жобалар кіреді.

# 2

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ





# ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ОРНЫҚТЫЛЫҚ

**Орнықты даму компоненттерін есепке ала отырып, біздің басқару саясатымызды қайта қарау және дамудың жаңа деңгейінің көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша мақсаттар қою Компанияның маңызды стратегиялық мақсаттарының біріне айналды. Біз үшін орнықты даму – бұл корпоративтік басқарудың маңызды компоненті.**

## Басқару жүйесін өзгерту

2018 жылы біз трансформациялау бағдарламасын белсенді іске асыруды жалғастырдық. Жаңа басқару моделіне сәйкес біз 2018 жылы ірі субхолдингтердің бірі – ҚМГ Барлау Өндіруді біріктірдік. Енді өндірістік активтерді басқару тікелей ҚМГ-дан жүзеге асырылады.

## Корпоративтік мәдениетті дамыту

2018 жылы ҚМГ корпоративтік құндылықтарын бекітетін, іскерлік мінез-құлықтың және мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас жүргізудің аса маңызды қағидаттары мен қағидаларын айқындайтын және Компанияның барлық қызметкерлері басшылыққа алатын корпоративтік әдеп талаптарының жиынтығын білдіретін жаңа іскерлік әдеп кодексі бекітілді.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

GRI 102-18

ҚМГ-дегі корпоративтік басқару құрылымы




Корпоративтік басқару құрылымы мен ұйым құрылымының ашықтығы осы органдар мен оларға қатысатын тұлғалардың есеп беруін қамтамасыз ету үшін маңызды. Бұл есептілік элементтері ұйымның өзінің жоғары корпоративтік басқару органын қалай құратыны, оның құрылымын өзінің мақсаттарын ескере отырып қалыптастыратыны және осы мақсаттар ұйымның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлеріне қалай сәйкес келетіні туралы ақпаратты қамтиды.

## Корпоративтік басқару құрылымы

ҚМГ Жарғысына сәйкес ҚМГ корпоративтік басқару органдары мыналар болып табылады:

1) Жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы,
2) Басқару органы – Директорлар кеңесі,
3) Атқарушы орган – Басқарма.

Директорлар кеңесі ҚМГ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Компания қызметінің басым бағыттарын, даму стратегиясын айқындайды және Акционерлердің жалпы жиналысы алдында өзінің басшылық функцияларын жүзеге асыру үшін жауапты болады. Ағымдағы қызметті басқаруды Басқарма жүзеге асырады, ол өз кезегінде Директорлар кеңесіне есеп береді.

## Директорлар кеңесінің комитеттері

Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін ҚМГ-да Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады. 2018 жылы Директорлар Кеңесі жанынан мынадай комитеттер өз қызметін жүзеге асырды:

1. **Директорлар кеңесі мен Басқарманың сабақтастығын жоспарлау**, ҚМГ органдарының қызметін бағалау, тиімді кадр саясатын, еңбекақы және сыйақы төлеу жүйесін қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚМГ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін әлеуметтік қолдау, кәсіби дамыту және оқыту жөніндегі міндеттер шеңбері үшін құрылған Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет.
2. **Даму стратегиясы және инвестициялық саясат**, ҚМГ қызметінің басым бағыттары, ҚМГ инвестициялық тартымдылығын арттыру, ҚМГ қаржы-шаруашылық қызметін жоспарлау және трансформациялау мониторингі мәселелері бойынша құрылған, бұрын Стратегия және инновациялар жөніндегі комитет деп аталған Стратегия және портфельді басқару комитеті.
3. **Қаржылық жағдайды бағалау**, қаржы құрылымы мен стратегияға мониторинг жүргізу, сондай-ақ инвестициялық

жобалардың іске асырылуын бақылау жолымен тиімді қаржы саясатын жүргізу мақсатында құрылған Қаржы комитеті.

4. **Функциялары қаржы-шаруашылық қызметті тиімді бақылауға**, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігіне, аудит және қаржылық есептілік мәселелері бойынша бағытталған Аудит жөніндегі комитет;
5. **2018 жылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, еңбек және қоршаған ортаны қорғау**, орнықты даму және әлеуметтік-экономикалық даму қағидаттарын, әлеуметтік міндеттемелер мен бағдарламаларды енгізу, қызметтің үздіксіздігін және экологиялық тиімділікті қамтамасыз ету бойынша мәселелер шеңберін қарау үшін құрылған Қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті. Аталған комитет ұйым көрсететін экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсер ету аспектілері бойынша бастамашылық жасау, терең қарау және шешімдер қабылдау үшін жауап береді.

## Өкілеттіктерді беру

GRI 102-19

Корпоративтік басқарудың жоғары органынан экономикалық, экологиялық және әлеуметтік проблемаларды шешу жөніндегі өкілеттіктерді жоғары дәрежелі атқарушы басшыларға және басқа қызметкерлерге беру ҚМГ Жарғысына және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес корпоративтік басқару шеңберінде жүзеге асырылады. Корпоративтік басқаруды бақылау Директорлар кеңесіне жүктеледі, бұл ретте Корпоративтік хатшы Корпоративтік басқару кодексін тиісінше сақтау, корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралардың орта мерзімді жоспарларын әзірлеу және оларды орындау мәселелері бойынша мониторинг жүргізеді және Директорлар кеңесіне, атқарушы органға және басқа органдарға кеңес береді. Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік проблемаларды шешуді табыстауды қамтитын орнықты даму жөніндегі мәселелер жиынтығы корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарларында егжей-тегжейлі нақтыланады.

GRI 102-20

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі мен Басқарма өз құзыреті шеңберінде Орнықты даму саласында тиісті жүйені қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді, бұл ретте барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар барлық деңгейдегі орнықты дамуға үлесін қосады.

ЦЕЛИ В ОБЛАСТИ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

5 ГЕНДЕРНОЕ РАВЕНСТВО

10 УМЕНЬШЕНИЕ НЕРАВЕНСТВА

16 МИР, ПРАВОСУДИЕ И ЭФФЕКТИВНЫЕ ИНСТИТУТЫ

17 ПАРТНЕРСТВО В ИНТЕРЕСАХ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

UN GLOBAL COMPACT
COMMUNICATION ON PROGRESS

**1-қағидат**
Адам құқықтары: Іскерлік топтар халықаралық танылған адам құқықтарын қорғауды қолдауы және құрметтеуі тиіс.

**2-қағидат**
Адам құқықтары: Іскерлік топтар олар адам құқықтарын бұзуға қатысушы еместігіне көз жеткізуі тиіс.

**4-қағидат**
Іскерлік топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жою үшін әрекет етуге тиіс.

**6-қағидат**
Еңбек: Іскерлік топтар еңбек және кәсіптер саласындағы кемсітушіліктерді жоюды қамтамасыз етуі тиіс.

**7-қағидат**
Қоршаған орта: Іскер топтар экологиялық проблемаларды шешу кезінде сақтық көзқарасты ұстануға тиіс.

**8-қағидат**
Қоршаған орта: Іскерлік топтар үлкен экология-лық жауапкершілікті ілгерілетуге арналған бастамаларды көтеруі тиіс.

**10-қағидат**
Іскерлік топтар бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұруға тиіс.

## Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптар үшін жауапкершілік

Атқарушы орган деңгейінде орнықты даму мәселелерін шешу үшін жауапкершілік былайша бөлінген:

- Стратегия жөніндегі басқарушы директор орнықты даму қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ететін орнықты даму саласында басқару жүйесін құру және енгізу үшін, сондай-ақ орнықты дамуды түйінді процестерге интеграциялау, Компанияның даму стратегиясы және шешімдер қабылдау процестері үшін жауап береді;
- Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директор ЕҚ, ӨБ және ҚОҚ саласындағы ҚМГ стратегиясы мен саясатын қалыптастыру және іске асыруды қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ өндірістік қауіпсіздікті, еңбекті, қоршаған ортаны қорғауды және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері үшін жауап береді;
- Адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директор орнықты дамудың еңбек, кадрлық және әлеуметтік процестерін іске асыру және аспектілерін басқару үшін жауап береді;
- Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры қатысу өңірлерінің экономикалық дамуына жәрдемдесу мәселелерін және сатып алудағы жергілікті қамту үлесін қоса алғанда, орнықты дамудың экономикалық құрамдас бөлігі мәселелерінің кешенін шешу үшін жауап береді.

Жоғарыда көрсетілген тұлғалар Басқармаға және / немесе оның Төрағасына есеп береді. Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін жауапты тұлғалардың есеп беруі нормативтік құжаттармен, ішкі бақылау және Компания қызметінің үздіксіздігі рәсімдерімен егжей-тегжейлі реттеледі. Мәселен, даму жоспарларына сәйкес тұрақты негізде мәселелер Басқарманың қарауына шығарылады, ол өз кезегінде Директорлар кеңесіне есеп береді. Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі тиісті функциялар мен іс-шаралардың орындалуын кешенді бақылау ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің өкілеттіктері шеңберінде жүзеге асырылады.

## Мүдделі тараптарға экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптар бойынша кеңес беру

GRI 102-21

Мүдделі тараптар мен Компанияның жоғары корпоративтік басқару органы арасындағы экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша консультациялар әртүрлі тәсілдермен тұрақты негізде жүргізіледі. Сонымен, 2018 жылы орнықты даму мәселелерін қарау Директорлар кеңесінің отырысы шеңберінде 11 рет, сондай-ақ Стратегия және инновациялар жөніндегі комитеттің құзыреттері бойынша консультативтік-кеңесші отырыстарда 5 рет жүзеге асырылды. Ағымдағы және операциялық мәселелерді Басқарма апта сайынғы негізде қарайды. Мұндай отырыстарға қатысу үшін акционерлердің, сыртқы консультанттардың, әріптестердің және басқа да мүдделі тараптардың өкілдерін қоса алғанда, әртүрлі басқару органдары мен деңгейлеріндегі лауазымды және жауапты тұлғалар тартылады.

Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік проблемалар бойынша мүдделі тараптардың кең тізбесіне кеңес беру Компанияның веб-сайты, жұртшылықпен өзара іс-қимыл жөніндегі қызмет (баспасөз қызметі) арқылы, сондай-ақ орнықты даму мәселелері бойынша сыртқы және ішкі мүдделі тараптармен ҚМГ-нің орталық коммуникациялар арнасы болып табылатын Орнықты даму туралы жыл сайынғы есеп шығару арқылы жүргізіледі. Сонымен қатар, ҚМГ-да мүдделі тараптармен және Компаниямен тиісті түрде диалог құруға мүмкіндік беретін түрлі коммуникация тәсілдері бар. Мысалы, инвестициялық

қоғамдастыққа арналған ақпарат http://ir.kmg.kz арнайы порталында егжей-тегжейлі орналастырылады, жұмысқа орналасу мәселелері http://work.kmg.kz порталында орналастырылады, құпия ақпарат беру жүйесі сенім жүйесі арнасының желісі (doverie@kmg.kz) бойынша жүзеге асырылады, сондай-ақ омбудсмен қызметінің мәселелері бойынша (ombudsman@kmg.kz), қоршаған ортаны қорғау (hse@kmg.kz) және орнықты даму (sustainability@kmg.kz) мәселелері бойынша функционалдық өзара іс-қимыл жүзеге асырылады.

## Жоғары басқару органының және оның комитеттерінің құрамы

GRI 102-22, 102-23

Осы Есеп шыққан күнгі Директорлар кеңесінің құрамы мынадай:

1. **Уолтон Кристофер Джон**, Директорлар Кеңесінің төрағасы, Тәуелсіз директор;
2. **Грюал Балжит Каур**, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
3. **Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы**, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
4. **Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы**, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
5. **Уайт Стивен Джеймс**, тәуелсіз директор;
6. **Дайер Филип Джон**, тәуелсіз директор;
7. **Виана Палья Да Сильва Луис Мария**, атқарушы емес мүше;
8. **Эспина Энтони**, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
9. **Айдарбаев Алик Серікұлы**, ҚМГ Басқармасының төрағасы.



**Осы Есеп шыққан күнгі Комитеттер құрамы мынадай:**

| Стратегия және портфельді басқару комитеті | |
|---|---|
| 1. | Уайт Стивен Джеймс, Комитет төрағасы |
| 2. | Уолтон Кристофер Джон |
| 3. | Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы |
| 4. | Грюал Балжит Каур |
| 5. | Дайер Филип Джон |
| 6. | Виана Палья Да Сильва Луис Мария |
| 7. | Эспина Энтони |

| Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет | |
|---|---|
| 1 | Виана Палья Да Сильва Луис Мария, Комитет төрағасы |
| 2. | Дайер Филип Джон |
| 3. | Уолтон Кристофер Джон |
| 4. | Уайт Стивен Джеймс |
| 5. | Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы |
| 6. | Эспина Энтони |

| Қаржы комитеті | |
|---|---|
| 1. | Уолтон Кристофер Джон, Комитет төрағасы |
| 2. | Уайт Стивен Джеймс |
| 3. | Грюал Балжит Каур |
| 4. | Дайер Филип Джон |
| 5. | Виана Палья Да Сильва Луис Мария |
| 6. | Эспина Энтони |

| Аудит жөніндегі комитет | |
|---|---|
| 1. | Дайер Филип Джон, Комитет төрағасы |
| 2. | Уайт Стивен Джеймс |
| 3. | Виана Палья Да Сильва Луис Мария |

| Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті | |
|---|---|
| 1. | Дэйер Филип Джон, Комитет төрағасы |
| 2. | Уолтон Кристофер Джон |
| 3. | Уайт Стивен Джеймс |
| 4. | Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы |
| 5. | Виана Палья Да Сильва Луис Мария |

Директорлар кеңесі төрт тәуелсіз директордан, ҚМГ акционері мүдделерінің төрт өкілінен және Басқарма төрағасынан тұрады. Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды, бұл ретте Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады. ҚМГ ДК құрамында бір әйел бар – Грюал Балжит Каур, Директорлар кеңесінің тоғыз мүшесінің үшеуі – Қазақстан Республикасының азаматтары. Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамына 30-дан 50 жасқа дейінгі жас тобында екі адам және 50 жастан асқан жеті адам кіреді. Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінде барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасын және орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, және ҚМГ мүддесінде тәуелсіз, дәйекті және тиімді шешімдер қабылдануын қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімін сақтау қамтамасыз етіледі.

# Директорлар кеңесін тағайындау және іріктеу

GRI 102-24

## Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі Жарғымен және өзге де нормативтік құжаттармен айқындалады, оны Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің төрағасымен және Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасымен бірлесіп жүзеге асырады, сондай-ақ ол кандидатураларды іздестіру мен жалдауды жүзеге асыру кезінде ашықтық, әділдік және кәсіпқойлық қағидаттарына негізделеді. Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің және өзге де тұлғалардың өкілдері ретінде сайлауға

ұсынылғандар арасынан сайланады. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың өз функцияларын орындау үшін және ұзақ мерзімді құнның өсуін және орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін қажетті білімі, дағдылары мен тәжірибесі болуы, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделі болуы тиіс. Директорлар кеңесінің төрағасы Акционерлердің жалпы жиналысында сайланады. Тәуелсіз директорларды іріктеу «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін компаниялардың тәуелсіз директорларын іріктеудің бекітілген қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

## Мүдделер қақтығысы

GRI 102-25

### Мүдделер қақтығысын болдырмау рәсімдері

Мүдделер қақтығысына жол бермеу орнықты дамудың негіз қалаушы қағидаттарының бірі болып табылады және Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген.

Компанияда сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын реттеу саясаты бекітілді, ол ҚМГ-де нақты және ықтимал мүдделер қақтығысын басқарудың бірыңғай жүйесін құру, сондай-ақ қызметкерлердің және/немесе лауазымды тұлғалардың мінез-құлқына қойылатын талаптарды айқындау мақсатында әзірленді, оларды сақтау лауазымдық міндеттерді (немесе қандай да бір корпоративтік сайланбалы органдар, комитеттер, комиссиялар және т.б. түрлері шеңберіндегі міндеттерді) адал, әрі риясыз орындауға және шешімдерді әділ қабылдауға мүмкіндік береді.

Әрбір қызметкер және/немесе лауазымды тұлға өзінің лауазымдық міндеттерін орындай отырып, ҚМГ мүдделерін өзінің жеке мүдделерінен жоғары қоюға міндетті.

### Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу

Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда қызметкер және/немесе лауазымды тұлға мүдделердің нақты немесе ықтимал қақтығысы туралы ақпаратты дереу және толық көлемде ашуға (декларациялауға), сондай-ақ оны реттеуге белсенді жәрдемдесуге міндетті.

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашудың мүмкін көзі ретінде үшінші тараптар да болуы мүмкін («whistle blowers» деп аталатындар – яғни бұзушылықтар немесе теріс пайдалану туралы хабарлаған қызметкерлер).

Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашуды ҚМГ қызметкері және/немесе лауазымды адамы тек жазбаша түрде және барынша түсінікті нысанда жүзеге асыруы тиіс.

Бұл ретте ҚМГ мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу процесінің және оны реттеу процесінің құпиялылығын сақтауға (қызметкердің және/немесе лауазымды тұлғаның қалауы бойынша), қызметкерлерді және/немесе лауазымды тұлғаны ол уақытылы ашқан және реттеген мүдделер қақтығысымен байланысты қудалаудан қорғауға міндеттенеді.

# Мақсаттарды, құндылықтарды, миссияларды және стратегияларды айқындаудағы басқару органының рөлі

GRI 102-26

Қызметтің басым бағыттарын айқындауды, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік ықпал етуге қатысты мақсаттарды, құндылықтарды, миссияны, сондай-ақ саясат пен міндеттерді қамтитын даму стратегиясын бекітуді және іске асыру мониторингін атқарушы орган әзірлеген ұсыныстар негізінде акционерлермен келісім бойынша Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Осылайша, 2018 жылы Директорлар кеңесі Компанияның алдағы он жылға арналған үш стратегиялық мақсатының бірі ретінде корпоративтік басқару мен орнықты дамуды айқындайтын ҚМГ 2018–2028 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясын бекітті. «Корпоративтік басқару және орнықты даму» стратегиялық мақсатын іске асырудың нәтижесі – корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің, еңбекті, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғаудың жақсартылған көрсеткіштеріне қол жеткізуді, қатысу өңірлеріндегі экономикалық әсерді жақсартуды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды, мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас сапасын жақсартуды, корпоративтік басқару рейтингін және жалпы корпоративтік әдеп мәдениетін арттыруды қамтамасыз ететін басқару жүйесін құру болуға тиіс.

# Директорлар кеңесінің құзыреттілігі және қызметін бағалау

## Директорлар кеңесі мүшелерінің ұжымдық білімі

GRI 102-27

Директорлар кеңесінің мүшелері өз дағдылары мен кәсібилігін, соның ішінде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді басқару бөлігінде ұдайы арттыруға ұмтылады. Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет тұрақты негізде Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен білімдерінің ағымдағы теңгерімін қарайды және оқыту жоспарын әзірлейді.

Компанияда жыл сайынғы негізде саланың сыртқы консультанттары мен сарапшыларын тарта отырып, ҚМГ Директорлар кеңесі, Басқарма мүшелерінің, ҚМГ еншілес ұйымдарының бірінші басшыларының қатысуымен қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне арналған Бас директорлардың форумы өткізіледі. Мерзімдік негізде өндірістік қызметті жүзеге асыру орындарында Директорлар кеңесінің көшпелі сессиялары өткізіледі. Сондай-ақ тұрақты негізді іске асырылатын корпоративтік басқару компоненттері бөлінісіндегі басқа семинарлар мен сессиялармен қатар, 2018 жылдан бастап ҚМГ басшылығы мен қызметкерлерін орнықты даму, әдеп және комплаенс бойынша оқыту бойынша жеке жоспарлар әзірленуде. Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен білімін арттыру туралы ақпарат Компанияның http://www.kmg.kz/rus/kompaniya/korporativnoe_upravlenie/treningi_chlenov_soveta_direkt/ веб-сайтында орналастырылады.

## Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

GRI 102-28

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі өз қызметін, Комитеттерін, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерін жыл сайын бағалауды жүзеге асырады. Бұл ретте әрбір үш жыл сайын бағалауды тәуелсіз консультант жүзеге асырады. 2018 жылы Кодекстің талаптарына сәйкес ҚМГ-да «ПрайсуотерхаусКуперс» тәуелсіз консультанты корпоративтік басқарудың аралық диагностикасын жүргізді, ол Директорлар кеңесі мен атқарушы органның қызмет тиімділігін бағалауды қамтиды. Диагностика нәтижелерін Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің және тікелей Директорлар кеңесінің отырыстарында ҚМГ акционері белгіленген тәртіппен қарады. Қосымша, диагностика қорытындысы бойынша тәуелсіз консультант ҚМГ Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2018–2020 жылдарға арналған жоспарын әзірледі, онда ҚМГ басқару органдарының тиімділігін арттыру бойынша нақты әрі айқын қадамдар көрсетілген. Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізу тәртібі Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесі төрағасының, мүшелерінің және ҚМГ Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ережелермен регламенттеледі.

Корпоративтік басқару диагностикасы және ілеспе жоспар мынадай компоненттерді қамтиды:

1. Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі;
2. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит;
3. Орнықты даму;
4. Акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ көзқарас;
5. Ашықтық.

## Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлерді басқару

GRI 102-29

ҚМГ Директорлар кеңесі экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлерді, тәуекелдерді және ілеспе перспективаларды басқаруда маңызды рөл атқарады. Компания тұрақты түрде тоқсан сайынғы негізде және жыл қорытындысы бойынша экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді қамтитын тәуекелдерді басқару жөніндегі бекітілген әдіснамаға сәйкес тәуекелдерді бағалауды жүргізеді. Анықталған тәуекелдер негізінде оларды болдырмау, мониторинг және жою жөніндегі тиісті іс-шаралар жоспарлары әзірленеді және жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Директорлар кеңесінің құзыретіне тәуекелдерді басқару жөніндегі корпоративтік саясатты айқындау, тәуекелдер тізілімі мен картасын, сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, жалпы тәуекел-тәбетін, әрбір негізгі тәуекелге қатысты төзімділік деңгейлерін бекіту, ҚМГ қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету саласындағы тәуекелдер мен құжаттар бойынша есепті бекіту жөніндегі функциялар жатқызылған.

Атап айтқанда, 2018 жылы корпоративтік басқару диагностикасының қорытындысы бойынша тәуелсіз консультанттар кейіннен корпоративтік басқару рейтингін «B» мәнінен «BB» мәніне дейін арттырған бірқатар жүйелі жақсартулар жасалғанын анықтады. Атап айтқанда, Компания тәуекел-тәбетті айқындаудың кешенді жүйесін әзірлеуге, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын сыни бағалауға, Тәуекелдер жөніндегі атқарушы орган комитетінің отырыстарында тәуекелдерді талқылауға және басқа да бірқатар іс-шараларға қатысты негізгі ұсыныстарды іске асырды.

# Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқарудағы рөлі

## Тәуекелдерді басқару процесінің тиімділігі

GRI 102-30

ҚМГ Директорлар кеңесі жыл сайынғы негізде Тәуекелдер тіркелімін, Тәуекелдер картасын, Компанияның Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді. Компанияның 2018 жылға арналған Тәуекелдер тіркеліміне және картасына сәйкес 34 тәуекел анықталды және бағаланды. Әрбір тәуекел бойынша оларды басқару бойынша іс-шаралар әзірленді, тәуекел иелері айқындалды. Негізгі тәуекелдердің динамикасына және оларды төмендету жөніндегі іс-шаралардың орындалуына тұрақты мониторинг, сондай-ақ тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептілікті жіберу жолымен ҚМГ Басқармасы мен Директорлар кеңесін хабардар ету жүргізіледі. 2019 жылы біз Тәуекелдер тіркелімін жаңартуды және оны климаттың өзгеруіне және су ресурстарының тапшылығына байланысты тәуекелдермен толықтыруды жоспарлап отырмыз. Біз ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді басқару тәсілін өзгерттік, енді ҚМГ бизнес-бағыттарының барлық көшбасшылары – осы тәуекелдердің иелері болмақ.

## Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелерді қарау

GRI 102-31

2018 жылға дейін экономикалық және әлеуметтік әсерлерді (еңбекті қорғау мәселелерінен басқа), сондай-ақ осыған байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді қарау мерзімділігі Директорлар кеңесінің жылдық жұмыс жоспары негізінде қалыптасты. Алайда, 2018 жылдан бастап мұндай мәселелер Компанияның ағымдағы қызметі шеңберінде жүйелі түрде қаралады.

Қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау – біздің орнықты даму саласындағы ең маңызды аспектіміз, бұл ҚМГ ЕҚ, ӨБ және ҚОҚ стратегиясы мен саясатының негізгі басымдықтарының бірі. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері ай сайын ҚМГ Басқарма және ДК отырыстарында тыңдалады, бұл басшылар мен мамандардың жауапкершілігін арттырады. Еншілес ұйымдардың бас директорларының ҚМГ ДК алдында өндірістегі әрбір өлім жағдайы үшін жеке есеп беру практикасы енгізілді.

2018 жылғы желтоқсанда Директорлар кеңесі жанынан Қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі дербес комитет құрылды. Бұған дейін бұл функцияны Стратегия және инновация жөніндегі комитет орындады.

Бұдан әрі, Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, 2018 жылдың желтоқсанында Директорлар кеңесі жанынан Қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті құрылды, ол Директорлар кеңесіне мынадай мәселелер бойынша жәрдемдесу мақсатында құрылды:

- Қауіпсіздікті, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету.
- ҚМГ-нің стратегиялық жоспарлауына және әлеуметтік-экономикалық дамуына орнықты даму қағидаттарын енгізу.
- Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарттар шеңберінде ҚМГ әлеуметтік міндеттемелері мен бағдарламалары.
- ҚМГ қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету.
- ҚМГ экологиялық тиімділігін қамтамасыз ету.

2019 жылдан бастап осы Комитеттің отырыстары тоқсан сайынғы негізде жоспарланған, Комитеттің құрамы үш тәуелсіз директордан тұрады. Осылайша, Директорлар кеңесі жылына төрт рет кеңейтілген талқылау өткізіп, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлерді, сондай-ақ осыған байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді талдайды.

*GRI көрсеткіштері туралы толығырақ ақпарат 102-15, 102-30, 102-31, 102-33, 102-34, 102-35, 102-36, 102-37, 102-38, 102-39 (тәуекелдерді басқару, ДК қызметі, ДК сыйақысы) Жылдық есепте көрсетілген http://ir.kmg.kz/storage/files/73a83eec02484047/AR_KMG_2018_RU.pdf.*



Директорлар кеңесінің сырттай отырысы

# ОРНЫҚТЫ ДАМУ – БІЗДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТЫМЫЗ

GRI 102-16

2018 жылы Директорлар кеңесі Компанияның алдағы он жылға арналған үш стратегиялық мақсаттарының бірі ретінде Корпоративтік басқару мен орнықты дамуды айқындайтын ҚМГ 2028 жылға дейінгі жаңа Даму стратегиясын (бұдан әрі – Стратегия) бекітті. «Корпоративтік басқару және орнықты даму» стратегиялық мақсатын іске асырудың нәтижесі – корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің, еңбекті, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғаудың жақсартылған көрсеткіштеріне қол жеткізуді, қатысу өңірлеріндегі экономикалық әсерді жақсартуды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды, мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас сапасын жақсартуды, корпоративтік басқару рейтингін және жалпы корпоративтік әдеп мәдениетін арттыруды қамтамасыз ететін басқару жүйесін құру болуға тиіс.

Стратегияны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында компанияның және оның бизнес-бірліктерінің орнықты даму компоненттерін енгізумен байланысты көрсеткіштерді корпоративтік негізгі қызмет көрсеткіштеріне (ҚНК) енгізу көзделген. Келесі жылы орнықты даму бойынша ҚТК-ні стратегиялық және орта мерзімді жоспарлау жүйесіне және Компанияның ҚНК діңіне интеграциялау жоспарлануда.

Орнықты даму жүйесін іске асыру және енгізу үшін 2019 жылы ҚМГ компаниялар тобы үшін Орнықты дамуды басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулық әзірленетін болады.

2019 жылға арналған ҚТК-ні жоспарлау кезінде орнықты даму бойынша ҚТК былайша көрсетілген:

| Орнықты даму көрсеткіштері | ҚТК |
|---|---|
| Экономикалық көрсеткіштер | Қаржы-экономикалық ҚТК Басқарма төрағасы орынбасарларының карталарына енгізілген. |
| Экологиялық жауапкершілік | ЕҚОҚ жөніндегі басқарушы директорға және ЕҚОҚ жөніндегі қоса басқарушы директорға, сондай-ақ «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорына тарихи мұнай қалдықтарын толық кәдеге жаратуға қол жеткізу бойынша тиісті ҚТК көзделген. |
| Әлеуметтік жауапкершілік | Әлеуметтік жауапкершілік бойынша тиісті ҚТК адами ресурстардың басқару жөніндегі басқарушы директордың ҚТК картасына енгізілген.<br>2019 жылы ҚТК ретінде мердігерлік ұйымдардың (МҰ) қауіпсіздікті басқару көрсеткіші және МҰ есептілігінің ашықтығы жоспарлануда. Мердігерлер біздің жұмыс қызметкерлеріміздің 50 %-нан астамын құрайды және олардың қауіпсіздігін арттыру соңында ҚМГ жалпы өнімділігіне әсер етеді. |

Компания 2018 жылы корпоративтік басқару жүйесін бағалаудың тәуелсіз диагностикасын өткізді. «Орнықты даму» компонентін бағалау орнықты даму жөніндегі мақсаттар мен ҚТК, корпоративтік іскерлік әдеп, құпия ақпарат беру жүйесі, заңсыз алынған кірістерді заңдастыруға қарсы әрекет ету процесі, өнім берушілер мен шарттар иелерінің тартылуы, әлеуметтік бағдарламалар, экологиялық мақсаттар, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы мақсаттар, орнықты даму жүйесі және есептілік сияқты бағыттарды қамтиды.

Корпоративтік басқару жүйесін жалпы бағалауда «Орнықты даму» компоненті 20 % құрайды, ол бес компоненттен тұрады.

Орнықты даму бағыты бойынша қызмет тиімділігінің негізгі көрсеткіші мынадай негізгі өлшемдерге қол жеткізу болып табылады:

1. Компания Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуін қамтитын ұзақ мерзімді орнықты дамуға арналған өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының үйлесімділігін қамтамасыз етеді.
2. Компанияда орнықты даму қағидаттарын дәйекті және үздіксіз ұстануға мүмкіндік беретін жүйе енгізілген.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттар бойынша 2018 жылы B рейтингіне (орташа деңгей) қол жеткізілді.

# МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

GRI **102-40, 102-42, 102-43**

ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден, оларды тасымалдау мен өңдеуден бастап, Қазақстан ішінде де, шетелде де мұнай мен мұнай өнімдерін сатуға дейін толық өндірістік циклді жүзеге асырады және мұнай-газ секторындағы мемлекеттің мүддесін білдіреді. Қызметтің құрылымы мен түрлерінің күрделілігіне байланысты ҚМГ мүдделі тараптардың кең ауқымымен өзара іс-қимыл жасайды.




## Мүдделі тараптарды айқындау

ҚМГ мүдделі тараптармен диалогты және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты жолға қою және қарым-қатынасты басқару бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдайды.

ҚМГ-да Мүдделі тараптардың картасы бекітілді, ол тәуелділік (тікелей немесе жанама), міндеттемелер, жағдай (жоғары тәуекел аймақтарына ерекше назар аудара отырып), әсер, әртүрлі (әр алуан) перспективалар ескеріле отырып, тәуекелдер мен ранжирлеу есепке алына отырып жасалды. Қойылған міндеттерді тиімді іске асыру үшін мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарлары жасалады.

ҚМГ мүдделі тараптарды айқындау және олармен өзара іс-қимыл кезінде АА1000SES Stakeholder Engagement Standard сияқты халықаралық стандарттарды қоса алғанда, мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың ең үздік практикасын қолданады.

**Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл әдістері мыналарды қамтиды:**

| Өзара іс-қимыл деңгейі | Өзара іс-қимыл әдістері |
|---|---|
| **Консультациялар:** Екі жақты өзара іс-қимыл; мүдделі тараптар Қор мен ұйымдардың сұрақтарына жауап береді | Сауалнамалар; фокус-топтар; мүдделі тараптармен кездесулер; ашық кездесулер; семинарлар; коммуникация құралдары арқылы кері байланыс ұсыну; консультациялық кеңестер |

| Өзара іс-қимыл деңгейі | Өзара іс-қимыл әдістері |
|---|---|
| **Келіссөздер** | Әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізіндегі ұжымдық келіссөздер |
| **Тартылу**<br>Екі жақты немесе көп жақты өзара іс-қимыл; барлық жақтан тәжірибе мен білімді арттыру, мүдделі тараптар мен ұйымдар тәуелсіз әрекет етеді | Көпжақты форумдар;<br>консультациялық панельдер;<br>консенсусқа жету процесі;<br>бірлескен шешімдер қабылдау процесі;<br>фокус-топтар;<br>кері байланыс ұсыну схемалары |
| **Ынтымақтастық**<br>Екі жақты немесе көп жақты өзара іс-қимыл; тәжірибе мен білімді бірлесіп өсіру, шешімдер мен шараларды бірлесіп қабылдау | Бірлескен жобалар;<br>бірлескен кәсіпорындар;<br>әріптестік;<br>мүдделі тараптардың бірлескен бастамалары |
| **Өкілеттіктер беру**<br>Мүдделі тараптар басқаруға қатысады | Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл мәселелерін басқаруға, стратегияға және операциялық қызметке интеграциялау |

# ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

GRI 102-43

## Инвестициялық қоғамдастық (IR / Investor relations)

Мүдделі тараптардың жіктелуі:

- Облигация ұстаушылары;
- Инвестициялық банктер;
- Рейтингтік агенттіктер;
- ҚМГ әлеуетті инвесторлары;
- «Қазақстан қор биржасы» АҚ
- ҚР Ұлттық Банкінің қаржылық есептілік депозитарийі
- Нарықтың басқа кәсіби қатысушылары.

ҚМГ қызметі туралы ақпаратты ашу ҚМГ бағалы қағаздары айналыста болатын қор биржаларының қолданылатын талаптарына және ҚР заңнамасының ақпаратты ашу бөлігіндегі талаптарына сәйкес жүргізіледі.

ҚМГ инвесторларының тізбесі кездесулер, конференциялар, роуд-шоу өткізілгеннен кейін тұрақты негізде толықтырылады. Тізбе инвестициялық банктерден және ҚМГ облигацияларын ұстаушы компаниялардан, сондай-ақ ҚМГ қызметіне қызығушылық танытқан нарықтың кәсіби қатысушыларынан тұрады. Ішкі құрылымдық бөлімшелерге келетін болсақ, IR мәселесінің ерекшелігіне байланысты команда қаржылық және өндірістік блоктармен (мұнай мен газды өндіру, тасымалдау, өңдеу), сондай-ақ қажет болған жағдайда тікелей ЕТҰ-мен өзара іс-қимыл жасайды.

Инвестициялық қоғамдастықпен коммуникацияларды қолдау мынадай IR-іс-шараларды өткізу жолымен қамтамасыз етіледі:

- Өткен тоқсандағы Компания қызметінің нәтижелері бойынша инвесторлармен тоқсан сайынғы конференц-қоңыраулар;
- Роуд-шоу, инвесторлармен кездесулер;
- Мүдделі инвесторлардан, инвестициялық банктерден / компаниялардан, қаржылық талдаушылардан электрондық пошта (ir@kmg.kz) немесе телефон арқылы ҚМГ қызметі туралы сауалдарға жауаптар;
- ҚМГ қаржылық және өндірістік нәтижелері бойынша мерзімді IR-материалдарды

жариялау – баспасөз хабарламалары, инвесторларға арналған презентация, ҚМГ туралы брошюралар, ҚМГ туралы фактілер (KMG factsheet), Жылдық есеп.

- ҚМГ сайтының «Инвесторларға» деген бөлімін жүргізу http://www.ir.kmg.kz

## Инвесторлармен өзара іс-қимыл

| Кезең | Іс-шара | Орны |
|---|---|---|
| Қаңтар, 2018 | Инвесторлармен Роуд-шоу (non-deal road-show) | Франкфурт, Лондон, Бостон, Нью-Йорк |
| Ақпан, 2018 | Конференция шеңберінде инвесторлармен кездесулер | Майами |
| Наурыз, 2018 | 2017 жылғы қаржылық және операциялық нәтижелер қорытындылары бойынша инвесторлармен конференц-қоңырау | Нұр-Сұлтан |
| Маусым, 2018 | 2018 жылдың I тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелері бойынша инвесторлармен конференц-қоңырау | Нұр-Сұлтан |
| Қыркүйек, 2018 | Конференция шеңберінде инвесторлармен кездесулер | Лондон |
| Қыркүйек, 2018 | 2018 жылдың II тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелері бойынша инвесторлармен конференц-қоңырау | Нұр-Сұлтан |
| Қазан, 2018 | Инвесторлармен Роуд-шоу (non-deal road-show) | Франкфурт, Лондон, Нью-Йорк |
| Желтоқсан, 2018 | 2018 жылдың III тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелер қорытындылары бойынша инвесторлармен конференц-қоңырау | Нұр-Сұлтан |

## Қоғамдық қарым-қатынас (PR / Public Relations):

Мүдделі тараптардың жіктелуі:

- Қазақстандық республикалық және өңірлік БАҚ;
- Шетелдік БАҚ;
- Жергілікті және өңірлік қоғамдастықтар;
- Директорлар кеңесі;
- Мемлекеттік органдар;
- Кең жұртшылық.

Жариялылық пен ашықтық қағидаттарын сақтау шеңберінде Компания барлық республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасайды, соның ішінде ақпаратты Компанияның ресми сайтында барлық мүдделі тараптарға қол жеткізу үшін орналастырады, ақпараттық хабарламаларды таратуды жүзеге асырады, БАҚ сауалдарына жауап береді, барлық ниет білдірген БАҚ-ты шақыра отырып, баспасөз конференцияларын ұйымдастырады және т.б.

БАҚ-пен және жұртшылықпен коммуникацияларды қолдау мынадай PR-іс-шаралар өткізу арқылы қамтамасыз етіледі:

- Баспасөз хабарларын, ақпараттық хабарламаларды, мақалаларды Компания сайтында және БАҚ-та жариялау;
- БАҚ сауалдарына жауап беру;
- БАҚ шақыра отырып, форумдар, өндірістік кеңестер, ақпараттық сессиялар және т. б. өткізу;
- Компания басшылығымен брифингтер мен сұхбаттарды ұйымдастыру.

Өзара іс-қимыл жиілігі Компанияда болып жатқан маңызды оқиғаларға, жоспарланған PR-іс-шараларға, сұраулардың түсіне байланысты.

Компания сыртқы аудиториялармен диалогты дамытуға және мүдделі тараптарды ҚМГ қызметіндегі маңызды оқиғалар жөнінде хабардар етуге, ҚМГ брендінің беделін

қалыптастыруға және ілгерілетуге бағытталған сыртқы коммуникациялар жүйесін жетілдіреді.

Ақпаратты ашуға және сыртқы аудиториялармен кері байланысқа арналған Компанияның негізгі құралы – ресми сайт: http://www.kmg.kz. Жұртшылықпен байланыс департаменті БАҚ өкілдерінің сұраулары бойынша корпоративтік жобалар туралы толық және егжей-тегжейлі ақпаратты, жалпы салалық ақпараттық күн тәртібіндегі маңызды тақырыптарға түсініктемелерді жедел ұсынады.

ҚМГ Компанияның топ-менеджментінің және жетекші БАҚ-тың қатысуымен баспасөз конференциялары мен брифингтер өткізеді, журналистер үшін өндірістік объектілерге баспасөз турларын ұйымдастырады.

ҚМГ ақпараттық саясатының негізгі қағидаттары:

- ақпарат берудің жүйелілігі, реттілігі және жеделдігі;
- оған барлық мүдделі тұлғалардың тең, кедергісіз және оңай қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- ашылатын деректердің дәйектілігі, шынайылығы, толықтығы және салыстырымдығы;
- ақпараттың бейтараптылығы, яғни бір аудиторияның мүдделерін басқа аудиторияның алдында артықшылықпен қанағаттандыру мүмкіндігін болдырмау;
- Компанияның ашықтығы мен оның коммерциялық мүдделерін ескере отырып, ақылға қонымды теңгерімді сақтау.

БАҚ-пен өзара іс-қимыл «ҚМГ ақпаратын ашу қағидаларына» сәйкес реттеледі.

## Мемлекеттік органдар (GR / Government Relations):

Мүдделі тараптардың жіктелуі:

- ҚР Мемлекеттік органдары;
- Халықаралық ұйымдар / Әріптестер;
- Шетелдік елшіліктер, ведомстволар;
- ҚМГ ЕТҰ бейінді құрылымдық бөлімшелері және «Самұрық-Қазына» АҚ.

GR-бағыт ҚМГ мен ЕТҰ жалпы қызметі мәселелері бойынша жиынтық ақпаратты орталықтандырылған жинау мен дайындауды жүзеге асыратын ҚМГ жалғыз құрылымдық бөлімшесі болып табылады. GR-департамент мазмұнды жауап-хат жіберу арқылы ҚР Президенті Әкімшілігінің, ҚР Үкіметінің, ҚР Парламентінің, «Самұрық-Қазына» АҚ және ҚР мемлекеттік органдарының тапсырмалары/сұраныстарының орындалуын қамтамасыз етеді. GR-қызметте мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау үшін мүдделі тараптарды іріктеудің қандай да бір қағидаттары жоқ.

Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл мынадай жолмен жүзеге асырылады:

- мемлекеттік органдардың сұрауына мазмұнды жауап-хат жіберу;
- ҚМГ құрылымдық бөлімшелеріне бастамашылық мәселелер (ҚМГ тобының қызметіне қатысты, рұқсат беру, реттеу және лицензиялық құжаттаманы беру мәселелері бойынша, бірлескен жұмыс топтарына қатысу бойынша ұсыныстар) бойынша жәрдем көрсету;
- ҚР Президенті Әкімшілігіне, ҚР Парламентіне, ҚР Үкіметіне, «Самұрық-Қазына» АҚ және басқа да мемлекеттік органдарға ұсыну үшін ҚМГ жалпы қызметінің мәселелері бойынша ақпаратты дайындау және жинақтау;
- ҚР Премьер-Министрінің төрағалығымен ҚР Президенті жанындағы Мұнай-газ кеңесінің, Мұнай-газ және энергетика салаларын дамыту жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырыстарына ақпараттық-анықтамалық материалдар дайындау;
- ҚМГ басшылығы мен өкілдерінің мыналарға қатысуын үйлестіру:
  - — мемлекеттік маңызы бар іс-шараларға, Мемлекет Басшысының шетелге ресми сапарларына;
  - — мемлекетаралық сипаттағы іс-шараларға, Үкіметаралық комиссиялар мен шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі комитеттердің жұмысына, ел ішіндегі және шетелдегі ірі халықаралық іс-шараларға (конференциялар, форумдар).

Халықаралық ұйымдармен/әріптестермен, шетелдік елшіліктермен және ведомстволармен өзара іс-қимыл мынадай шаралар арқылы жүзеге асырылады:

- ҚМГ Басқарма төрағасының шетел мемлекеттерінің, халықаралық ұйымдардың және шетелдік компаниялардың өкілдерімен кездесулері мен келіссөздерін хаттамалық-ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз ету.
- ҚМГ ЕТҰ бейінді құрылымдық бөлімшелері және «Самұрық-Қазына» АҚ.

Өзара әрекеттесу жиілігі қойылған сұрақтарға, GR-іс-шаралар мен GR-міндеттерге байланысты. Өзара іс-қимыл шұғыл түрдегі қоңыраулар, «Электрондық құжат айналымы жүйесі (ЭҚЖ)», электрондық пошта арқылы жүргізіледі.

# ЕСЕПТІҢ ЕЛЕУЛІ ТАҚЫРЫПТАРЫН АЙҚЫНДАУ

GRI 102-46, 102-47

Есепте маңызды тақырыптарды бағалау және ашу үшін сыртқы және ішкі стейкхолдерлердің деректері талданды. Өткізілген процедуралардың нәтижелері бойынша 152 әлеуетті тақырыптан тұратын мәнділік матрицасы жасалды.

Бұл матрица төменде ұсынылғандай, маңыздылық деңгейі бойынша 4 шартты аймаққа (квадрантқа) бөлінген.



GRI 102-47

Әлеуетті тақырыптардың жалпы тізімінің ең маңызды тақырыптарын таңдау үшін тақырыптарға басымдық беруге және ранжирлеуге бағытталған белгілі бір рәсімдер жасалды. Басқаша айтқанда, «сүзгілер» деп аталатын рәсім қолданылды.

Ішкі «сүзгілерге» мыналар жатады:

- Воркшоп немесе ҚМГ қызметкерлеріне арналған семинар;
- ҚМГ басшылығына онлайн сұрау салу.

Сыртқы «сүзгілер»:

- Сыртқы мүдделі тараптарға онлайн сұрау салу;
- Медиаөрісті (БАҚ) талдау;
- Ұқсас компаниялардың есептеріне шолу;
- «Мегатрендтер» деп аталатын жаһандық трендтерді талдау.

Әрбір «сүзгі» үшін белгілі бір түзету коэффициенті (таразылар) қолданылды және тек осыдан кейін ғана мәндер матрицаны құру үшін қолданылды. Суретте әрбір дереккөз салмағының бөлінуі көрсетілген.

**Маңызды тақырыптарды бағалау құрылымындағы салмақтарды бөлу**




Мәнділік матрицасын құру үшін матрицаның көлденең және тік осьтеріндегі ішкі және сыртқы сүзгілердің нәтижелері пайдаланылды.

Кейбір тақырыптар үшін мәндер «қолдан» көтеріліп, оларға жоғары 7 балл берілген. Матрицада қолданылатын бағалау шкалі 1-ден 7 балға дейінгі диапазонды құрайды. Сәйкесінше, әрбір сүзгілер үшін материалдық мәнін айқындау кезінде 1-ден 7-ге дейінгі ұқсас диапазон қолданылды.

Мүдделі тараптарға арналған онлайн сауалнама ҚМГ басшылығына арналған сауалнамаға ұқсас дайындалды.

Бұдан әрі 152 тақырыптан тұратын мәнділік матрицасы берілген.

GRI 102-47

## 2018 жылғы Есепте ашылуына тиіс ҚМГ мәнділік матрицасы




**4-ші квадрант**



GRI 102-47

## Елеулі тақырыптар тізімі

| | |
|---|---|
| | **Экономикалық тақырыптар** |
| 4 | Өндірісті жаңғыртуға арналған инвестициялар |
| 7 | Негізгі қаржылық көрсеткіштер |
| 11 | Компанияның сатып алуға және өнім берушілермен жұмыс жасауға қолданатын тәсілдемелері |
| 12 | Компанияның өз өнімдері үшін жауапкершілікті қамтамасыз ету тәсілдері: сапа және талаптарға сәйкестік |
| 17 | Стратегияның негізгі мақсаттары мен бағыттары |
| 20 | Өндірілетін өнім түрлері бойынша өндірістік нәтижелер |
| | **Экология** |
| 25 | Суды пайдалану |
| 31 | Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары |
| 32 | Ілеспе мұнай газын жалындатып жағуды қысқарту жөніндегі іс-шаралар |
| 39 | Қатысу аймақтарындағы қорғалатын табиғи аумақтар туралы ақпарат |
| 41 | Биоалуантүрлілікке әсері |
| 53 | Қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарға сәйкестік |
| 54 | Қалдықтардың түрлері мен пайда болу көлемі |
| 58 | Энергияны тұтыну |
| 47 | Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер және оған бейімделу |
| 49 | Экология/климаттың өзгеруі жөніндегі халықаралық / жергілікті бастамаларға қатысу |
| 61 | Энергия тиімділігін арттыру және энергия сыйымдылығын төмендету жөніндегі шаралар |
| | **Персонал, қоғам, корпоративтік басқару** |
| 65 | Өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар |
| 73 | Жарақаттану деңгейі |
| 76 | Көлік қауіпсіздігі |
| 83 | Жалақы және әлеуметтік пакет |
| 84 | Персоналдың денсаулығы және қауіпсіздігі |
| 88 | Персоналды оқыту және даярлау |
| 86 | Ұжымдық шарт |
| 91 | Қызметкерлерді тарту/жалдау |
| 94 | Персоналды уәждеу жүйесі |
| 99 | Қатысу өңірлерінің инфрақұрылымына инвестициялар |
| 109 | Тауарлардағы жергілікті қамту |
| 115 | Демеушілік және қайырымдылық |
| 117 | Қатысу аймақтарындағы жергілікті персоналды жұмысқа орналастыру |
| 119 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл |
| 122 | Іскерлік әдеп / Корпоративтік басқару |
| 136 | Компанияның Даму стратегиясының болуы, оның қолжетімділігі |

# ӘДЕП ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ

GRI 102-16

## Құндылықтар, қағидаттар, стандарттар және мінез-құлық нормалары

2018 жылы біз жаңа Іскерлік әдеп кодексін (бұдан әрі – Кодекс) бекіттік, ол ҚМГ корпоративтік құндылықтарын бекітеді, іскерлік мінез-құлықтың және мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас жүргізудің аса маңызды қағидаттары мен қағидаларын айқындайды және Компанияның барлық қызметкерлері басшылыққа алатын корпоративтік әдеп талаптарының жиынтығын білдіреді.

Кодекс – ҚМГ корпоративтік басқару жүйесінің маңызды бөлігі, ол Компанияның ұзақ мерзімді перспективада экономикалық өсуіне ықпал етеді.

Кодекстің ережелері ҚМГ қызметкерлеріне атқаратын лауазымына қарамастан қолданылады. ҚМГ қызметкерлері Кодекстің қағидаттары мен ұсынымдарымен танысуға және оларды сақтауға міндетті.

GRI 102-16

Күнделікті жұмысымызда біз мынадай корпоративтік құндылықтар мен қағидаттарды басшылыққа аламыз:

**«SAQTYQ» / Қауіпсіздік**

1. біздің қызметкерлердің өмірі мен денсаулығы – ҚМГ үшін сөзсіз басымды;
2. біз еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерінде ымырасыздық танытамыз;
3. біз қоршаған ортаға ұқыптылықпен қараймыз және ҚМГ-нің мүлкіне өз меншігіміздей қараймыз;
4. біз әдеп нормаларын, қағидаларды сақтаймыз және дұрыс әрекет етуге тырысамыз;
5. біз ақпараттың құпиялылығын сақтаймыз.

**«BIRLIK» / Бірлік**

1. ҚМГ ортақ табысына ұмтылу бізді бірыңғай командаға біріктіреді;
2. адамдар және олармен өзара іс-қимыл біз үшін процестер мен құралдардан маңызды;
3. біз әрбір адам өз қабілетіне қарай ортақ іске барынша көп үлес қосуға ниетті және қоса алады деп ойлаймыз;
4. атқаратын лауазымдары мен орындайтын қызметтеріне қарамастан, біз міндеттерімізді команда болып сапалы шешеміз. Ортақ нәтиже жеке нәтижеден жоғары;
5. біз әрқайсымыздың мықты тұстарымызды пайдаланамыз және бір-бірімізді толықтырамыз.

**«SABYR» / Өлшемділік**

1. біз бір-бірімізге адалдықпен және түсіністікпен қараймыз;
2. біз өз әріптестерімізді, мердігерлерді және әріптестерімізді құрметтейміз және басқа адамдар бізге қалай қарайтынын қалағандай оларға қараймыз;
3. біз қиындықтарға дайынбыз және кедергілерді еңсереміз;
4. шешім қабылдай отырып, біз мәселелерді жан-жақты қарастырамыз, барлық артықшылықтары мен кемшіліктерін ескереміз, барлық көзқарастарды тыңдаймыз және ескереміз;
5. біз өткеннің нәтижелері мен жетістіктерін құрметтейміз, сабақтастықты қамтамасыз етеміз.

**«SAPA» / Сапа**

1. біз әрқашан жоғары нәтижелерге қол жеткізуге тырысамыз;
2. біз өз уәделерімізді әрдайым сапалы әрі уақытылы орындаймыз;
3. біз ішкі және сыртқы клиенттеріміздің игілігі үшін жұмыс істейміз;
4. біз жұмысымызды жеңілдетеміз, стандарттаймыз және реттейміз;
5. біз үнемі жаңа мүмкіндіктерді іздейміз. Біз бірінші әрі үздік болғымыз келеді.

Бекітілген Кодекске сәйкес, ҚМГ қызметі мынадай қағидаттарға негізделген:

| | |
|---|---|
| ***Ашықтық*** | ***Кәсіпқойлық*** |
| ***Жауапкершілік*** | ***Әділдік*** |
| ***Айқындық*** | ***Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік*** |
| ***Әдепті мінез-құлық*** | ***Мүдделер қақтығысына жол бермеу*** |
| ***Құрмет*** | ***Экологиялық жауапкершілік*** |
| ***Заңдылық*** | ***Қауіпсіздік*** |

ҚМГ осы Кодекстің ережелерін қабылдайды және ҚМГ акционерлерімен, қызметкерлермен, еншілес және тәуелді ұйымдармен, мемлекеттік органдармен, әріптестермен, өзге де мүдделі тұлғалармен іскерлік шешімдер қабылдау кезінде де, күнделікті жағдайларда да өзара қарым-қатынастарда ұстанады.

Кодекс ашық құжат болып табылады және ҚМГ іскер әріптестері мен басқа да мүдделі тұлғалар арасында еркін таратылады. Ол сондай-ақ компанияның сайтында «Корпоративтік құжаттар» бөлімінде орналастырылған.

# ӘДЕПКЕ ЖАТПАЙТЫН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТУРАЛЫ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАРҒА ЖҮГІНУ ТЕТІКТЕРІ

GRI 102-17

Біз қызметкерлер, іскер әріптестер және мүдделі тараптар корпоративтік әдептің, адам құқықтарының, еңбек қатынастары практикасының кез келген сақталмауы, теріс экологиялық не әлеуметтік әсері туралы хабарлауы үшін түрлі тетіктер әзірледік:

- **Қызметкерлер** – өзінің тікелей басшысын немесе жоғары тұрған адамды хабардар ету арқылы; немесе Омбудсменге ақпарат беру арқылы (78-65-60 телефоны бойынша немесе ombudsman@kmg.kz электрондық адресі арқылы).
- **Қызметкерлер және басқа тұлғалар** – 78-65-60 телефоны бойынша немесе ombudsman@kmg.kz электрондық сенім адресі арқылы.
- «Жедел желі» бойынша жүгіну 8-800-080-1994 телефоны, sk.hotline@deloitte.kz электрондық адресі, не www.sk.deloitte-hotline.com сайты арқылы.

Құпиялылықты қамтамасыз ету мақсатында барлық ақпаратты сыртқы тәуелсіз компания қабылдап, өңдейді. Бұл компания күн сайын келіп түскен өтініштер туралы есеп жасайды және оны Комплаенс қызметіне жібереді.

Комплаенс қызметінің қызметкерлері келіп түскен өтініштерді ішкі саясатқа сәйкес қарау бойынша одан әрі іс-қимылдар туралы шешім қабылдайды.

Үздік халықаралық практикаға, оның ішінде Халықаралық омбудсмендер қауымдастығының (ХОҚ) стандарттары мен қағидаттарына сәйкес ҚМГ омбудсмені ҚМГ Директорлар кеңесіне есеп береді және оған жүгінген қызметкерлерге, еңбек дауларының, жанжалдардың қатысушыларына кеңес беретін жоғары деңгейдегі тәуелсіз менеджер болып табылады және оларға ҚР заңнамасының нормаларының сақталуын (оның ішінде қажет болған жағдайда құпиялылықтың сақталуын)

САМҰРЫҚ ҚАЗЫНА
ҚазМұнайГаз

8 800 080 19 94
sk.hotline@deloitte.kz
www.sk.deloitte-hotline.com

***Жедел желі***

Сіз Мінез-құлық кодексінің кез келген бұзушылықтары туралы, соның ішінде сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, әдепсіз мінез-құлық, кемсітушілік фактілері туралы хабарлай аласыз.

Біз **100%** шағымдардың құпиялылығы мен жасырын қаралуына **кепілдік береміз**

Барлық келіп түскен хабарламаларды «Делойт» тәуелсіз компаниясы өңдеуге қабылдайды

Deloitte.

ескере отырып, өзара тиімді, сындарлы және іске асырылатын шешімдерді әзірлеуде жәрдем көрсетеді, қызметкерлердің де, сондай-ақ бүкіл компанияда проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуде, іскерлік әдеп қағидаттарын сақтауда жәрдем көрсетеді.

Компания ішіндегі дауларды шешу кезінде Омбудсмен жанжал тараптарына оны бейбіт реттеу жолымен шешуге көмектесуге тырысады. Осы мақсатта Омбудсмен дәйектілік, құпиялылық және тәуелсіздік принциптерін мүлтіксіз сақтай отырып, кеңесші, келіссөзші, медиатор немесе жанжалтанушы рөлін атқарады. Жанжалдарды реттеу барысында Омбудсмен теңдік пен әділдік қағидаттарына сүйенеді, бұл жұмыс орындарындағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсартуға және қызметкерлердің уәждемесі мен ниеттестігін арттыруға ықпал етеді.

Омбудсмен қызметі ҚМГ-ға даулы жағдайларды реттеумен жұмыс істеу (ИСО 10003) және шағымдармен жұмыс істеу (ИСО 10002) жөніндегі Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйыммен көзделген халықаралық стандарттардың сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Біз топ ұйымдарындағы даулар мен жанжалдардың кез келген түрлерінің алдын алуға және болдырмауға ұмтыламыз. Кез келген адамның шағым жасау құқығы бұзылмауға тиіс.

Барлық келіп түскен хабарламаларды «Делойт» тәуелсіз компаниясы өңдеуге қабылдайды

Бұдан басқа, бірыңғай ішкі коммуникациялар жүйесі шеңберінде мынадай тетіктер бар:
- басшылардың еңбек ұжымдарымен және кәсіподақпен кездесуі;
- қызметкерлерді жеке мәселелер бойынша бірінші басшының қабылдауы;
- бірінші басшының блогы;
- ұсыныстарды жинауға арналған жәшіктер.

Іскерлік әдеп кодексіне сәйкессіздік жөніндегі өтініштер Омбудсменнің міндетті түрде қатысуымен құпиялылық шартымен қаралады.

Кез келген өтініштер келіп түскен кезде топ басшылығына хабарланады. Келіп түскен барлық шағымдар мен ұсыныстар тіркеледі, басшылықтың өтінішті қарау қорытындысы бойынша шешімі өтініш берушіге жеткізіледі.

# СЕНІМ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ «ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ»

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша белсенді профилактикалық жұмыстар ҚМГ тобында белгілі болған не анықталған барлық бұзушылықтар туралы хабарлау үшін 78-65-65 телефоны не doverie@kmg.kz электрондық адресі (құпиялыққа кепілдік беріледі), сондай-ақ 8-800-080-1994 телефоны арқылы Қордың жедел желісімен, sk.hotline@deloitte.kz электрондық адресі, не www.sk.deloitte-hotline.com сайты және басқа да арналар арқылы қызметкерлердің және өзге де тұлғалардың ақпараттық сенім жүйесінің (бұдан әрі – АСЖ) мүмкіндіктерін пайдалануға тартылу дәрежесінің белгілі бір өсуіне әкеп соқты.

Осылайша, 2018 жылы ҚМГ АЖД желісі бойынша ғана 67 өтініш келіп түсті, ЕТҰ-ның

GRI 102-17

**2018 жылғы мәлімдемелер мен өтініштер, байланыс арналары бойынша, %**




*ИСД бойынша өтініштер мен жолдамалар*
*Пошта байланысы мен жеке қабылдау бойынша нұсқаулық*
*Қордың «Жедел желісі»*

сол арналары арқылы тағы 57 өтініш келіп түсті *(2016 жылы – 65, 2017 жылы – 60 сәйкесінше)*. 24 өтініш Қордың «жедел желісі» арқылы алынды. ҚМГ басшылығының жеке қабылдауы және пошта байланысы шеңберінде 48 өтініш келіп түсті.

Заңды және жеке тұлғалардың барлық өтініштері белгіленген тәртіппен және мерзімде, тиісті шаралар қолданыла отырып және олардың авторлары хабардар етіле отырып қаралды.

Сыбайлас жемқорлық нормаларын болдырмау мақсатында ішкі құжаттардың 60-тан астам жобасы, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу бойынша 100-ден астам келісімшарт жобалары сарапталды. Сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтарға қатысы тұрғысынан 413 қызметкер және бос әкімшілік лауазымдарға орналасуға кандидаттар тексерілді.

Соңғы үш жыл ішінде компанияға жұмысқа қабылдау кезінде барлығы 1,5 мыңнан астам қызметкерлер мен кандидаттар тексеріске ұшырады, бұл ретте жұмысқа қабылдаудан бас тартуға, ауыстыру және ұсыну тәртібімен тағайындауға кедергі келтіретін мәліметтер анықталған жоқ.

223 әлеуетті контрагенттің азаматтық-құқықтық жағдайы тексерілді, олар бойынша қорытындылар сауалдардың бастамашыларына уақытында берілді.

## ҚМГ-нің 2017 жылғы Орнықты даму туралы есебі жылдық есептер байқауында **Үздік жылдық есеп атанды**

2018 жылғы 14 желтоқсанда RAEX рейтинг агенттігі (Эксперт РА Казахстан) ұйымдастырған жыл сайынғы VIII жылдық есептер конкурсының лауреаттары мен номинанттарын марапаттау рәсімі өтті. 2018 жылы конкурс аясында қазақстандық компаниялардың 107 жылдық есебі бағаланды, оның ішінде 43 қаржы ұйымы және 64 қаржылық емес.

«Үздік жылдық есеп» санатында лонг-парақты айқындау кезінде Қазақстанда шығарылған жылдық есептер талданады, бұл ретте контентке басты назар аударылады – ақпаратты барынша толық және сапалы ашатын құжаттар таңдалады. Алдын ала талдау қорытындысы бойынша қалыптастырылған, он есептен тұратын шорт-парақ корпоративтік басқару және есептілікті дайындау саласындағы кәсіпқойлар құрамындағы сараптамалық комиссияның дауысына шығарылды.

Орнықты даму туралы есеп ҚМГ жылдық есебімен бірге қазақстандық компаниялар арасында «Қаржылық емес сектордағы үздік жылдық есеп» ретінде бірінші орынға ие болды және екі сыйлық номинанты болды: «Есептің Үздік интерактивті нұсқасы», «Орнықты даму туралы ақпараттың үздік ашылуы».



# БАСТАМАЛАР МЕН МҮШЕЛІКТЕР

GRI 102-12, 102-13, 102-40

### Дүниежүзілік Банктің «2030 жылға қарай ІМГ-ні тұрақты жалындатып жағуды толық тоқтату» бастамасы

ҚМГ бұл бастаманы 2015 жылы қолдады. Ол ілеспе мұнай газын (ІМГ) тұрақты жалындатып жағу тәжірибесін 2030 жылдан кешіктірмей тоқтату үшін ынтымақтасуға келіскен үкіметтерді, мұнай компанияларын және даму ұйымдарын біріктіреді. Біздің мақсатымыз – ІМГ-ні тиімді пайдалану және кәдеге жарату деңгейін арттыру, жалындатып жағуды барынша азайту. Біз жыл сайын Дүниежүзілік банкке қол жеткізген ілгерілеу туралы есеп береміз.

### Жаһандық метан бастамасы

ҚМГ 2017 жылы метан шығарындыларын азайту, сондай-ақ метанды қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі жобаларға мүдделі жеке сектор субъектілерінің, қаржы мекемелері мен басқа да үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың өсіп келе жатқан қоғамдастығын білдіретін Жаһандық метан бастамасының (ЖМБ) жобалық желісіне кірді. ЖМБ әріптестері болып табылатын елдермен жұмыс істей отырып, жобалық желі мүшелері метан бойынша нақты жобалар үшін негіз дайындап, қызметті жандандыра алады. ҚМГ бастамасын қолдап, ҚР Энергетика министрлігі ЖМБ Мұнай және газ кіші комитетіне кірді.

### CDP Климаттық бағдарламасы

2018 жылдан бастап ҚМГ CDP Климаттық бағдарламасы шеңберінде парниктік газдардың жанама шығарындыларына ерікті есеп беруді ұсынуға қатысады.

### Қазақстанның мұнай-газ компанияларының экологиялық жауапкершілігінің рейтингі

ҚМГ 2017 және 2018 жылдардың қорытындылары бойынша Ресейдің WWF жабайы табиғат Дүниежүзілік қоры және ҚР Энергетика министрлігінің қолдауымен CREON компаниялар тобы ұйымдастырған Қазақстанның мұнай-газ компаниялары үшін экологиялық жауапкершілік рейтингінде Қазақстандағы экология мәселелеріндегі ең айқын мұнай компаниясы болды.

### ISO стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым

2006 жылдан бастап ISO 9001, ISO 14001 және OHSAS 18001 талаптарына сәйкес сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы басқару жүйесі жұмыс қалпын сақтап келеді. Энергияны тұтынудың елеулі деңгейі бар еншілес және тәуелді ұйымдар ISO 50001 бойынша сертификатталған.

***2018 жылы Топтың барлық компаниялары қадағалау аудиттерінен табысты өтті, олар қолданыстағы интеграцияланған басқару жүйелерінің халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігін растады.***

### Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы (ӨСАБ)

Өнеркәсіптің мұнай, газ және тау-кен өндіру салаларынан түскен табыстардың ашықтығын қамтамасыз етуге ықпал ететін әлемдік стандарт болып табылады. Біз Бастамалардың Өзара түсіністік туралы меморандумының талаптарын сақтаймыз және ел бюджетіне салықтар мен басқа да төлемдер бойынша есеп береміз http://eiti.geology.gov.kz/ru/.

# Қауымдастықтарға мүшелік

GRI 102-13

**«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы**

ҚМГ басшылығы қауымдастықтың бірнеше комитеттері мен жұмыс топтарының жұмысына қатысады.

KAZENERGY Экология, әлеуметтік жауапкершілік және ашықтық мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесіне төрағалық ету ҚМГ үшін Қазақстанның мұнай-газ саласындағы орнықты даму мәселелерін ілгерілетуге мүмкіндік болып табылады.

ҚМГ мен «KAZENERGY» мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қазақстандық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі арасында Ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

Меморандум ҚР заңнамасын жетілдіру, құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған бірлескен бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу, заңтану саласындағы өзекті мәселелерге арналған дөңгелек үстелдер, семинарлар, конференциялар өткізу сияқты құқықтық қызметтің маңызды бағыттарында бірлескен қызметті көздейді.

**«Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы**

ҚМГ мен «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы арасында құқықтық мәселелер бойынша Ынтымақтастық туралы келісім жасалды.

Келісім Тараптардың заңнаманы жетілдіру, құқықтық мәдениетті арттыруға, Төрелік сотта коммерциялық дауларды шешуді кеңейтуге бағытталған бірлескен бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу сияқты құқықтық қызметтің маңызды бағыттарында өзара іс-қимылын көздейді.

**БҰҰ Жаһандық шарты**

Орнықты даму қағидаттарына біздің ұстанушылығымыздың көрінісі БҰҰ Жаһандық шартына мүшелік, сондай-ақ Жаһандық шарт қағидаттарын ілгерілету бойынша ҚМГ-нің қол жеткізген ілгерілеуі және Орнықты даму саласындағы 17 жаһандық мақсат туралы хабарлама ретінде БҰҰ ЖШ сайтында Орнықты даму саласындағы есепті жыл сайын орналастыру болып табылады.

**IOGP Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы**

2018 жылдан бастап ҚМГ IOGP Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығының толық құқылы мүшесі болды. Біздің еңбекті қорғау және ҚОҚ статистикасы жалпыға қолжетімді болып табылады және біздің көрсеткіштеріміз бүкіл әлем бойынша 75-тен астам мұнай-газ компанияларының көрсеткіштерімен салыстырылатын болады. Біздің стратегиялық мақсатымыз – осы тізімнің ең үздік 20 компаниясына кіру.

**Геофизикалық зерттеулер мен ұңғымалардағы жұмыстар бойынша халықаралық ғылыми-техникалық және іскерлік ынтымақтастық қауымдастығы («ААЖ»)**

**Халықаралық мұнай тасымалдау қауымдастығы (IAOT)**

2015 жылдан бастап ҚТО халықаралық мұнай тасымалдау жүйелерін жақсарту үшін IAOT мүшесі болып табылады. Қауымдастық тарифтерді қалыптастыруға, құбырларды диагностикалау мен пайдалануға, мұнайды тасымалдау мен сақтауға байланысты мәселелерді қарастырады.

**Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығы**

**Қазақстанның Машина жасаушылар одағы**

**«KazWeld» Қазақстандық дәнекерлеу қауымдастығы**

**ҚР энергетик-инженерлер одағы**

**«IRIS» Ұлттық бизнес қауымдастығы**

**ҚР теңіз көлігі кәсіпкерлерінің қауымдастығы**

**Қазақстанның мұнай сервистік компаниялар одағы**

**«Транскаспий халықаралық көлік бағыты» халықаралық қауымдастығы**

2018 жылы мұнайдың апатты төгілуін жоюды қамтамасыз ету үшін **Oil Spill Response Limited (OSRL) Халықаралық қауымдастығына** мүшелігін қайта жаңартты.

ҚМГ мен **«Қазақстан заңгерлер одағы» РҚБ арасындағы меморандум өзектілендірілді.**

# Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

GRI 102-14, 102-44



**Құрметті оқырмандар!**

Өздеріңіз білетіндей, 2015 жылдың қыркүйек айында 193 елдің көшбасшылары «Біздің әлемді қайта құру: 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Орнықты даму саласындағы күн тәртібі» немесе «Орнықты даму мақсаттары» кешенді бағдарламасын мақұлдады. Бағдарлама жақсы болашақ жасау үшін бірлескен жұмыста әлемдік қоғамдастыққа көмектесуге арналған. Қойылған мақсаттардың ауқымы оларға табысты қол жеткізу үшін жаппай күш-жігердің қажеттілігін болжайды. Айта кету керек, бұл ретте бизнес маңызды рөл атқарады. Климаттың өзгеруіне қарсы күрес және энергия жүйесін қайта құру бизнес, қоғам және қоршаған орта үшін тұрақты болашақ жолындағы негізгі міндеттер болып табылады. Париж келісімі төмен көміртекті экономикаға көшу сөзсіз басталатыны туралы батыл және жаһандық сигнал берді.

Қазақстандағы мұнай мен газдың ірі ұлттық өндірушісі ретінде біз еліміздегі экономиканың өсуіне өз ықпалымызды түсінеміз және өзіміздің өндірістік және экологиялық бағдарламаларымызды орындауға жауапкершілікпен қараймыз. Экологиялық заңнаманы дамытудағы басты ұлттық компаниялар мен стэйкхолдерлердің бірі бола отырып, ҚазМұнайГаз Париж келісімі шеңберінде Қазақстанның міндеттемелерін орындауына өз үлесін қосады.

Компания елеулі нәтижелерге қол жеткізген орнықты даму саласындағы аймақтардың бірі ілеспе мұнай газын (ІМГ) жалындатып жағуды қысқарту болып табылады.

2018 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша ІМГ-ні кәдеге жаратудың ең жоғары деңгейіне қол жеткізілді – 93 %. Газды жағу көрсеткіші 1 000 тонна өндірілген КСШ-ға 6 тонна деңгейінде тұр, бұл IOGP (Мұнай және газ өндірушілердің халықаралық қауымдастығы) орташа әлемдік көрсеткішінен 50 % төмен. Біз Дүниежүзілік Банктің «2030 жылға қарай ІМГ-ні тұрақты жалындатып жағуды толық тоқтату» бастамасын іске асыруды жалғастырамыз және 2030 жылдан кешіктірмей ІМГ-ні тұрақты жалындатып жағу практикасын тоқтатуға ниеттіміз.

2018 жылы біз The Carbon Disclosure Project (CDP) – халықаралық инвесторлар қоғамдастығының парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындылары және климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер туралы ақпаратты ашу бастамасы туралы мәлімдедік және тауарлық өнімнің ұңғымадан оның түпкілікті пайдалануына дейінгі барлық көміртегі ізін бағалау жұмысын бастадық.

БҰҰ Жаһандық шартының қатысушысы бола отырып, біз орнықты даму қағидаттарына өз ұстанымымызды растаймыз, климаттың өзгеруі, қоршаған ортаға теріс әсерлердің алдын алу, әлеуметтік жауапкершілік және Компанияның экономикалық өсуін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аудара отырып, орнықты даму мақсатын қолдаймыз.

Орнықты даму қағидаттарын Компанияның негізгі қызметі мен стратегиясына тиімді енгізу барлығымыздың жоғары дәрежеде тартылуымызды талап етеді. ҚазМұнайГаздың барлық қызметкерлері орнықты дамудың маңызы зор екенін білуі тиіс. Ол үшін біз өршілдік мақсаттарға бағытталуымыз керек, саясаттарымызды, процедураларымыз бен ұзақ мерзімді стратегияларымызды түзетуге, персоналды оқытуға және уәждеуге, басқару жүйесіне және бизнес-процестерге орнықты даму қағидаттарын енгізуге, сондай-ақ қабылданған күш-жігер мен қол жеткізілген нәтижелердің біздің есептіліктегі ашықтығын қамтамасыз етуге тиіспіз. Орнықты даму ұзақ мерзімді пайымды қажет етеді және оң нәтижелерге қол жеткізу және тез өзгеретін әлеммен бір ырғақта жүру үшін тұрақты күш-жігер жұмсауға дайындығымызды талап етеді.

**Құрметпен,**
**Кристофер Джон Уолтон**

# 3 ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУҒА ҮЛЕС







**2018 жылы біз 2018–2028 жылдарға арналған Жаңа даму стратегиясын бекіттік. Стратегия Компанияның орта мерзімді кезеңдегі нысаналы жай-күйін борыш жүктемесін қатаң бақылау жүйесі бар және борыш деңгейі қолайлы тұрақты компания ретінде айқындайды.**

### Қаржылық тұрақтылықты арттыру

2018 жылы біз шығындарды жабуға және өзіміздің қаржылық көрсеткіштерімізді айтарлықтай жақсартуға қол жеткіздік. 2018 жылы ҚМГ сыртқы қарызы төмендеді, инвестицияларға лимиттер белгіленді, жобалардың мерзімдері регламенттелді. Сондай-ақ біз нарықтық ортаға бейінсіз қызмет түрлерін шығара алдық, бұл қайталанатын функцияларды қысқартуға мүмкіндік берді.

# Экономикалық дамуға үлес

GRI 102-15, 103-1, 103-2, 103-3, 201-2, 302-1, OG3

## ТӨМЕН КӨМІРТЕКТІ ДАМУ

ҚМГ ұзақ мерзімді Даму стратегиясында біз климаттық аспектілер бойынша мынадай басым бағыттарды айқындадық:

— парниктік газдар шығарындыларын басқару;
— ілеспе мұнай газын тұрақты жалындатып жағуды қысқарту;
— өндірілген өнім көлеміндегі шығарындылардың қарқындылығы бойынша көрсеткіштерді жақсарту және энергия тиімділігін арттыру.

2018 жылы ҚМГ шығарындыларды басқару саясатын әзірледі, ол негізгі сегіз қағидаттардан тұрады, оның алтауы климаттың өзгеру мәселелеріне тікелей қатысты:

- парниктік газдар шығарындыларына белгіленген квоталар көлемін сақтау;
- парниктік газдардың жанама шығарындыларын қоса алғанда, шығарындылардың тұрақты есебін, түгендеуін және мониторингін жүргізу;
- көмірсутек шикізатын өндіру кезінде шикі газды ұдайы жағуды тоқтату;
- шығарындыларды қысқарту және «Көміртегі ізін» азайту бойынша іс-шаралар жүргізу;
- көміртегі активтерін басқару;
- шығарындыларды басқару қызметін үнемі жақсарту (мысалы, климаттың өзгеруіне байланысты залалды болжау, алдын алу және азайту).

Климаттың өзгеруі мәселелері тәуекелдерді сәйкестендіруді және қоршаған ортаға жүктемені азайту жөнінде шаралар қабылдауды талап етеді.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі Корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін әлеуетті тәуекел оқиғаларын уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторинг жүргізуге және азайтуға бағытталған.
Біз ЕҚОҚ саласындағы тәуекелдерді сәйкестендіріп, Директорлар кеңесінің алдында олар жөнінде тоқсан сайын есеп береміз, сондай-ақ оларды климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдердің корпоративтік матрицасына кіргіздік:



Төмен көміртекті экономикаға көшумен байланысты тәуекелдер

**Саяси және нормативтік-құқықтық тәуекелдер** (мысалы, парниктік газдар шығарындыларын азайту үшін көміртегі бағасын белгілеу/көтеру тетіктерін енгізу; мемлекеттің квоталарды бөлу әдісіне шығарындылардың үлестік коэффициенттерін пайдалану жолымен ғана көшу, соның салдарынан кейбір кәсіпорындарда квоталар тапшылығы туындауы мүмкін; шығарындыларды азайту үшін энергия тұтынуды қысқарту; энергия тиімді шешімдер қабылдау; суды пайдалану тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды күшейту және жерді пайдаланудың неғұрлым тұрақты әдістерін жылжыту).

**Нарықтық тәуекел** (климатқа байланысты белгілі бір тауарларға, өнімдер мен қызметтерге сұраныс пен ұсыныстың өзгеру тәуекелі).

**Технологиялық тәуекел** (жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК), энергия тиімді технологиялар, ең жақсы қолжетімді технологиялар (ЖҚТ), көміртекті ұстау және сақтау технологиялары және т.б. сияқты жаңа технологияларды әзірлеу және пайдалану).

**Бедел тәуекелі** – Компанияның төмен көміртекті экономикаға көшуге қосқан үлесі немесе осы көшуден жалтаруы тұрғысынан Компанияны мүдделі тараптардың қабылдауының өзгеруіне байланысты бедел тәуекелдері.

Климаттың өзгеруінің физикалық әсерімен байланысты тәуекелдер

**Қысқа мерзімді тәуекелдер** – циклондар, дауыл, су тасқыны сияқты төтенше ауа райы құбылыстарымен байланысты қысқа мерзімді тәуекелдер.

**Жүйелі (созылмалы) тәуекелдер** – климаттық үлгілердегі ұзақ мерзімді өзгерістерден туындаған жүйелі (созылмалы) тәуекелдер (мысалы, ауаның қалыптан тыс жоғары температурасының ұзақ кезеңі, теңіз деңгейінің артуы және жағалау аңғымаларын су басуы).

ЦЕЛИ В ОБЛАСТИ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

7 НЕДОРОГОСТОЯЩАЯ И ЧИСТАЯ ЭНЕРГИЯ

8 ДОСТОЙНАЯ РАБОТА И ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ

9 ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ, ИННОВАЦИИ И ИНФРАСТРУКТУРА

12 ОТВЕТСТВЕННОЕ ПОТРЕБЛЕНИЕ И ПРОИЗВОДСТВО

13 БОРЬБА С ИЗМЕНЕНИЕМ КЛИМАТА

16 МИР, ПРАВОСУДИЕ И ЭФФЕКТИВНЫЕ ИНСТИТУТЫ

UN GLOBAL COMPACT COMMUNICATION ON PROGRESS

**7-қағидат**
Қоршаған орта: Іскер топтар экологиялық проблемаларды шешу кезінде сақтық көзқарасты ұстануға тиіс.

**8-қағидат**
Қоршаған орта: Іскерлік топтар үлкен экологиялық жауапкершілікті ілгерілетуге арналған бастамаларды көтеруі тиіс.

**9-қағидат**
Қоршаған орта: Іскерлік топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамыту мен таратуды ынталандыруы тиіс.

**10-қағидат**
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес: Іскерлік топтар бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұруға тиіс.

ҚР Энергетика министрлігі жанындағы жұмыс топтары құрамындағы осындай тәуекелдерді азайту мақсатында біз Қазақстанның парниктік газдар шығарындыларын мемлекеттік реттеу саласындағы нормативтік заңнамалық базасын жетілдіруге белсенді қатысамыз.

Компания жыл сайын жаңа кәдеге жарату объектілерін салады, қолда бар өндірістерді қайта жаңартуды жүргізеді, құбырлар мен инфрақұрылым құрылысына инвестиция салады, мысалы, Прорва кен орындары тобында газды кешенді өңдеу құрылысы, «Сарыарқа» магистральды газ құбыры құрылысы. 2019 жылы Ақтөбе облысындағы Қожасай кен орнында ГКДҚ-40 толық ауқымды пайдалануға беру жоспарлануда. Бұл шаралар ІМГ кәдеге жарату деңгейін арттыруға ықпал етеді және тиісінше көмірқышқыл газының тікелей шығарындыларын төмендетуге алып келеді.

Бұл ретте, табиғи газдың рөлі генерациялайтын электр энергиясын өндіретін компаниялардың атмосфераға шығарындыларды төмендетуге мүмкіндік беретін отын түрлеріне көшуге ұмтылуына байланысты артатын болады. Газ шамамен он жыл ішінде электр энергиясын өндіру үшін отынның басты түрлерінің бірі болады деп күтілуде.

Жаңғырту шеңберінде 2019 – 2021 жылдары ҚР МӨЗ-де микропроцессорлық есептеу құралдары және орталықтандырылған басқару және бөлінген өлшеу функциясы бар ақпараттық-есептеу жүйесі болып табылатын басқару кешендері базасында іске асырылатын электр энергиясын техникалық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу жоспарлануда. Осы жобаны іске асыру:

- жұмыс режимін оңтайландыру және тұтынылатын электр энергиясының сапасын бақылау есебінен электр энергиясына шығындарды төмендетуге;
- ірі тұтынушылар, тораптар, агрегаттар бөлінісінде электр энергиясын тұтыну бойынша деректерді жинау мен өңдеу процесін автоматтандыруға;
- электр тұтыну режимдерін басқаруға, МӨЗ технологиялық процестерінде электр энергиясын пайдалану тиімділігін арттыруға;
- предиктивті талдауға, нақты уақыт режиміндегі мониторингке;
- ҚМГ «Мұнай өңдеу» бизнес-бағытының ЕТҰ электр энергиясын тұтынуыны мониторингілеу мен талдаудың жалпы ортасын құруға;
- уақыт пен объектілер бөлінісінде электр тұтыну бойынша статистикалық деректер базасын қалыптастыруға;
- штаттан тыс жағдайларды сәйкестендіруге және жою бойынша шешімдер әзірлеуге;
- цифрлық кәсіпорын құрудағы негізгі қадамдардың бірін орындауға әкеледі.

Сондай-ақ HSB Solomon Associates LLC (бұдан әрі – Соломон) компаниясының әдіснамасы бойынша үздік әлемдік зауыттармен салыстырғанда ҚР МӨЗ дамуының ағымдағы деңгейіне зерттеу жүргізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Соломон зерттеулерінің мақсаты: негізгі көрсеткіштерді айқындау – «Соломон индекстері» – салыстырмалы базисте МӨЗ, яғни қолда бар қуаттар қаншалықты тиімді пайдаланылатыны. Тиімділік көрсеткіштері көлемі мен конфигурациясы бойынша ұқсас МӨЗ-ді салыстыруға арналған, және оларды МӨЗ жұмысының нәтижелерін (өндірістік, сондай-ақ экономикалық) әртүрлі топтар бойынша басқа МӨЗ жұмысының нәтижесімен салыстыруға мүмкіндік беретін жедел салыстыру үшін пайдаланған дұрыс.

2019 жылы «Амангелді Газ» ЖШС өнеркәсіп алаңын жарықтандыру желісін қоректендіру үшін жалпы қуаты 10 кВт күн панелін орнату жоспарлануда.

Өткен жылдары «ҚТГ» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарында енгізілген жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі – ЖЭК) тиімді жұмыс істеуде: «Waterkotte» үлгідегі геотермальды жылу сорғылары; монокристалды күн панельдері (батареялары); термоэлектрогенераторлар (Closed cycle vapor turbogenerator).

***2018 жылы өндірілетін (өндірілетін) жаңартылатын энергияның жалпы көлемі, көздер бойынша бөліністе:***

Жылу сорғыларымен геотермалды (жылу) энергияны өндіру –
**678,53 Гкал**

Күн панельдерінің электр энергиясын өндіруі –
**103 572 кВт•сағ**

Электр энергиясын термоэнергогенераторлармен (ТЭГ – Ренкин циклі) өндіру –
**240 900 кВт•сағ**

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІЛІК

GRI 102-7, 103-1, 103-2, 103-3, 201-1, 201-4

Компания ҚР өңірлерін дамытуға, әлеуметтік-экономикалық әлеуетті арттыруға және өңірлер халқының әл-ауқатын жақсартуға елеулі үлес қосады.

Компанияның экономикалық нәтижелілігі ел экономикасына осы салымды, алынған кірістерді, төленген міндеттемелер мен салықтарды бағалауға мүмкіндік береді.

ҚМГ мемлекеттен қаржылық көмек алмайды.

## Құрылған және бөлінген экономикалық құн*

| Көрсеткіш | Өлш. бірл. | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|---|
| **Құрылған тікелей экономикалық құн (жиынтық кірістер)** | **млрд теңге** | **4 035** | **5 451** | **7 905** |
| **Бөлінген экономикалық құн (жиынтық шығыстар)** | **млрд теңге** | **3 675** | **4 926** | **7 211** |
| **Бөлінбеген экономикалық құн (пайда)** | **млрд теңге** | **360** | **526** | **694** |

| Көрсеткіш | Өлш. бірл. | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|---|
| **Басқа да салықтар мен төлемдер (КТС-сыз)** | млрд теңге | 781 | 914 | 1 258 |
| **Төленген табыс салығы** | млрд теңге | 106 | 113 | 186 |
| **Капитал өнім берушілеріне төлемдер** | млрд теңге | 294 | 275 | 291 |

* *Деректер Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС) бойынша жасалған ҚМГ аудиттелген қаржылық есептілігінен алынды. GRI Standards (201-1) сәйкес Экономикалық нәтижелілік көрсеткіштері келтірілген.*

GRI 201-3

## Әлеуметтік төлемдер мен зейнетақы аударымдары

Ұлттық заңнамаға сәйкес азаматтардың зейнетақы жинақталымдары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында болады. Зейнетақы мемлекет кепілдік берген ең төменгі зейнетақы ставкасынан, жеке зейнетақы жинақтарынан (жалақының 10%-ы мөлшеріндегі ай сайынғы жарна) және қосымша өңірлік үстемеақылардан тұрады.

Әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз етудің мемлекеттік бағдарламасына қосымша ҚМГ тобында жұмыс істемейтін зейнеткерлерге арналған зейнетақы бағдарламасы іске асырылуда, оған сәйкес қызметкерлер зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін белгілі бір материалдық қолдау ала алады.

ҚМГ компаниялары тобының «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Oil Services Company» ЖШС сияқты кейбір мұнай сервистік ұйымдарында зейнеткерлік алдындағы жасқа дейінгі қызметкерлерге тараптардың келісімі бойынша еңбек қатынастарын бұзу кезінде өтемақы төлей отырып, зейнетке ерте шығу мүмкіндігін беру, зейнеткерлік жасқа толған қызметкерлерге – еңбек қатынастарын бұзу кезінде өтемақы төлеу жобасы іске асырылуда.

2018 жылы ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға арналған шығыстар, соның ішінде жұмыс істемейтін зейнеткерлерге әлеуметтік көмек 22 млрд теңгені (2017 жылы – 18,9 млрд теңге) құрады.

**ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерін әлеуметтік қолдау, млрд теңге**




| Көрсеткіш | Өлш. бірл. | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|---|
| **Әлеуметтік төлемдер мен зейнетақы жарналары** | млрд теңге | 43 | 52 | 52 |

## Тікелей емес экономикалық әсер

**2016–2018 жылдардағы күрделі қаржы салымдары**

GRI 203-1, 203-2

| | Өлш. бірл. | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|---|
| **Күрделі ақша салымдары** | млрд теңге | 554 | 669 | 628 |

Өңірлерді газдандыру бағдарламасы аясында «ҚазТрансГаз» АҚ ҚР елді мекендерін газдандыру және жаңғырту жұмыстарын жалғастыруда. «Сарыарқа МГҚ-ға қосылатын газ тарату желілерінің құрылысы» жобасын іске асыру бөлігінде ҚР Президентінің бес әлеуметтік бастамасын жүзеге асыру бойынша Жол картасы әзірленді. Жоба жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өндірістік қуаттарын дамыту және жаңа өндірістерді құру, Нұр-Сұлтан қаласы мен Орталық Қазақстанға газды тұрақты жеткізу, экологиялық жағдайды жақсарту, халықтың өмір сүру сапасын арттыру, магистральдық газ құбырын және магистральдық газ құбырының инфрақұрылым объектілерін салу және пайдалану кезеңінде қосымша жұмыс орындарын ашу есебінен жергілікті халықты жұмысқа тарту және жұмыспен қамтуды арттыру, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласы мен орталық облыстардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қажетті жағдайлар туғызады.

2018 жылы мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру сәтті аяқталды:

1. «Қазақстан – Қытай» МГҚ қуатын арттыру (С желісі). Газ құбырының үшінші желісін («С» тармағы) пайдалануға беру арқылы

Қазақстан – Қытай МГҚ өнімділігі жылына 55 млрд м³ дейін жеткізілді.

2. «Қостанай облысының елді мекендерін газдандыруды кеңейту». 7 елді мекен газдандырылды (Рудный қаласының Қашар кенті, Лисаков қаласының Октябрь кенті, Қарабалық ауданының Тоғызақ ауылы, Денисов ауданының Антоновка, Алчановка, Әулиекөл ауданының Әулиекөл – жеткізуші газ құбыры жүргізілді, Рудный қаласы – газдандыруды жалғастыру). Жоба бойынша барлығы 7 мың жаңа абонентті қосу жоспарлануда, оның ішінде 6,7 мың үй мен пәтер, 184 ұсақ коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорын, 12 өнеркәсіптік кәсіпорын (жалпы тұтыну көлемі 28 млн м³ газ).
3. Қазақстан Республикасының солтүстік және орталық өңірлерін газдандыру шеңберінде 2018 жылы «Сарыарқа» МГҚ құрылысына ЖСҚ әзірленді.

2018 жылы мынадай жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру басталды:

1. Бейнеу – Бозой – Шымкент МГҚ-да үш компрессорлық станция құрылысы.
2. «Қазақстан – Қытай» МГҚ («А» және «В» тармақтары) өнімділігін жылына 40 млрд м³ дейін ұлғайту» техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу бойынша жұмыстар басталды.
3. Бейнеу – Бозой – Шымкент МГҚ қуатын жылына 15 млрд м³ дейін кеңейтудің техникалық-экономикалық есебін әзірлеу бойынша жұмыстар басталды.
4. Алматы қаласын газдандыру, Алматы қаласының газ тарату жүйелерін жаңғырту, қайта жаңарту. Жоба қаладағы экологиялық жағдайдың жақсаруына ықпал етеді, газбен қамтамасыз етуге шамамен 4,1 мың жаңа абонентті 15,8 млн м³ газ орта жылдық тұтынумен қосуға мүмкіндік береді.
5. «МұнайТас» ЖШС «Кеңқияқ – Атырау» мұнай құбыры реверсінің жобасын іске асыруды бастады. Жоба ПМХЗ және ПКОП-та жылына 6 млн тоннаға дейінгі көлемде Батыс Қазақстан мұнайын тасымалдауды қамтамасыз етуге бағытталған.

## Өндірісті жаңғыртуға арналған инвестициялар

GRI 203-1

**Газ тарату желілерін жаңғырту бойынша инвестициялық жобалар шеңберінде жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда:**

1. Тараз қаласының газ тарату жүйесін жаңғырту. 2012 жылдан бастап 2018 жылға дейінгі кезеңде 862 км жаңа газ құбыры салынды және газбен жабдықтаудың жаңа жүйесіне 29 мың абонент қайта қосылды. 2019 жылы шамамен 38 км газ құбырының құрылысы көзделді, жобаны іске асыруды аяқтау жоспарлануда.

2. Маңғыстау облысы елді мекендерінің газ тарату жүйесін жаңғырту, қайта жаңарту және жаңа салу. 2015 жылдан бастап 1 323 км газ құбыры салынып, жаңғыртылды, 6 автоматты газ тарату станциясы, 34 газ тарату шкаф пункті, 41 газ тарату блок пункті орнатылды. 5 елді мекен газдандырылды.

3. Алматы қаласын газдандыру, Алматы қаласының газ тарату жүйелерін жаңғырту, қайта жаңарту. Жоба аясында 288 км газ құбырының құрылысы, 101 км газ құбыры мен 34 шкафтық газ реттеу пунктін қайта құру көзделген.

ҚР МӨЗ жаңғырту аясында мынадай инвестициялар жүргізілді:

- Атырау МӨЗ жаңғырту шеңберінде мұнайды терең өңдеу кешені: 2018 жылға ҚҚС игеру – 54 172,8 млн теңге (ҚҚС-сыз)
- Шымкент МӨЗ жаңғырту және қайта құру – 260 730 млн теңге (ҚҚС-сыз)
- Павлодар МХЗ жаңғырту 2017 жылдың желтоқсанында аяқталды.

Зауыттарды жаңғырту К4, К5 класты мотор отынын шығаруды қамтамасыз етуге, сондай-ақ зиянды және ластаушы заттардың шығарылуын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Мұнай өңдеу зауыттарының қуатын қайта құру және жаңғырту нәтижесінде жылына 17,5 млн тоннаны құрайды. Басты нәтижелердің бірі ашық түсті мұнай өнімдерін (оның ішінде бензин, дизель отыны) шығаруды айтарлықтай ұлғайту болып табылады, бұл елдегі олардың тапшылығын жоюды қамтамасыз етті.

2018 жылы өзге де күрделі қаржы салымдары 16,7 млрд теңгені құрады, оған Нұр-Сұлтан қаласындағы Жекпе-жек сарайының құрылысы да кірді.

# САТЫП АЛУ ТӘЖІРИБЕСІ

GRI 103-1, 103-2, 103-3, 102-9, 204-1

Компаниядағы сатып алу қағидаттарының бірі барлық әлеуетті өнім берушілерге сатып алу процесіне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру болып табылады.

Бұл ретте тауарларды сатып алудың қолданыстағы жүйесі «Самұрық-Қазына» АҚ тауар өндірушілер тізілімінде тұрған сатып алынатын тауардың тауар өндірушілері арасында ғана, сондай-ақ сатып алынатын тауарды өндіретін, «Самұрық-Қазына» АҚ мүгедектер ұйымдарының тізілімінде тұрған мүгедектер ұйымдарының арасында ғана ашық тендер немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізуді көздейді. Бұдан басқа, Сатып алу қағидаларында тауарларды сатып алуды жүзеге асыру бөлігінде ерекше шарттар көзделген, оларды 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар жасасқан «Самұрық-Қазына» АҚ жер қойнауын пайдаланушылары осындай келісімшарттардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе 2021 жылдың 1 қаңтарына дейін, осы екі мерзімнің қайсысы бұрын басталуына қарай қолданады. Бұл ерекше шарттар жер қойнауын пайдаланушылар «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 78-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес, олар жобалық құжаттың және техникалық реттеу саласындағы ҚР заңнамасының талаптарына сай болған жағдайда, тауарларды қазақстандық өндірушілерден сатып алуға міндетті екендігін көздейді.

Сатып алу процесі мынадай негізгі кезеңдерді қамтиды:

- сатып алудың жылдық (ұзақ мерзімді) жоспарын әзірлеу және бекіту;
- өнім берушіні таңдау;
- сатып алу туралы шартты жасау және орындау.

ҚМГ және оның ЕТҰ өнім берушілерін таңдау төмендетуге арналған сауда-саттық қолданыла отырып, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен, сондай-ақ бір көзден алу тәсілімен ашық тендер өткізу тәсілімен «Самұрық-Қазына» АҚ Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады.

Барлық сатып алулар Электрондық сатып алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің өнім берушілерін таңдау кезінде маңызды аспект «Самұрық-Қазына» АҚ Сатып алу қағидаларына сәйкес, қорытындыларға әсер ететін бұзушылықтарға жол бермей, сатып алу рәсімдерін жүргізу болып табылады. Бұл көрсеткіш ҚМГ және оның ЕТҰ басшы қызметкерлері қызметінің түйінді көрсеткіштерінің картасына енгізілген.

«Самұрық-Қазына» АҚ әлеуетті өнім берушілерді алдын ала білікті іріктеуді жүргізуді және алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің деректер базасын

қалыптастыруды көздейтін білікті әлеуетті өнім берушілердің арасында сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібін әзірлеп, бекітті.

Әлеуметтік критерийлер бөлігінде әлеуетті өнім берушілерге қойылатын талаптарды белгілеу мүмкіндігі ҚМГ ұйымдарының сатып алу рәсімдерін реттейтін «Самұрық-Қазына» АҚ Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидаларында көзделмеген. Осыған байланысты өнім берушіні таңдау кезінде әлеуметтік критерийлерді белгілеу «Самұрық-Қазына» АҚ тарапынан бәсекелестікті шектеу ретінде бағалануы мүмкін.

Сонымен қатар, Адам құқықтары мен әлеуметтік критерийлерді сақтау ережелері ҚМГ Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерін сатып алуға арналған үлгі шарттарында, сондай-ақ бекітілген Іскерлік әдеп кодексінде көрсетілген.

2018 жылы ТЖҚ сатып алудың жалпы сомасы 2 428 млрд теңгені құрады.

2018 жылы ҚР резидент компанияларынан сатып алу көлемі (олардың қызметкерлерінің азаматтығына және «CT-KZ» нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың бар-жоғына қарамастан) 2 280,8 млрд теңгені құрады, бұл сатып алудың жалпы сомасының 93,9 %-ын құрайды.

**ҚР резидент компанияларынан сатып алу сомасы**

*млрд теңге*

| Жыл | Жиыны | Тауарлар | Жұмыстар мен қызметтер |
|---|---|---|---|
| **2016** | 1 602,5 | 637,5 | 965 |
| **2017** | 2 257,9 | 775,1 | 1 482,8 |
| **2018** | 2 280,8 | 739,8 | 1 541 |

Сонымен қатар тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамту үлесін есептеу ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде ұйымдардың жергілікті қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесі негізінде жүргізіледі.

*«Жергілікті» деген сөзбен тауар өндіретін және жергілікті қамту үлесінің пайызы көрсетілетін «CT-KZ» нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаты бар отандық кәсіпорындар түсініледі. Жұмысты орындауға, қызметтерді көрсетуге арналған шартта (жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде сатып алынатын жұмысты орындауға (қызмет көрсетуге) арналған шартты қоспағанда) жергілікті қамтуды есептеу кезінде қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің жалпы қорындағы қазақстандық кадрлардың еңбегіне ақы төлеу қорының үлесі ескеріледі.*

**Тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жалпы сомасы және жергілікті қамту үлесі, млрд теңге**

| | | | Тауарлар | | Жұмыстар мен қызметтер | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жыл | Жиыны | ЖҚ үлесі, % | Сомасы | ЖҚ үлесі, % | Сомасы | ЖҚ үлесі, % |
| **2016** | 1 871 | 76 | 721 | 83 | 1 149 | 71 |
| **2017** | 2 553 | 75 | 863 | 79 | 1 690 | 73 |
| **2018** | 2 428 | 79 | 824 | 77 | 1 604 | 80 |

*Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ға тікелей немесе жанама тиесілі және «Самұрық-Қазына» АҚ тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидаларының субъектілері болып табылатын ҚМГ-нің барлық еншілес ұйымдары бойынша шоғырландырылған деректерді көрсетеді.*

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

GRI 103-1, 103-2, 103-3, 205-1, 205-2, 205-3, 406-1, 409-1

Компания Компаниялар тобының қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүйелі ұйымдастыру-тәжірибелік шаралар қабылдауда. Өткен жылы ҚМГ-да «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидалары» (бұдан әрі – Қағидалар), сондай-ақ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт» бекітіліп, енгізілді.

Бұған дейін Экономикалық қауіпсіздік саясаты бекітілді, онда Компаниялар тобы мен оның қызметкерлерінің мүдделеріне қарсы бағытталған сыбайлас жемқорлыққа және басқа да құқыққа қарсы көріністерге қарсы іс-қимыл жөніндегі негізгі бағыттар айқындалған.

Көрсетілген құжаттар мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде ҚМГ және еншілес және тәуелді ұйымдардың сайттарында орналастырылған. ҚМГ бас кеңсесінің ақпараттық мониторларында ҚМГ қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелеріне байланысты тақырыптық сипаттағы ақпараттық-роликтер үнемі таратылады.

Қағидаға сәйкес тоқсан сайынғы негізде ҚМГ компаниялар тобындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүйелі талдау жүзеге асырылады, ҚМГ мен ЕТҰ құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша қызметі зерделенеді және бағаланады.

Өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді басқаруды ұйымдастырудың үлгілік қағидалары, ҚМГ мен оның ЕТҰ-да Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау әдістемесі негізінде тәуекелдердің динамикасы және алдын алушы ықпал іс-шаралары жоспарының орындалу барысы туралы есепті ұсына отырып, бүкіл Компаниялар тобы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдердің жай-күйіне мониторинг және талдау тоқсан сайын жүргізіледі.

Бұл ретте, Компаниялар тобының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әсер ететін тәуекел-факторларды сәйкестендіру рәсімдерін жүргізу барысында тәуекелдерді сандық және сапалы бағалау әдістері пайдаланылады.

Жүргізілген жұмыс аясында 2018 жылы сыбайлас жемқорлық сипатындағы іске асырылған 3 тәуекел тіркелді, олар: ұрлық, парақорлық және мүдделер қақтығысы (2016 жылы – 2 тәуекел, 2017 жылы – 0). Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін 3 қызметкерге қатысты 2 қылмыстық іс қозғалды, олармен жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарттары бұзылып, олардың барлығы соттарда әртүрлі жазалау шараларына сотталған. Еңбек шарттарын заңсыз бұзумен және тәртіптік жауапкершілікке тартумен байланысты қызметкерлердің құқығын бұзудың 5 фактісі анықталды.

2018 жыл ішінде сыбайлас жемқорлыққа байланысты бұзушылықтар салдарынан іскер әріптестермен келісімшарттарды жаңартпау немесе бұзу жағдайлары болған жоқ.

ҚМГ мен ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (бұдан әрі –Агенттік) ҚМГ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізді. Талдау нәтижелері бойынша қызметкерлерді жалдау, мүдделер қақтығысын реттеу кезінде бірқатар тәуекелдер анықталды, оларды жою үшін тиісті ұсынымдар берілді.

Агенттіктің қатысуымен анықталған тәуекелдерді болдырмау және реттеу мақсатында бірлескен іс-шаралар жоспары әзірленді және іске асырылды. Компаниялар

тобында сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың болуы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әдістері жөнінде ҚМГ және ЕТҰ-ның тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің барлық өнім берушілері хабардар етілді.

2017 жылдан бастап ҚМГ мен оның ЕТҰ-ның тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы барлық шарттары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы бөліммен толықтырылды, онда шарттың әрбір тарабы сыбайлас жемқорлыққа толық төзбеушілік саясатын жүргізетіні және әрбір тарап бұл ретте қолданылатын заңнаманы және оның негізінде әзірленген парақорлыққа және коммерциялық сатып алуға қарсы күреске бағытталған саясат пен рәсімдерді басшылыққа алады.

ҚМГ мен ЕТҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі құжаттарын корпоративтік сайттарда орналастыру, ақпараттық-роликтерді трансляциялау, контрагенттермен жасалған шарттардың бөлімдеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережелерді енгізу қызметкерлердің, сондай-ақ әлеуетті контрагенттердің және компанияда бейінделетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптары бар өзге де тұлғалардың барлығының дерлік іс жүзінде толық танысуына қол жеткізуге мүмкіндік берді.

ҚМГ компаниялар тобының корпоративтік қауіпсіздік бөлімшелерінің барлық қызметкерлері өз жұмысын ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырады және құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді және лауазымдық нұсқаулықтарды басшылыққа алады.

ЕТҰ-дан келіп түскен мәліметтер бойынша, корпоративтік қауіпсіздік бөлімшелерінің қызметкерлері тарапынан өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде қызметкерлердің өкілеттіктнен асып кетуі, құқықтарын бұзуы жағдайларына жол берілген жоқ.





# 4 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК





**Өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экологиялық жауапкершілік – маңызды міндет, компанияның имиджі, беделі мен қаржылық әл-ауқаты осы міндеттің шешілуіне байланысты болады. Бүгін біз экологиялық есептіліктің ашықтығына назар аударамыз және осының арқасында ҚМГ екінші жыл қатарынан Қазақстанның мұнай-газ компанияларының экологиялық жауапкершілік саласындағы ашықтық рейтингісінде көшбасшы орынға ие.***

### Газды кәдеге жаратудың өсуі

2018 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша ІМГ-ні кәдеге жаратудың ең жоғары деңгейіне қол жеткізілді – 93%. Газды жағу көрсеткіші 1 000 тонна өндірілген КСШ-ға 6 тонна деңгейінде тұр, бұл IOGP орташа әлемдік көрсеткішінен 50% төмен. Біз Дүниежүзілік Банктің «2030 жылға қарай ІМГ-ні тұрақты жалындатып жағуды толық тоқтату» бастамасын іске асыруды жалғастырамыз және 2030 жылдан кешіктірмей ІМГ-ні тұрақты жалындатып жағу практикасын тоқтатуға ниеттіміз.

### Экологиялық көрсеткіштерді ашу

2018 жылы біз The Carbon Disclosure Project (CDP) – халықаралық инвесторлар қоғамдастығының парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындылары және климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер туралы ақпаратты ашу бастамасы туралы мәлімдедік және тауарлық өнімнің ұңғымадан оның түпкілікті пайдалануына дейінгі барлық көміртегі ізін бағалау жұмысын бастадық.

* *Экологиялық жауапкершілік саласындағы мұнай-газ компанияларының ашықтық рейтингі https://www.zs-rating.ru/*

# БІЗДІҢ БАСҚАРУ ТӘСІЛІМІЗ

GRI 103-1, 103-2, 103-3, 302, 303, 304, 305, 306, 307, 403

ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелерін басқару жөніндегі мақсаттар Топтың Даму стратегиясымен тікелей байланысты. 2018 жылы ҚМГ-нің 2028 жылға дейін Стратегиясы қоршаған ортаны қорғау бөлігінде Топ үшін басым бағыттарды (парниктік газдар шығарындыларын басқару және газды жалындатып жағуды қысқарту, су ресурстарын басқару, өндіріс қалдықтарын басқару, жерді қайта құнарландыру және энергия тиімділігін арттыру) бекітетін «Экологиялық жауапкершілік» стратегиялық бастамасымен кеңейтілді. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде біздің мақсатымыз – өндірістік қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша IOGP құрамына кіретін Халықаралық Мұнай-газ компанияларының жоғарғы квартильдеріне кіру.

Біз өндірістік қызметті ұлттық заңнама талаптарына және ҚМГ Басқармасының 2016 жылғы 24 мамырдағы шешімімен бекітілген Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Топтың саясатына сәйкес жүзеге асырамыз. Саясат Топтың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ біздің нысандарымызда қызмет көрсететін мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне қолданылады. 2019 жылы Саясатты жетілдіру және Экологиялық саясат пен Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы саясатты әзірлеу жоспарлануда.

ҚМГ компаниялар тобының ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі қызметін корпоративтік орталықта Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директор үйлестіреді. Корпоративтік орталық ЕҚОҚ және энергия тиімділігі саласындағы болашақ қызмет үшін жетістіктерді талдайды және жақсартылуы тиіс облыстарды, мақсаттар мен міндеттерді айқындайды, өткен кезеңдермен және саланың жетекші халықаралық компанияларының (IOGP, IPIECA) ұқсас көрсеткіштерімен бенчмаркинг өткізеді.

Сондай-ақ, 2017 жылдан бастап ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ комитеттерінің үш деңгейлі жүйесі енгізіле бастады: ҚМГ ДК деңгейінде, ҚМГ басшылығы деңгейінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі Функционалдық комитет, ЕТҰ деңгейінде ЕҚОҚ жөніндегі комитеттер. Комитеттер жүйесін құрудың мақсаты – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша трансформациялау процесін басқару.

## ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бағыттары бойынша қызметтің тиімділігі бағаланатын түйінді көрсеткіштер

### Денсаулық және еңбекті қорғау ҚТК

**Өлім жағдайлары**

- Өлім жағдайларының саны
- 100 млн адамға шаққанда өлім жағдайларының коэффициенті (FAR)- сағат

**Уақыт жоғалту**

- Уақыт жоғалтылатын жарақаттану коэффициенті (LTIR)
- ЖКО коэффициенті (MVAR)

**Тіркелген жағдайлар**

- Барлық тіркелетін жарақаттану коэффициенті (TRIR)
- Ірі LTIR

**Денсаулықты қорғау**

- Еңбекке жарамсыздық күндерінің жалпы саны
- Өндіріспен байланысты емес өлім жағдайлары

> «Қауіпсіздік, қоршаған орта және әлеуметтік көрсеткіштер біздің бизнес-жоспарлар мен шешімдеріміздің өзегіне жақындай түсті».
>
> **Алик Айдарбаев, Басқарма төрағасы**

# Экологиялық ПЭК

## Жылыстаулар және өнімділіктің төмендеуі

- Диверсиялық жылыстаулар көлемі
- Өндірістік жылыстаулар көлемі
- Диверсиялық жылыстаулар саны
- Өндірістік жылыстаулар саны
- $CO_2$ баламасындағы жану өндірісі
- Өндірістік көмірсутектерді жандыру көлемі

## Шығарындылар

- Парниктік газдар шығарындылары
- Парниктік газдардың қарқындылығы / көмірсутегі бірлігі
- $NO_2$ & $SO_2$ шығарындылары / көмірсутегі бірлігі

## Қалдықтар мен су

- Тарихи зертханаларды жою және мұнаймен ластанған жерлерді қалыпқа келтіру
- Тарихи қалдықтар және жердің орындауы
- Тұщы суды тұтынуды төмендету

## Энергия тұтыну

- Энергия тұтыну (бизнес-бөлімшелер бойынша)
- Энергия тұтыну тиімділігі (%)

«Қауіпсіз еңбек және қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениеті» мінез-құлықпен және жеке нанымдармен айқындалады. Біз ҚМГ-дағы барлық байланыс арналары бойынша ақпаратты, еңбекті қорғау және экологиялық аспектілер бойынша статистиканы тұрақты жылжыту және тарату бойынша жұмыс жүргіземіз. Қауіпсіздік біздің компанияның негізгі құндылығы болып табылатыны біздің басшылар мен қызметкерлердің санасына «сіңіріледі».

**Винсент Спинелли, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директор**




UN GLOBAL COMPACT
COMMUNICATION ON PROGRESS

**7-қағидат**
Қоршаған орта: Іскер топтар экологиялық проблемаларды шешу кезінде сақтық көзқарасты ұстануға тиіс

**8-қағидат**
Қоршаған орта: Іскерлік топтар үлкен экологиялық жауапкершілікті ілгерілетуге арналған бастамаларды көтеруі тиіс

**9-қағидат**
Қоршаған орта: Іскерлік топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамыту мен таратуды ынталандыруы тиіс

## ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша менеджмент жүйесі

2018 жылдың қыркүйегінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша менеджмент жүйесі жөніндегі нұсқаулық бекітілді. Бұл құжат компаниядағы ЕҚОҚ мәселелерін басқару тәсілін өзгертті. Басшылық Мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) үздік халықаралық тәжірибелері – ұсынымдары негізінде әзірленген және ҚМГ компаниялар тобына қолданылады. Бұл жүйенің негізінде төрт іргелі қағида жатыр: көшбасшылық, мақсатқа жету, тәуекелдерді басқару және тұрақты жетілдіру.

Сонымен қатар, ҚМГ-да 2006 жылдан бастап ISO 9001, ISO 14001 және OHSAS 18001 талаптарына сәйкес сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы басқару жүйесі жұмыс қалпын сақтап келеді. Энергияны тұтынудың елеулі деңгейі бар еншілес және тәуелді ұйымдар ISO 50001 бойынша сертификатталған.

**ЕҚ, ДҚ және ҚОҚ МЖ құрылымы және үздік салалық практикаларды енгізу**



### 1. БАСШЫЛЫҚ
- Басшылықтың қатысуы: Басшылар форумы, SPE симпозиумы
- ЕҚОҚ бойынша комитеттердің 3 деңгейлі жүйесі

### 2. МАҚСАТТАР
НӨЛ
- Инциденттер
- Төгілу
- Төгінділер
- Әдепкі өртеу

### 3. СТРАТЕГИЯ
- Жергілікті жерлерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- Экологиялық жауапкершілік

### 4. КУРС
- ЕҚОҚ саясаты
- Көлік саясаты
- Алкогольге, есірткі құралдарына тыйым салу саясаты
- Атмосфералық ортаға шығарындыларды басқару саясаты

### 5. СТАНДАРТТАР
- Үздік әлемдік тәжірибеге негізделген ЕҚОҚ бойынша стандарттарды әзірлеу және енгізу

### 6. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР
- Мердігерлік ұйымды басқару стандарты
- Мердігерлік ұйымдар бойынша есептілік
- Көпшілік тыңдаулар

### 7. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ
- Тәуекелдерді басқару жүйесі
- ҚЖБ бағдарламасы
- Тәуекелдерді бағалау стандарты
- ҚОӘБ

### 8. ӨНДІРІСТІҢ ТҰТАСТЫҒЫ
- Өртке қарсы қауіпсіздіктің дайындығын қамтамасыз ету
- LOTO бағдарламасы
- Өндірістік процестің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі

### 9. ІСКЕ АСЫРУ
- ДК басқару жүйесі
- Көлік қауіпсіздігі бағдарламасы
- Дағдарыстық жағдайларды басқару стандарты
- Метанның жылыстауын айқындау бағдарламасы
- Қалдықтарды басқару стандарты
- Су ресурстарын басқару стандарты
- Энергия пайдалану тиімділігінің жол картасы

### 10. МОНИТОРИНГ
- ЕҚОҚ бойынша есептілік ережелері
- ҚОҚ бойынша ДБ автоматтандыру
- ЕҚОҚ бойынша ҚТК жүйесі
- Оқиғаларды терген тексеру рәсімі
- «Апаттардың себептерін тексеру» автоматтандырылған модулі
- Салыстырмалы талдау

### 11. ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЖАҚСАРТУ
- ЕҚОҚ бойынша бағалауды басқару жүйесі
- ЕҚОҚ жөніндегі комитеттер жүйесі
- ЕҚОҚ талаптарына сәйкестік және есептіліктің ашықтығы жөніндегі аудиттер
- ЕҚОҚ мәдениетін арттыру бойынша іс-шаралар кешені

Корпоративтік орталық мүдделі тараптармен және Компаниямен тиісті түрде диалог құруға, сондай-ақ белгіленген тәртіппен ақпаратты ҚМГ Директорлар кеңесіне жеткізуге мүмкіндік беретін түрлі коммуникация тәсілдерін пайдаланады. Осылайша, акционермен проблемалық мәселелерді талқылау ДК және оның комитеттерінің отырыстарының шеңберінде ДК және тиісті комитеттердің мүшелері болып табылатын акционердің өкілдері арқылы жүзеге асырылады.

ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі мәселелер ай сайын ҚМГ Басқарма және ДК отырыстарында тыңдалады, бұл басшылар мен мамандардың жауапкершілігін арттырады.

2017 жылдан бастап ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ комитеттерінің үш деңгейлі жүйесі өз жұмысын бастады: ҚМГ ДК деңгейінде, ҚМГ басшылығы деңгейінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі Функционалдық комитет, ЕТҰ деңгейінде ЕҚОҚ жөніндегі комитеттер. Комитеттер жүйесін құрудың мақсаты – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша жетілдіру процесін басқару. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі Функционалдық комитеттің құрамына ҚМГ жоғары басшылығы, өндіріс басшылары және ЕТҰ ҚОҚ жөніндегі басшылары кірді.

# ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

GRI 103-1, 103-2, 103-3, 403-2

Соңғы төрт жылда ҚМГ-да Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) саласында орасан зор жұмыс жүргізілді, бұл ретте 2018 жыл еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау көрсеткіштері бойынша ең үздік болды. Біз өз мақсатымызға – қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша 2020 жылға қарай өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар коэффициенті бөлігінде әлемдік 20 салалық компанияға кіру мақсатына қол жеткіздік және 2020 жылға қарай Компания жарақаттану коэффициенті бойынша үздік топ қатарына енуді көздеп отыр.

Өліммен аяқталған жазатайым оқиғаны қоса алғанда, жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендердің саны 2017 жылмен салыстырғанда (тиісінше – зардап шеккен 77 адам) тарихи минимумға дейін – 35 %-ға (2018 жылы – зардап шеккен 50 адам) азайды. Халықаралық Мұнай және газ өндірушілерінің қауымдастығына (IOGP) мүше болу шеңберінде біз ҚжЕҚ бойынша жыл сайынғы есептілікті тапсырамыз және мұнай-газ саласындағы әлемдік компаниялармен бенчмаркинг өткіземіз.

Зардап шеккен ер адамдардың жалпы саны – 44 адам, әйел адамдардың саны – 6 адам. Оқиға түрлері бойынша жүргізілген талдау нәтижелері бойынша жарақаттану жағдайларының 80 %-ы құлау/сүріну/сырғанау, биіктен құлау және жүріп келе

**Жазатайым оқиғалар коэффициенті**
(LTIR 1 млн адам-сағатқа)




**Өлім жағдайларының коэффициенті**
(FAR 100 млн адам-сағатқа)




**Орта салалық көрсеткішімен ҚМГ LTIR салыстырмалы талдауы**




**Орташа салалық көрсеткішімен ҚМГ FAR салыстырмалы талдауы**




* *IOGP – International Association of Oil & Gas Producers (https://www.iogp.org/)*

жатқан жабдықтың/заттардың немесе кернеудегі жабдықтың әсерінен болғаны анықталды. Жарақаттануды төмендету мақсатында өндірісте қауіпсіздік техникасын сақтау маңыздылығын түсіндіру мақсатында 2019 жылы ҚжЕҚ мәселелері бойынша көшпелі кеңестер өткізу жоспарлануда.

Жол-көлік оқиғаларының (25 %) және жүргізу нәтижесінде жарақаттардың (47 %) айтарлықтай төмендегені байқалады. Соңғы үш жылда көлік құралдарын қауіпсіздік белдіктерімен жарақтау, жолаушылар көлік құралдарын GPS жүйелерімен жабдықтау бойынша ауқымды науқан жүргізіліп, ол айтарлықтай нәтиже берді: 2016 жылы 71 ЖКО болды, 2017 жылы – 89, 2018 жылы – 67.

Соңғы екі жылда аса мұқият GPS мониторингіне және бұзушылықтарға қатысты қабылданған әрекеттерге, сондай-ақ қауіпсіздік белдіктерінің жұмыс істеу имитатор – тренажері (Конвинсер) қолданыла отырып, жүргізуші жұмыскерлер арасында ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде және отбасы мүшелерімен көлік құраларын пайдаланатын қызметкерлер арасында да қауіпсіздік белдігін пайдалануды арттыру бойынша науқандарға басты назар аударылды. 2018 жылдың соңына қарай бүкіл Қазақстан бойынша төрт тренажер-ЖКО кезінде қауіпсіздік белдіктерінің жұмыс істеу имитаторы «Конвинсер» тренажері жұмыс істейді, 8 000-нан астам демонстрация жасалды. Бұл қауіпсіздік белдігін пайдаланудың маңыздылығы туралы хабардарлықты арттыруға және жол-көлік оқиғалары кезінде зардап шеккендердің санын азайтуға (47 %-ға) мүмкіндік берді.

Қауіпсіздік мәдениетін арттыру және өндірістегі жарақаттану деңгейін төмендетуге арналған негізгі іс-шаралар:

- Жүргізу дағдыларын дамытуға, жүргізушілердің қауіпсіздікке көзқарасын өзгертуге бағытталған қорғанышпен жүргізу бойынша оқыту өткізілді. 12 жаттықтырушы оқытылды.



- Қауіпсіздік бойынша жүріс-тұрысты бақылау (бұдан әрі – ҚЖБ) жұмыстары (ҚЖБЖ) жалғасуда – 68 263 бақылау жүргізілді.
- Жүргізу қауіпсіздігі бойынша жүріс-тұрысты бақылау бағдарламасы (ҚЖББ) енгізілді – 23 495 бақылау жүргізілді.

Бағдарламаның көрнекі табысы – оқыту және тәжірибе, сондай-ақ жүргізудің дұрыс мінез-құлқының арқасында қауіпсіз емес мінез-құлық дереу түзетіледі, қауіпсіз мінез-құлық жоғары бағаланады. Бұл бағдарлама қауіпсіздік үшін қамқорлық пен жеке жауапкершілікті көрсету арқылы басшы және қарапайым қызметкер арасындағы байланыс пен өзара қарым-қатынасты жақсартып отыр. ҚЖБ әрбір санатын егжей-тегжейлі зерделеу басшылыққа бизнес-бағыттар бойынша проблемалық мәселелерді нақты айқындауға, сондай-ақ еншілес және тәуелді ұйымдарға түзету іс-шараларының жоспарларын әзірлеу және іске асыру үшін мүмкіндік берді.

ЕҚОҚ деректер базасын автоматтандыру процесі аясында төрт модульді дайындау аяқталды: «ҚЖБ», «Мәдениетті бағалау», «Оқиғаларды тергеп тексеру» және «Аудиттер».

- ҚМГ компанияларының барлық тобы бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелеріне дәйекті және жаппай көзқарасты қамтамасыз ететін үздік әлемдік практикаға негізделген корпоративтік құжаттарды әзірлеу және енгізу бойынша үздіксіз жұмыс жүргізілуде.
- ЕҚОҚ комитеттерінің үш деңгейлі жүйесі енгізілді және олар жұмыс істеуде.
- Жарақаттану деңгейі жоғары болған ЕТҰ-да кешенді аудит жүргізілді, олардың нәтижелері бойынша өндірістегі жазатайым оқиғалардың туындау тәуекелдерін төмендету бойынша түзету іс-шараларының жоспарлары әзірленіп, іске асырылды.
- Қызметкерлерді қауіпсіздік бойынша жаңа бағдарламаларға, топ-менеджментті – олардың қауіпсіздік процестеріне тартылуының маңыздылығы бойынша оқыту мақсатында көшпелі презентациялар өткізілді.
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы бас директорлардың «100 % еңбек қауіпсіздігі әркімнің жеке ісі ретінде» тақырыбында IV жыл сайынғы форумы өткізілді. Осыған ұқсас форумдар желілік басшылар үшін ЕТҰ-да өткізіледі.
- ҚМГ Басқарма төрағасының жыл сайынғы «ҚМГ компаниялар тобының Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы үздік инновациялық идеялары мен тәжірибелері» атты IV конкурсы өткізілді.
- Мынадай негізгі іс-шараларды қамтитын қызметкерлердің жергілікті жерлерде хабардарлық деңгейін арттыру жөніндегі бағдарламалар әзірленіп, енгізілді:
  — қауіпсіздік мәдениетін арттыру мақсатында Басқарма төрағасының қызметкерлерге тоқсан сайынғы Жолдауларын дайындау және тарату;
  — «Инфаркт пен инсульттің алдын алу» тақырыбында брошюралар әзірленіп, шығарылды, ҚМГ компаниялар тобы бойынша таратылды;
  — ЕҚОҚ логотипі бар имиджік өнім ЕТҰ-ға жіберілді;
  — ЕТҰ және т.б. қызметкерлерінің компьютерлеріне «100 % қауіпсіздік» тақырыбына анимациялық бейнепарақшалар орнатылды.
- ҚМГ «Самұрық-Қазына» АҚ портфльдік компанияларымен ЕҚОҚ саласында тәжірибе алмасу мақсатында кездесулер өткізеді.

# ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ГИГИЕНАСЫ

GRI 103-1, 103-2, 103-3, 403-3, 403-4

ҚМГ мен ЕТҰ-да денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы саласындағы мәселелерді басқару қазақстандық заңнама талаптарына сәйкес жүргізіледі: Еңбек кодексін, Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексті, ҚР санитарлық қағидалары мен нұсқаулықтарын, Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы саласындағы халықаралық талаптарды білуі тиіс. Бұған қосымша Компания қызметкерлермен ұжымдық шарттар жасасады, оларда жұмыс орнында денсаулықты және қауіпсіздікті сақтауға ерекше мән беріледі. Компанияның барлық қызметкерлері жыл сайынғы медициналық тексерумен қамтылған, сонымен қатар ЕТҰ қызметкерлері күнделікті ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық куәландырудан өтеді.

2018 жылы ЕТҰ қызметкерлерінің ауруларына байланысты еңбекке жарамсыздық күндерінің саны 216 203 күнді құрады, бұл 2017 жылға қарағанда 8 362 күнге немесе 3,7 % аз. ЕТҰ қызметкерлері арасында жарақаттанумен байланысты емес өлім жағдайларының саны 2017 жылмен салыстырғанда 5 оқиғаға немесе 19,2 %-ға азайды.

Мұнай-газ саласына тән зиянды өндірістік факторлардың спектрі кәсіби аурулардың пайда болу қауіпіне әкеледі. Олардың мониторингі және оны айқындау мәселелері ҚР заңнамалық талаптарына сәйкес реттеледі.

ҚМГ компаниялар тобында өндірістік объектілердегі кәсіптік ауруларды анықтау жағдайларының алдын алу және мониторингі мәселелері бойынша жүйелі түрде іс-шаралар кешені жүргізіледі. Кәсіби ауруды анықтау бойынша түпкілікті шешім бейінді ұйымның – «МУК» КЕАҚ Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық институтының» бірқатар тексеру нәтижелері бойынша шығарылады.

Есеп беру кезеңінде медициналық тексеру нәтижелері бойынша ҚМГ компаниялар тобында кәсіби ауру (жіті немесе созылмалы) жағдайлары анықталған жоқ.

Басқарманың 27.09.2016 шешімімен бекітілген ҚМГ компаниялар тобында Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту жөніндегі 2020-Жол картасын іске асыру шеңберінде кезең-кезеңімен ҚМГ корпоративтік сауықтыру бағдарламалары енгізілуде, олар бірінші кезекте жұмыскерлердің жарақаттанумен байланысты емес ауыру мен өлімін азайтуға бағытталған.

2018 жылы жүрек-қантамыр ауруларына байланысты қызметкерлер арасында өлімді болдырмауға және төмендетуге бағытталған «Инфаркт пен инсультты болдырмау» деген ҚМГ Денсаулықты сақтау жөніндегі корпоративтік кампаниясы әзірленіп, енгізілуде. «Сауықтыруға 10 қадам» бастамасын және «ҚМГ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру регламенті» деген ішкі реттеуші құжатты енгізуді бақылау және мониторинг жүргізіледі, оның негізгі міндеттері қызметкерлерді шұғыл медициналық көмекпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға, медициналық пункттерді жарақтандыруға және шұғыл медициналық ден қою жоспарының мазмұнына қойылатын талаптарды белгілеу болып табылады.

Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы саласында басқаруды жақсарту және тиімділігін арттыру үшін мынадай іс-шаралар өткізілді:

1. Тәжірибе алмасу мақсатында ЕТҰ-ның денсаулықты қорғау және еңбек гигиенасы

**Науқастану бойынша еңбекке жарамсыздық күндерінің саны**




**Жарақаттанумен байланысты емес өлім жағдайларының саны**



жөніндегі мамандарын тарта отырып, ЕТҰ-ға кешенді тексерулер жүргізілді;
2. «Кәсіптік патология және еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау» тақырыбы бойынша ЕТҰ-ның Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы жөніндегі мамандарын оқыту (семинар/тренинг) ұйымдастырылды және өткізілді (Қарағанды қ. ГжКӘҰО базасында);
3. ЕТҰ-да денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы бойынша талаптардың сәйкестігіне 10 аудит өткізілді, оның ішінде ФТ мүшелерінің қатысуымен кешенді аудит өткізілді;
4. Өндірістік учаскелер мен цехтар, қызметкерлерге арналған демалыс бөлмелері, тұрмыстық үй-жайлар, асханалар мен медициналық көмек пункттері тексерілді, тексеру нәтижесінде және анықталған нормадан ауытқулар бойынша 70 ұсыным берілді;
5. ЕТҰ-да қызметкерлерді мерзімдік медициналық тексеру (ММТ) негізінде қорытынды ММТ актілері негізінде анықталған науқастарды сауықтыру бойынша 2018 жылға арналған іс-шаралар жоспары әзірленді.

## 2019 жылға арналған жоспарлар:

Біз қол жеткен жетістіктермен тоқталмаймыз, өйткені ЕҚОҚ-ты басқару жүйесін жетілдіру – бұл үздіксіз процесс екенін түсінеміз. Енді ҚМГ еңбекті қорғау, денсаулық және көлік қауіпсіздігін жақсарту тұрғысынан дұрыс жолда тұр, сондықтан біз жаңа мәлімдемелерге, мердігерлік ұйымдарды басқаруға дайынбыз. 2019 жылы біз мердігерлік ұйымдардың қауіпсіздігін басқару көрсеткішін және мердігерлік ұйымдар есептілігінің ашықтығын ҚТК ретінде белгілеуді жоспарлап отырмыз. Мердігерлер біздің жұмыс қызметкерлеріміздің 50 %-нан астамын құрайды және олардың қауіпсіздігін арттыру соңында ҚМГ жалпы өнімділігіне әсер етеді. Біздің үмітіміз ҚазМұнайГаз компаниялары тобының және бүкіл мердігерлік ұйымдардың барлық қызметкерлері жұмыстан әрдайым аман-сау қайтуларына бағытталған. Біз өз мақсатымызға – 100 % қауіпсіздікке жетудегі үздіксіз жұмысымызды жалғастыра береміз.

Бұдан басқа, 2019 жылға арналған басым міндеттер:

1. 2019 жылға жоспарланған Еңбекті қорғау жөніндегі негізгі бағдарлама – «Салдарсыз оқиғалар бойынша есептілік» пилоттық жобасын іске қосу. 2017 және 2018 жылдары қауіпті мінез-құлықты анықтауға және түзетуге басты назар аударылды. «Салдарсыз оқиғалар бойынша есептілік» бағдарламасы қауіпсіз жұмыс жағдайларын айқындауға бағытталатын болады. Бұл бағдарлама барлық деңгейдегі қызметкерлерді тартады және оларға өздерінің алаңдаушылықтары, проблемалары мен ұсыныстары туралы хабарлауға мүмкіндік береді.
2. Өзінің табыстылығын дәлелдеген Алтын қағидалар бағдарламасын қайта іске қосу.
3. ҚЖБ бағдарламасы ҚТК дәрежесінен ЕТҰ-дағы стратегиялық бастамаға көшеді және бұдан әрі ЕҚОҚ жөніндегі комитеттер арқылы қадағаланатын болады.
4. Жарақаттану оқиғаларының саны ҚМГ тарихында ең төмен деңгейге дейін төмендеді – 2017 жылмен салыстырғанда 35 % төмендеді, 48 жарақаттану оқиғасының 21-інде қолдар және/немесе саусақтар жараланды, бұл жарақаттанудың жалпы санының 43 %-ын құрайды. Осыған байланысты, 2019 жылы «қол мен саусақтардың жарақаттарының алдын алу» атты аталған аймақтардың жарақаттануын болдырмау бағдарламасын іске қосамыз.
5. 2019 жылдың қазан айында ҚМГ Қазақстанда ЕҚОҚ бойынша 1-ші Каспий SPE симпозиумын өткізеді, бұл қауіпсіздік мәселелеріне көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Бұл Симпозиумға әлемнің түкпір-түкпірінен 400-ге жуық қатысушы келеді.
6. Дағдарыстық жағдайларды басқару орталығын енгізу және дағдарыстық жағдайлар бойынша оқу-жаттығу сабақтарын өткізу.
7. Қауіпсіздік тәуекелдерін басқару және өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару бойынша корпоративтік стандартты әзірлеу (Process Safety Management).
8. ҚМГ Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы саласындағы менеджмент жүйесі бойынша негізгі корпоративтік құжатты, оның ішінде тәуекелдерді бағалауды және шұғыл медициналық ден қоюға әзірлікті қоса алғанда, басқару жүйесінің ағымдағы деңгейін бағалауға арналған құралдарды әзірлеу және енгізу.
9. ҚМГ компаниялар тобында АМӨЗ, ҚТО, ИОА, ЕМГ және ҚММ базасында шұғыл медициналық көмек бойынша көрсеткіштік оқу дабылын ұйымдастыру.
10. Түрлі бағыттар бойынша функционалдық топтардың жұмысы.
11. ЕҚОҚ жөніндегі комитеттер жүйесі арқылы ЕҚОҚ жөніндегі стратегия мен жоспарларды іске асыруды жалғастыру.

# ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК

GRI OG13

Барлық қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар мен инциденттерге жол бермеу және апаттылық деңгейін төмендету мақсатында 2018 жылы Компания мынадай іс-шараларды орындады:

- Техникалық құрылғыларды куәландырудың, жөндеудің және ауыстырудың уақытылы жүргізілуін жүйелі бақылау;
- Технологиялық тәртіпті қатаң сақтау;
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылауды орындау;
- Заңдармен және нормативтік құқықтық актілермен белгіленген өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын толық сақтау.

2018 жылы компанияның өндірістік нысандарында 2 авария орын алды, бұл – мұнай және газ кен орнында газ-мұнай-су белгілері және технологиялық құбырдың герметизациясы салдарынан мұнай өңдеу зауытында орын алған өртену. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бұзу және оның физикалық тозуы салдарынан жабдықтардың қанағаттанғысыз техникалық жай-күйі – авариялардың негізгі себептері болып табылады. Шығын сомасы 4,860 млн теңгені құрады, зардап шеккендер жоқ.

Орын алған авариялар бойынша себептер мен мән-жайларды анықтай отырып, мемлекеттік техникалық тексерулер жүргізілді, сондай-ақ түпкілікті себептері анықталды және Компанияның корпоративтік деңгейінде түзетуші іс-шаралар әзірленді, кейін «Оқиғалардан алынған сабақтар» барлық ЕТҰ бойынша таратылды.

Есепті жылы IOGP қауымдастығына кіретін халықаралық мұнай өндіруші компаниялармен Tier 1 Process Safety Event Rate (Tier 1 PSER) өндірістік қауіпсіздік инциденттерінің коэффициенті бойынша Компанияның бизнес-бағыттары бөлінісінде бенчмаркинг өткізілді. IOGP компаниялар тобы бойынша бұл көрсеткіш 0,17 құрайды, бұл Компанияның «Барлау және өндіру» бизнес-бағыты бойынша 1,3 көрсеткішінен айтарлықтай төмен болып, Компанияның «Өңдеу және маркетинг» (0,06) және «Тасымалдау» (0) бизнес-бағыттары бойынша ұқсас көрсеткіштерінен жоғары болды. «Барлау және өндіру» бағыты бойынша өндірістік қауіпсіздік саласындағы көптеген инциденттердің себептері – құбырлардың тозуы және коррозиядан туындаған жабдықтардың сынуы.

**Авариялар саны (техногендік сипаттағы)**




**Tier 1 PSER өндірістік қауіпсіздік инциденттері коэффициенті**



## Төтенше (дағдарыстық) жағдайларды жоюға дайындық

Есепті жылы Компанияның корпоративтік орталығында жедел ден қоюды қамтамасыз ету, ықтимал дағдарыстық жағдайлардың ушығуына жол бермеу, зардаптардың ауырлығын және олардың пайда болуы нәтижесінде ықтимал залалды азайту үшін Дағдарыстық жағдайларды басқару бойынша регламент жобасы әзірленді.

Регламент Компания мен ЕТҰ беделіне, оның қаржылық әл-ауқатына немесе ұзақ мерзімді перспективада өміршеңдігіне елеулі әсер ете алатын оқиғаларды басқарудың үш деңгейлі тәсілін көздейді. Дағдарыстық жағдайлар өндірістік сипаттағы (авариялар, өрттер, жарылыстар), сондай-ақ өндіріспен байланысты емес (аса ірі көлемдегі алаяқтық, қоғамдық тәртіпсіздіктер, терроризм актілері) болып қарастырылады.

Барлық жағдайда дағдарыстық жағдайлардың әсерін азайтуға және оның салдарын азайтуға бағытталған стратегиялық шешімдер қабылдау үшін Компанияның жоғары басшылығын тарту көзделеді.




## Оқиғаның елеулілік дәрежесінің артуы

2018 жылы Компаниялар тобы бойынша өрт қауіпсіздігі саласында бағалау парақтары енгізілді, олар мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің өрттің алдын алуға және сөндіруге дайындығын тексеруге бағытталған.

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің (МЕӨҚҚ) дайындығын, сондай-ақ Компания объектілерінде өрттің алдын алу және сөндіру саласындағы шарттық міндеттемелерді орындау тиімділігін айқындау мақсатында өрттің алдын алу мен сөндіруге дайындығын тексеру мен бағалау мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі:

1) өрттің алдын алу және сөндіру бөлігінде өрт қауіпсіздігі саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін МЕӨҚК рұқсат беру құжаттарының болуы;
2) МЕӨҚК бөлімшесінің жеке құраммен, өрт-техникалық жарақпен, ТОҚЖҚ-мен жасақталуы;
3) өрт сөндіру депосы ғимаратының немесе арнайы арналған бокстардың болуы;
4) жеке құрамның дайындығын ұйымдастыру;
5) қарауылдық қызметті ұйымдастыру;
6) газ түтіннен қорғау қызметін ұйымдастыру;
7) өрт сөндіру автомобильдерін пайдалануды және техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;
8) өрт-техникалық қару-жарақты пайдалануды және сынауды ұйымдастыру;
9) өрт-алдын алу қызметін ұйымдастыру;
10) өртті оқшаулау және жою бойынша іс-қимылдарға дайындық (тексеру өрт-тактикалық сабақ қорытындысы бойынша).

МЕӨҚК әзірлігін бағалау бойынша жоспарлы тексерулерді ЕҚ, ӨҚ және ӨҚ қызметінің қызметкерлері, ЕТҰ-ның өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандары басшылар бекітетін жоспарларға сәйкес жүзеге асырады.

Бағалау парақтарының деректеріне жүргізілген кешенді талдау нәтижелері бойынша бірқатар ЕТҰ-да мынадай шұғыл түзету іс-шараларын қабылдау қажеттігі анықталды: МЕӨҚК штатының жинақталуын қамтамасыз ету, өрт сөндіру депосының құрылысы, тиесілік нормаларына сәйкес өрт сөндіру автомобильдерінің болуы мен жинақталуын қамтамасыз ету.

## Құрлыққа төгілуді алдын алу

GRI 306-3

2018 жылы Компания, бұрынғыдай, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы маңызды бағыттардың бірі ретінде құбырлардың тұтастығын қамтамасыз етуге үлкен көңіл бөлді.

2018 жылы мұнайдың төгілу көлемі өткен жылғы деңгеймен салыстырғанда 55 %-ға азайды және 784,68* тоннаны құрады. Өткен жылғы көрсеткіш 1 749,65 тоннаны құрады. Бұл нәтижелер «Барлау және өндіру» бизнес-бағытындағы Компанияның ЕТҰ-да тозған құбырларды ауыстыруға және құбырларды тежеу арқылы коррозиядан қорғауға бағытталған кәсіптік құбырлардың сенімділігін арттыру жөніндегі бағдарламаларды іске асырудың нәтижесі болып табылады.

Компанияда мұнайдың төгілуінің негізгі себебі – коррозиялық процестердің әсерінен кәсіптік мұнай құбырларының тесілуі болып табылады. Сондықтан, Компания 2018 жылы олардың бүтіндігі мен сенімділігін арттыруға бағытталған құбырларды диагностикалау, қайта жаңарту, ауыстыру, тежеу және тазарту бойынша іс-шараларды уақытылы және сапалы орындау арқылы кәсіптік мұнай құбырларының істен шығуы мен тесілуі санын төмендету бойынша жұмысты жалғастырды.

**Мұнайдың төгілу көлемі (тонна)**




2012 жылдан бастап құқық қорғау органдарымен тығыз қарым-қатынас жасай отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ Компанияның құбырларына кесекірумен байланысты заңсыз қылмыстық жағдайды өзгертті. 2013 жылдың өзінде санкцияланбаған

* Көрсеткіш «Барлау және өндіру» бағыты бойынша мұнайдың төгілу көлемі жөніндегі деректерді көрсетеді

**Санкцияланбаған кесекірулер**




кесекірулердің санын төмендетуге қол жеткізілді: жылына бұрынғы бірнеше ондаған, тіпті ондаған фактіден 17 фактіге дейін төмендеу; 2014 жылдың қорытындысы бойынша 12 санкцияланбаған кесекіру анықталды; 2015 жылы 14 кесекіру жасалды; 2016 жылы – 3 санкцияланбаған кесекіру, 2017 жылы – 6 заңсыз кесекіру анықталды, 2018 жылы – 1 кесекіру.

Осы көрсеткіштерге мынадай іс-шараларды орындау арқасында қол жеткізілді:

- GPS-жүйелер бойынша мобильді топтардың жұмысына мониторингті және мобильді топтардың мұнай құбырларын шолып өтуді және шолып тексеруді уақытылы жүзеге асыруына бақылауды күшейту;
- «Optosense» мониторинг жүйесі арқылы мұнай құбырларын қорғау.

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

GRI **102-11, 103-1, 103-2, 103-3, 302, 303, 304, 305, 306, 307**

Сақтық қағидатына сәйкес (БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау және дамыту жөніндегі Рио-де-Жанейро декларациясының 15-принципі, 1992 ж.), сондай-ақ ҚМГ экологиялық менеджмент жүйесінің талаптарына және ҚР заңнамасының ережелеріне сәйкес әрбір жобаны жоспарлау кезеңінде қабылданатын басқарушылық және шаруашылық шешімдер нұсқаларының экологиялық және өзге де салдарын айқындау, Қоршаған ортаны сауықтыру, табиғи экологиялық жүйелер мен табиғи ресурстардың жойылуын, тозуын, бүлінуін және сарқылуын болдырмау жөнінде ұсынымдар әзірлеу үшін қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) жүргізіледі. Бұдан басқа, әрбір жобаны жобалау кезеңінде мүдделі тараптар: мемлекеттік және бақылаушы органдардың, ғылыми-зерттеу ұйымдарының, қоғамдық бірлестіктердің, жергілікті халықтың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінің қатысуымен қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Біз барлық мүдделі тараптардың ҚОӘБ жобаларына қол жеткізуін, ескертулері мен ұсыныстарының қабылдануын және тіркелуін қамтамасыз етеміз. ҚМГ компаниялар тобының барлық ҚОӘБ жобалары мемлекеттік экологиялық сараптама объектісі болып табылады және ол Компанияның ресми сайтында, жергілікті билік органдарының веб-сайттарында жобаның барлық өмірлік циклі ішінде мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді. 2017–2018 жылдары жергілікті қоғамдастықпен және қоғамдық ұйымдармен 95 кездесу өткізілді, оның 45 – 2017 жылы және 50 – 2018 жылы өткізілді. Қоғамдық тыңдаулардың нәтижелері бойынша мүдделі тараптардың ұсыныстары мен пікірлерін ескеретін тиісті шаралар қабылданады.

Экологиялық тәуекелдерді тиімді басқару үшін Компания табиғатты қорғау қызметін басқару тәсілдерін үнемі жетілдіріп отырады және қоршаған ортаны қорғауға қажетті ресурстарды, атап айтқанда нормативтік эмиссиялар үшін салық төлеуді, табиғатты қорғау іс-шараларына, сақтандыруға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы өтемдік іс-шараларға, қоршаған ортаға әсерді болдырмауға арналған инвестицияларды және т. б. қамтитын экологиялық шығындарды бөледі. Компания тарихи қалдықтарды өңдеуге және ластанған жерлерді қалпына келтіруге арналған бюджетті ұлғайтты. Қалдықтарды өңдеуге арналған инвестициялар 2015 жылдан

бастап 3 есе ұлғайды және қоршаған ортаны қорғауға арналған барлық шығыстардың үштен бірінен астамын құрайды. Сонымен қатар ілеспе мұнай газын пайдалануды арттыру есебінен атмосфералық ауаға шығарындыларды қысқартуға байланысты эмиссиялар үшін төлемдердің төмендегені байқалады.

**Экологиялық төлемдер мен шығындардың динамикасы, млрд теңге**




## Энергетикалық ресурстарды пайдалану және энергия тиімділігін арттыру

GRI **103-1, 103-2, 103-3**

Қоршаған ортаны қорғау және өндіріс тиімділігін арттыру саласындағы міндеттердің бірі ретінде біз энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жалғастыруды көреміз. Корпоративтік орталық энергия тұтыну және энергия тиімділігі көрсеткіштері бойынша деректерді жинайды және талдайды, ілгерілеуді бақылайды және жақсарту мүмкіндіктерін сәйкестендіреді, өткен кезеңдермен және саланың ұқсас компанияларының (IOGP) көрсеткіштерімен бенчмаркинг жүргізеді.

Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметі «Энергетикалық менеджмент жүйесі» ISO 50001 халықаралық стандартының әдіснамасына негізделеді, ол осы қызметте жүйелі басқару бойынша ең үздік жалпы танылған халықаралық тәжірибе болып табылады.

2017 жылдан бастап ҚМГ-да еншілес және тәуелді ұйымдардың, оның ішінде бірлесіп бақыланатын ұйымдар мен ҚМГ бірлескен кәсіпорындарының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі 2017–2020 жылдарға арналған Жол картасы жұмыс істейді. Энергия үнемдеу бойынша Жол картасының мақсаттары:

- энергия үнемдеу және энергия тиімділігі үшін жауапты басшыларға энергия тиімділігі бойынша ҚТК енгізу арқылы жоғары басшылықтың жауапкершілігін арттыру;
- энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету;
- энергия үнемдеу іс-шараларын жүргізудің энергетикалық тиімділігін арттыру есебінен төлем жүктемесін төмендету;
- энергетикалық жабдықтарды салу, қайта жаңарту, күрделі жөндеу кезінде энергетикалық тиімділікті қамтамасыз ету;
- энергетикалық тиімділікті арттыру үшін, оның ішінде энергия сервистік шарттар (келісімшарттар) ережелерінде жеке инвестицияларды тарту;
- энергетикалық тиімділік талаптары мен көрсеткіштерінің сақталуын бақылау жүйесін жетілдіру;
- энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру саласындағы заңнама талаптарын сақтау.

# Энергия ресурстарын тұтыну

GRI 302-1

**Іс-шаралар бағыты бойынша энергия тұтынуға қосқан үлесі**




**Түрлері бойынша энергия ресурстарын тұтыну, %**




Есепті кезеңде барлығы 167,6 млн ГДж* отын-энергетикалық ресурстар тұтынылды, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 40% жоғары, оның ішінде электр энергиясын тұтыну көлемі 12,6 млн ГДж, жылу энергиясы – 6,0 млн ГДж, мотор отыны – 2,0 млн ГДж, қазандық-пеш отыны – 146,9 млн ГДж құрады. Энергия тұтыну көлемі «Мұнай және газ өндіру», «Мұнай және газ көлігі» және «Мұнай және газ өңдеу» деген үш бизнес-бағыт арасында бөлінген.

2017 жылмен салыстырғанда энергия ресурстарын тұтынудың артуы, бірінші кезекте МӨЗ-ді жаңғыртуға және мұнай өңдеу тереңдігін ұлғайту үшін жаңа технологиялық қондырғыларды енгізуге, сондай-ақ газ тасымалдау көлемінің ұлғаюына байланысты. Газ тасымалдау ортаазиялық газ транзиті мен газды экспортқа беру көлемінің ұлғаюы есебінен артты.

2018 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша жеке генерацияланатын энергия көлемі 683,4 млн кВт (2,5 млн ГДж) электр энергиясын және 3 812,5 мың ГДж құрады. Жылу энергиясы Гкал (16,0 млн ГДж).

* *2018 жылғы жылдық есепте энергия тұтыну бойынша жедел деректер көрсетілген.*

# Ұйымнан тыс энергия тұтыну

GRI 302-2

Қазіргі уақытта біз ұйымның ішінде ғана энергетикалық ресурстарды тұтынуды есепке аламыз, осыған байланысты ұйымнан тыс энергия тұтыну осы есепте көрсетілмеген.

# Энергия тұтынуды қысқарту*

GRI 302-4

Отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды үнемдеу ҚМГ компаниялар тобындағы энергия үнемдеу және энергия тиімділігі жөніндегі Жол картасының ҚТК-нің бірі болып табылады. Жол картасы энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, энергия тиімділігін арттыру нәтижесінде төлем жүктемесін төмендету, басшылықтың энергия тиімділігі мәселелеріне тартылуын арттыру, сондай-ақ энергия үнемдеу және энергия тиімділігі мәселелері бойынша заңнамалық талаптарды орындау мақсатында әзірленді. Айта кету керек, тиісті іс-шараларды орындау Қазақстандағы мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері болып табылатын біздің ЕТҰ-ға қолданылады. Осылайша, бұл тізілімге мұнай мен газды өндіру, тасымалдау және өңдеу бағыттары бойынша активтерді қоса алғанда, ҚМГ-нің 14 ЕТҰ кіреді.

2018 жылы энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша 59 іс-шара орындалды, энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша негізгі іс-шаралар – бұл технологиялық жабдықты жаңғырту, реактивті қуатты өтеуге арналған құрылғыларды енгізу, энергия үнемдейтін технологияларды енгізу, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру. Отын-энергетика ресурстарын үнемдеу 436,8 мың ГДж құрады, натуралдық мәнде 16,8 млн кВт (60,6 мың ГДж) электр энергиясы, 8,8 мың Гкал (37,1 мың ГДжл) жылу энергиясы, 9,6 млн $м^3$ (324,3 мың ГДж) табиғи газ және 458 мың литр (14,8 мың ГДж) ЖЖМ.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша негізгі іс-шаралар, атап айтқанда, технологиялық жабдықты енгізу 2018 жылдың соңында іске асырылғанына байланысты, энергия үнемдеу бойынша іс-шараларды жүргізуден энергия ресурстарының натуралдық мәндегі экономикалық тиімділігі 2019 жылы ғана байқалатын болады. Осы іс-шараларды іске асыруға арналған қаржы шығындары 1,8 млрд теңгені құрады. Отын-энергетикалық ресурстарды сатып алуға қаржы шығынының үнемделуі 395,2 млн теңгені құрады. Іс-шаралардың өтімділігінің жоспарланған мерзімі 4,6 жылды құрайды.

Ағымдағы жылы «Қазгермұнай» ЖШС энергетикалық аудиті өткізілді. Энергетикалық аудит нәтижелері бойынша жиілікті реттелетін жетекті (ЖРЖ) орнату бойынша іс-шаралар, Нұралы к/о зертханасы ғимаратының жылыту жүйесін жаңғырту және люминесцентті шамдарды жарықдиодты шамдарға ауыстыру қабылданды. Келісілген іс-шараларды енгізуге арналған жиынтық шығындар 30,15 млн теңгені құрайды, жалпы үнемдеу жыл сайын 6,5 млн теңгені құрайды. Базалық жылға қатысты энергия үнемдеу әлеуеті 104,11 ш.о.т. немесе базалық жыл үшін ОЭР жиынтық тұтынуының 0,21 %-ын құрайды**.

2018 жылдан бастап МӨЗ-де HSB Solomon Associates LLC (бұдан әрі – Соломон) компаниясының әдіснамасы бойынша үздік әлемдік зауыттармен салыстырғанда ҚР МӨЗ дамуының ағымдағы деңгейіне зерттеу жүргізу бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. Соломон зерттеулерінің мақсаты: негізгі көрсеткіштерді айқындау – «Соломон индекстері» – салыстырмалы базисте МӨЗ, яғни қолда бар қуаттар қаншалықты тиімді пайдаланылатыны. Тиімділік көрсеткіштері көлемі мен конфигурациясы бойынша ұқсас МӨЗ-ді салыстыруға арналған, және оларды МӨЗ жұмысының нәтижелерін (өндірістік, сондай-ақ экономикалық) әртүрлі топтар бойынша басқа МӨЗ жұмысының нәтижесімен салыстыруға мүмкіндік беретін жедел салыстыру үшін пайдаланған дұрыс.

* *2018 жылғы жылдық есепте энергия тұтынуды қысқарту бойынша жедел деректер көрсетілген.*

** *«Қазгермұнай» ЖШС үшін базалық жыл 2017 жыл болып табылады. Айта кету керек, мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі болып табылатын ҚМГ-нің әрбір ЕТҰ үшін энергетикалық аудит жүргізу кезеңдеріне сәйкес жеке базалық кезең белгіленді. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» ҚР Заңына сәйкес энергия аудиті кемінде бес жылда бір рет өткізіледі.*

# Энергия сыйымдылығы

GRI 302-3

2018 жылы көмірсутектерді өндіру бағыты бойынша үлестік энергия тұтыну Компаниялар тобы бойынша өндірілген КСШ тоннасына шаққанда 2,38 ГДж құрады, бұл IOGP Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығының көрсеткішімен салыстырғанда 59 % жоғары, ол 2017 жылы өндірілген көмірсутектердің тоннасына шаққанда 1,5 ГДж құрады. Мұнай өндіруде энергия ресурстарын үлестік тұтыну, бірінші кезекте, жетілген кен орындарында өндірудің суланубының ұлғаюымен байланысты, өйткені суландырудың ұлғаюына қарай өндірілетін сұйықтықтың үлестік тығыздығы және өндірудің механикаландырылған тәсілдеріне тиісінше тұтынылатын энергия артады.

2018 жылы «Мұнай өңдеу» бағыты бойынша үлестік энергия тұтыну МӨЗ бойынша орта есеппен алғанда тоннасына 3,5 ГДж құрады. Бұл көрсеткіш Еуропа зауыттарының көрсеткішінен 15 % жоғары, бұл бірінші кезекте мұнай өңдеу кәсіпорындарының орналасқан жерінің ызғарлы климаттық жағдайларына байланысты. Есепті жылы өткен жылмен салыстырғанда үлестік энергия тұтынудың өсуі зауыттарды жаңғыртумен, мұнай өңдеу тереңдігін арттыру үшін жаңа технологиялық қондырғыларды салумен және қолданыстағы технологиялық қондырғыларды қайта жаңартумен байланысты.

2019 жылы энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша іс-шараларды іске асыру жалғасады, оның нәтижелері бойынша кемінде 0,8 млн ГДж энергияны үнемдеу жоспарлануда. Жаңғырту шеңберінде 2019–2021 жылдары ҚР МӨЗ-де микропроцессорлық есептеу құралдары және орталықтандырылған басқару және бөлінген өлшеу функциясы бар ақпараттық-есептеу жүйесі болып табылатын басқару кешендері базасында іске асырылатын электр энергиясын техникалық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу жоспарлануда. Осы жобаны іске асыру электр энергиясының нақты техникалық есебін ұйымдастыру, электр энергиясын ұтымды бөлу және тұтыну есебінен электр энергиясына жұмсалатын шығындарды азайтуға әкеледі.

# Су ресурстарын пайдалану

GRI 103-1, 103-2, 103-3

Су ҚМГ барлық өндірістік процестерінің ажырамас бөлігі болып табылады. Компания өз қызметінде су тұтыну көлемін қысқартуға, су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға, суды қайта және айналымдағы пайдалануды арттыруға, сарқынды судың сапасын арттыруға және табиғи су объектілеріне әсерін азайтуға ұмтылады.

ҚМГ компаниялары тобының су ресурстарын пайдалану бөлігіндегі қызметі корпоративтік орталықта шоғырландырылады, онда компанияның елдің су ресурстарына жиынтық әсері талданады. Корпоративтік орталық жетістіктерді, проблемаларды, тәуекелдерді де талдайды және болашақ қызмет үшін жақсартылуы тиіс облыстарды, мақсаттар мен міндеттерді айқындайды, су тұтыну динамикасына және оның кеңістіктікте бөлінуіне салыстырмалы талдау жүргізеді.

2018 жылы су ресурстарын қорғау бөлігіндегі негізгі оқиға Компанияда су ресурстарын басқару бойынша корпоративтік стандартты қабылдау болды, ол 2019 жыл ішінде компаниялар тобына біртіндеп енгізілетін болады.

Стандарт ҚМГ-нің су ресурстарын – 8 «су» қағидатын пайдалану бөлігінде басты қағидаттарын ұстанады, ҚМГ еншілес және

# ҚМГ СУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Су – өмірдің негізі, тіршіліктің бастауы.

Таза тұщы судың молдығы мемлекеттің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін, ал оған жауапты ұқыпты қарау – бизнестің табысы мен тұрақтылығын айқындайды. Бұл қағидаттар Компанияның бейілділігін білдіреді және біздің еліміздің қазіргі және болашақ ұрпақтарының адамдары, табиғаты мен әл-ауқаты үшін су ресурстарын қорғау ниетін көрсетеді.

Біз күнделікті қажеттіліктен бастап мұнай өндіру мен өңдеуге дейін суды үнемі пайдаланамыз. Бұл ретте біз әдепкі тірлігімізде судың қаншалықты маңызды екенін ұмытпауымыз керек. Компанияның әрбір қызметкері оны сақтауға үлес қосуы тиіс.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқарма төрағасы

- СУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ТҮСІНУ
- ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫНА ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮЗДІК ПРАКТИКАЛАРҒА СӘЙКЕС КЕЛУ
- БАСҚАРУ ШЕШІМДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕЗІНДЕ ТҰЩЫ СУДЫ САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЕСКЕРУ
- СУ ЖИНАУДА БАСТАПҚЫ КӨЗДЕРДІ ҚАДАҒАЛАУ
- АУЫЗ СУ САПАСЫНДАҒЫ СУДЫ ӨНДІРІСТІК МАҚСАТТАР ҮШІН ПАЙДАЛАНБАУҒА ТЫРЫСУ
- СУ ТАРТУ ЖӘНЕ СУ БҰРУДЫ ЖҮЗ ПАЙЫЗДЫҚ АСПАПТЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУ
- СУ АЙНАЛЫМ ЖӘНЕ СУ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУ
- СУ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ


КазМунайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

Заявление о приверженности рациональному управлению водными ресурсами

8 ВОДНЫХ ПРИНЦИПОВ

Мы осознаем высочайшую ценность воды для жизни и здоровья человека, для общества и нашей производственной деятельности, и безоговорочно принимаем важность бережного и рационального отношения к водным ресурсам страны.

Мы стремимся не только выполнять требования законодательства Республики Казахстан, но и соответствовать международным стандартам и лучшим практикам, а также учитывать мнение всех заинтересованных сторон в регионе присутствия.

Мы учитываем вопросы сохранения пресной воды и эффективности ее использования при принятии управленческих решений и при управлении операциями.

Мы понимаем и оцениваем первоначальные источники своего водозабора, независимо от того, забирается вода напрямую или покупается через посредников.

Мы не используем воду питьевого качества для производственных целей.

Мы стремимся к стопроцентному приборному учету водозабора и водоотведения.

Мы стремимся к максимальному сокращению забора свежей воды за счет внедрения водооборотных и водосберегающих технологий и к снижению объемов сбросов, стремясь повышать качество очистки воды для максимально возможного повторного использования.

Мы наращиваем потенциал, участвуя в отраслевых ассоциациях и поддерживая международные инициативы в области водных ресурсов с целью изучения передового опыта для непрерывного совершенствования своей системы управления водными ресурсами.

Председатель Правления
АО НК «КазМунайГаз» Айдарбаев А.С.



тәуелді ұйымдарында су ресурстарын басқару тәсілін жүйелейді, сондай-ақ Компания басшылары мен қызметкерлерінің тұщы суды сақтау мәселесіне бейілділігін арттыруға көмектеседі.

Сондай-ақ 2018 жылы «ПКОП» ЖШС (Шымкент мұнай өңдеу зауыты) тазарту құрылыстарын жаңарту аяқталды: зауыттың тазарту құрылыстарының қуаты ұлғайтылды және сарқынды суларды тазарту сапасы жақсарды. Кері осмос қондырғысындағы сарқындарды қосымша тазалау жылына 1,5 млн м$^3$ дейін таза суды үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа ПКОП тазалау құрылыстарында тазартылған сарқынды суларды өртке қарсы жүйеге қайтару жүйесі енгізілді. Бұл іс-шаралар бұрын қалалық сумен жабдықтау жүйелерінен алынған таза судың 30 %-ын үнемдеуге көмектеседі.

## Су ізі

GRI 303-1, 303-2, 303-3, 306-1, OG5

ҚМГ компаниялар тобының жалпы су жинау 2018 жылы 93,7 млн м$^3$ құрады, бұл 2017 жылға қарағанда 9,7 % артық (2017 жылы – 84,4 млн м$^3$). МӨЗ жаңғыртудың аяқталмауынан және осымен байланысты мұнай өңдеу көлемі мен тереңдігінің ұлғаюынан «Өңдеу» бағыты бойынша су жинаудың ұлғаюы (4 млн м$^3$); «Тасымалдау» бағыты бойынша су жинаудың 2,6 млн м$^3$ ұлғаюуы ҚТО-дан түрлі қажеттіліктерге суды сатып алатын суб-абоненттер санының ұлғаюымен байланысты; «Барлау және өндіру» бағыты бойынша су жинау көлемі (2,8 млн м$^3$) қабаттық қысымды ұстап тұру үшін теңіз суын алуды арттыру есебінен, сондай-ақ өндірістік қажеттіліктерге техникалық су алуды арттыру есебінен артты.

2018 жылы ҚМГ компаниялар тобы 10,9 млн м$^3$ ағынды су (2017 жылы 9 млн м$^3$) бөлді. ҚМГ кәсіпорындарының сарқынды суларының негізгі қабылдағышы (және түпкілікті пункті) жинағыш тоғандар, булану өрістері және сүзу өрістері сияқты түрлі мамандандырылған қабылдағыштар болып табылады. Бұл объектілер сарқынды суларды табиғи тазалауға және қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге арналған техникалық құрылыстар болып табылады. Өз жинақтағыштары жоқ кәсіпорындар сарқындарды арнайы компанияларға тазарту және кәдеге жарату үшін береді. Төгілетін су сапасының экологиялық заңнамамен белгіленген нормативтеріне сарқынды суларды тазартудың механикалық және биологиялық әдістерін пайдалану есебінен қол жеткізіледі.

**ҚМГ компаниялар тобы бойынша су жинау, көздер бойынша бөліністе, мың м$^3$**




**2018 жылы су ресурстарын пайдалану, операциялар түрі бойынша, %**



## БОЛАШАҚҚА ЖОСПАРЛАР

2019 жылы АМӨЗ зауыт үшін жаңа тазарту құрылыстарын жобалауға және салуға кіріседі. Тазарту құрылыстарын жаңғырту 4 кезеңмен жүргізіледі: сарқынды суларды механикалық тазартудың бірінші желісін салу (СМТ), сарқынды суларды биологиялық тазарту блогын қайта жаңарту, ақтық тазарту блогын салу және СМТ екінші желісін салу. Тазарту құрылыстарын жаңғырту сарқынды суларды тазартудың көп сатылы жүйесін қолдану есебінен Орал өзенінен су алуды азайтуға көмектеседі, ол сарқындардан ластаушы заттардың 99%-на дейін жоюға, яғни, суды қайта пайдалануды бірнеше рет арттыруға мүмкіндік береді. Жобаны аяқтау 2023 жылдың соңына жоспарланған.

Тазартылған ағынды судың айтарлықтай көлемі мұнай өңдеу зауыттарында екінші рет пайдаланылады, онда 2018 жылы 4,1 млн м$^3$ тазартылған ағынды су қайта пайдаланылған, негізінен бұл су айналымдық сумен жабдықтау блоктарын толықтыру үшін пайдаланылады. ҚМГ МӨЗ айналмалы сумен жабдықтау жүйелерінде барлығы 360 млн м$^3$ су пайдаланылды (айналды). ҚМГ зауыттарында суды қайта пайдалану пайызы («Өңдеу» бағыты бойынша су жинау көлемінен) 26 % құрайды. «Өндіру» және «Тасымалдау» секторларындағы тазартылған ағынды су негізінен көлікті жуу, шаңды басу және өртке қарсы жүйелерді толықтыру үшін қайта пайдаланылады.

Мұнай өндіру барысында ілеспе-қабаттық сулар деп аталатын үлкен көлемдер пайда болады – жер бетіне су-мұнай эмульсиясы алынады, ол кейіннен су мен мұнайға гравитациялық әдіспен бөлінеді. Осылайша тұнған су қабатқа айдауға жіберіледі. 2018 жылы өндірілген 124,4 млн м$^3$ ілеспе-қабаттық судың 99 %-ы қабаттық қысымды ұстап тұру үшін кері айдалды, 1 %-ы ғана сіңіргіш ұңғымаларға айдалды. Жер бетіне алынатын ілеспе-қабаттық судың елеулі көлемі, сондай-ақ оның көлемінің біртіндеп ұлғаюы мұнай кен орындарының сарқылғанын (су деңгейінің ұлғайғанын) білдіреді. Қабаттық қысымды ұстап тұру үшін қосымша 2018 жылы басқа көздерден 47,8 млн м$^3$ су (23,3 теңіз суы, 7,2 Еділ суы және 17,3 жер асты су) айдалды.

**Өндірілген ілеспе-қабаттық судың жалпы көлемі, мың м$^3$**

| 2015 | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| 121 933 | 123 172 | 124 416 | 124 372 |

Компанияның қызметі ерекше экологиялық, шаруашылық, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар Қазақстанның батыс өңірінің су объектілеріне (Жайық, Қиғаш өзендері, Көкжиде құмдары, Пятимар су қоймасы) айтарлықтай әсер етеді. Сезімтал экожүйелерге теріс әсердің алдын алу үшін тұрақты мониторинг жүргізіледі.

# Биоалуантүрлілікті сақтау және экологиялық мониторинг

GRI 103-1, 103-2, 103-3, 304-1, 304-4, OG4

Біз биоалуантүрлілік – экологиялық игіліктің кепілі екенін түсінеміз.

Биоалуантүрлілік мәселелерін басқару негізінде мынадай негізгі қағидаттар жатыр:

- Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер мен әсерлерді анықтау және бағалау. Ол үшін, болашақ қызметті жоспарлау кезінде біз биоалуантүрлілікке келтірілуі мүмкін әсерді бағалаймыз. Халықаралық практикаға сәйкес, барлау жұмыстарын жүргізу және мұнай кен орындарын игеру барысында келісімшарттық аумақтардағы экологиялық жағдайдың өзгеруін бақылау үшін, сондай-ақ биоәртүрліліктің ықтимал залалдарын бағалау және нақтылау үшін біз ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен қорық аймақтарына жоғары көңіл бөле отырып, тұрақты экологиялық мониторинг жүргіземіз.
- Алдын алу және болдырмау іс-шараларын немесе әсерді төмендету шараларын, ал қалдық әсерлер сақталған жағдайда – қолайсыз әсерлердің салдарын өтеу жөніндегі өтемақы іс-шараларын іске асыру.
- ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы басқару жүйесін үнемі жетілдіру.

# Біздің орналасқан аймақтардағы қорғалатын табиғи аумақтар және флора мен фаунаның шалынатын түрлері

***Республикалық маңызы бар Солтүстік Каспийдің қорық аймағы***

Солтүстік Каспий Каспийдің ең өнімді бөлігі болып табылады. Теңіздің осы бөлігінің биологиялық ресурстары өте үлкен. Негізгі кәсіптік ихтиофауна объектілері 25 түрінен тұрады, олардың ішінде ең құндысы – бассейнде әлемдік қордың 70–80 %-нан астамын құрайтын бекіре тұқымдастары.

Еділ (ҚР шегінде) және Орал өзендерінің атырауларымен Солтүстік Каспийдің шығыс бөлігінің акваториясы Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағына кіреді. Каспийдің солтүстік бөлігіндегі сулы-батпақты алқаптар, әсіресе Еділ, Орал және Ембі өзендерінің атыраулары, сондай-ақ теңіз жағалауы мен акваториясы іргелес жатқан Еуразиялық құрлықтағы аса маңызды алқаптар болып табылады, олар ұя салу, түйреу, маусымдық көші-қон және қыстау кезеңінде миллиондаған суда жүзетін және су маңындағы құстарды қолдауды қамтамасыз етеді. Солтүстік Каспий арқылы Еуразиядағы ең ірі, Сібір-Қара теңіз-Жерорта теңізі аралық жолының бірі өтеді.

Аялық зерттеулердің материалдары бойынша, жағалаудан 20–60 км қашықтықта орналасқан Солтүстік-Шығыс Каспийдің ашық учаскелері арқылы құстардың 70-тен астам түрі қоныс аударады (оның ішінде Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін 5 түрі). Жағалау аймақтарында кіші ақ құтан, жалбағай, бірқазан, сұңқылдақ аққу, алакөз қара ала үйрек және қарабас өгізшағала ұялайды. Сондай-ақ, осы аралықта сұлтанбалық, аққұйрық субүркіт және балықшы тұйғын байқалды.

Жер бетіндегі ценозда ҚР Қызыл кітабына енген құстардың 5 түрі ұя салады. Ең көп мекендейтін құстар – дала қыраны. Сирек құстардан біртұмсақ, қарала шалшықшы, кіші ақ құтан кездесуі мүмкін.

Каспий теңізінде мекендейтін жалғыз ірі теңіз сүтқоректілері (жарғақтабандылар тобы) Каспий итбалығы (Phoca caspica) болып табылады. Бұл сүтқоректілердің эндемиялық түрі. Итбалық бүкіл Каспий теңізі бойында таралған, бірақ солтүстік бөлігіндегі олардың саны маусымға байланысты өзгеріп отырады. Теңіз акваториясы бойынша жануарлардың маусымдық таралу сипаты жылдық циклдің үш негізгі




фазасымен: көбею, түлеу және айдауыл кезеңімен айқындалады. Көбейетін жерлері қыста қататын Солтүстік Каспийде орналасқан. Сәуір мен қыркүйек айлары аралығында итбалықтар көбінесе Орта және Оңтүстік Каспийді мекендейді. Жазда Солтүстік Каспийде аздаған жануар (30 000-ға жуық адам) өмір сүреді, популяцияның негізгі бөлігі Оңтүстік Каспийдің терең және суық суларында орналасқан. Күздің соңында олар су қататын Солтүстік таяз су аймағына қоныс аударады. Популяцияның басым бөлігі Солтүстік Каспийде қазан-қараша айларында жиналады.

Қазақстанның және бүкіл Еуразия құрлығының биоалуантүрлілігін сақтау үшін осындай маңызды аумақ тұрақты мониторингті және қорғау іс-шараларын уақытылы жүргізуді қажет етеді. Солтүстік Каспийдегі өз қызметінің басынан бастап ҚМГ осы аймақтың табиғатын қорғау мәселелеріне көңіл бөліп келеді. Акваторияны пайдалану режимі, шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар және «нөлдік ағызу» қағидатын сақтау экологиялық заңнама талаптарына толық сәйкестікте орындалған.

***Республикалық маңызы бар Новин мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қорықшасы*** флора мен фаунаның, оның ішінде ҚР Қызыл кітабына енгізілгендерінің көбеюі үшін оңтайлы жағдай жасау мақсатында құрылған. Күзет режимі – тапсырыспен.

***«Жамбыл» учаскесі*** Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан. Келісімшарттық аумақ Каспий теңізінің қорық аймағының шегінде, сондай-ақ ішінара Новин қорықшасының шегінде орналасқан, бірақ өндірістік алаңдар экологиялық сезімтал аймақтарды шалмайды. Бұл учаскеде жоғары экологиялық сезімталдық кезеңінде өндірістік операцияларды жүргізуге шектеулер сақталады. Акваторияда қоршаған орта жай-күйін зерттеу кезеңінде қандай да бір қалыптан тыс табиғи құбылыстар немесе алаңдаушылық тудыратын немесе аса назар аударатын табиғи емес сипаттағы факторлар учаскелері тіркелген жоқ.

«Исатай» учаскесі Маңғыстау облысындағы Бозашы түбегінің жағалауынан солтүстікке қарай 45 км қашықтықта Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан.

***Өлі Құлтық (Үстірт)*** бұрын солтүстік-шығыста кең таралған және әлі күнге дейін осы теңіз бөлігін пайдаланатын, Комсомол және Өлі Құлтық пен Қайдақ соры шығанағында түлейтін және ұшатын құс, Каспий өкілі – фламинго мекендейтін жер болып табылады. Фламинго (Phoenicopterus roseus) – жергілікті ұя салатын түрі. Қазақстан фаунасындағы түрдің жалғыз өкілі. Қазіргі уақытқа дейін Қазақстандағы ұя салатын негізгі орындары – Теңіз көлі, Шалқар көлі және Каспийдің солтүстік-шығыс жағалауы.

Комсомол шығанағының ауданын, Өлі Құлтық және Қайдақ сорларын осы күнге дейін жаз бойы тұрақты түрде мыңдаған құс пайдаланады. Орталық Қазақстанның колония құстары осы аудандар арқылы ұшады, осылайша сәуір және тамыз–қыркүйек айларында ұяламайтын жергілікті құс басын көбейтеді. Жыл сайын Комсомол шығанағы арқылы 35 мыңға жуық түр көшіп-қонады.

***Маңғыстау облысы.*** Маңғыстау облысының аумағында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың кең желісі, оның ішінде Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы мен Республикалық маңызы бар Кендірлі-Қаясан қорық аймағы, сондай-ақ 8 қорық және 1 өңірлік бағыныстағы табиғи парк бар. Маңғыстау облысының аумағында мекендейтін рептилия түрлерінің ішінен ҚР Қызыл кітабына (2010) Elaphe sauromates абжыланы енгізілген. Маңғыстау аумағында кәдімгі, кең таралған және кей жерлерде көп таралған ортаазиялық тасбақа, соған қарамастан, Халықаралық табиғатты қорғау одағының (ХТҚО) Қызыл тізімінің критерийлері бойынша осал түр мәртебесін иеленеді.

***Республикалық маңызы бар Кендірлі-Қаясан қорық аймағы*** тек дуадақ пен ителгінің тіршілік ету ортасын сақтау және табиғи өсімін молайту мақсатында құрылған. Белгіленген режимдер:

қорықтық режим, тапсырыс режимі, реттелетін режим.

***Үстірт мемлекеттік табиғи*** қорығы республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын аумақтардың жоғары санатына жатады. Үстірт мемлекеттік табиғи қорығын (ҮМТҚ) құрудың басты мақсаты Қазақстанның шөл аймағының бірегей табиғи кешендерін, тарихи ескерткіштерін, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін табиғи жағдайда сақтау болып табылады. Қорық ҚР Қызыл кітабына және (немесе) ХТҚО Халықаралық Қызыл кітабына енгізілген бірқатар түрлер: қарақұйрық, үстірт арқары – уриал, қарақал, итаю, ителгі, бүркіт, үкі, жұртшы, жек дуадақ және т. б. мекендейтін негізгі орын болып табылады Жетекші сарапшылардың пікірінше, МӨЗ ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мәдени және табиғи мұра объектілеріне қойылатын өлшемдерге сәйкес келеді және болашақта осы құрметті мәртебе алуы мүмкін, ол компания құндылығы жоғары халықаралық деңгейде танылғанын куәландыратын болады.

Үстірт МТҚ бақылауының барлық тарихында алғаш рет 2018 жылы тірі алдыңғы азиялық қабылан табылды. Бұрын Қазақстанда қабылан адамның осы аңды аулауының үш фактісі бойынша ғана белгілі болды, соның ішінде Маңғыстау облысында 2007 және 2015 жылдары. Маңғыстауда қабыландар шекаралас Түркменстаннан мезгіл-мезгіл келіп тұрады және қанағаттанарлық жем-шөп базасын (уриалдар мен қарақұйрықтар) ескерсек, адам тарапынан қудалау болмаса және оның мекендейтін жерлері тиісінше қорғалса, жергілікті популяция құруы мүмкін. Қазіргі уақытта қабылан расында мекендейтін Үстірт қорығынан Түркмениядағы Копетдагқа дейінгі қашықтық кемінде 600 км құрайды.

Сондай-ақ, қабылан қазіргі уақытта Қазақстан фаунасының тізіміне және ҚР Қызыл кітабына енгізілмегенін атап өту қажет. Үстірт МТҚ қызметкерлері ҚР АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне алдыңғы азиялық қабыланды ҚР Қызыл кітабына дереу енгізу туралы ұсыныс жолдады, бұл оны тиімді қорғау үшін қажетті құқықтық мәртебені қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Соңғы онжылдықта өңір үшін сүтқоректілердің бірқатар жаңа түрлері анықталды: ақбауыр жебеқұлақтылар – Батыс Үстіртте, үшкірқұлақты жарқанат пен сары ымырт жарқанат – Солтүстік Үстіртте, итаю – Оңтүстік-Батыс Үстіртте, қорқау қасқыр – Маңғышлақта және жанат тәрізді ит – Қарағие ойпатында. Батыс Үстіртте жолақ қорқау ұшырасқан және осы аймақта үнді жайра болу іздері байқалған, соңғысының бар екені туралы осы өңірде 40 жылдан бері мәлімет болмаған.

***«Қансу» учаскесі*** Маңғыстау облысының Қарақия ауданында, ішінара Кендірлі-Қаясан қорық аймағы шегінде орналасқан және Үстірт мемлекеттік табиғи қорығымен шектеседі (учаске шекарасынан 2 км буферлік аймақ). 2016 жылы учаскеде геологиялық барлау жұмыстары жүргізілген жоқ. Жоғары геологиялық, экологиялық тәуекелдерді, сондай-ақ экономикалық рентабельділікті ескере отырып, ҚМГ жобадан шығу туралы стратегиялық шешім қабылдады. 2019 жылы келісімшарттық аумақ мемлекетке қайтарылатын болады.

***«Самтыр» учаскесі*** Маңғыстау облысында орналасқан, 2018 жылдан бастап ҚМГ «Самтыр» ЖШС-дағы 50 % қатысу үлесінің иесі болып табылады. Оңтүстік-Үстірт шөгінді алап шегінде Өзен, Шахпаты, Жел кен орындарына жақын орналасқан.

***Жергілікті маңызы бар «Көкжиде-Құмжарған» мемлекеттік табиғи кешенді қорықшасы.*** Осы қорықша аумағында республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының екі объектісі бар: республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық объектілерінің тізбесіне енгізілген Көкжиде құмдары мен Көкжиде жерасты сулары.

## Биоалуантүрліліктің негізгі аймақтарына қатысты өндірістік қызметтің орналасуы мен ауқымы

GRI 304-1

| Учаске | Орналасқан жері | Биоалуантүрліліктің негізгі аймақтары (БНА) | БНА-ға қатысты орналасқан жері | Келісімшарттық аумақ ауданы (ш. км) | Әсерді төмендету бойынша жоспар |
|---|---|---|---|---|---|
| Кансу | Маңғыстау облысының Қаракия ауданы | Кендірлі-Қаясан қорық аймағы және Үстірт мемлекеттік қорығы | Қорық аймағында орналасқан және қорықтың жанында орналасқан | 4 374,6 | Жобадан шығу туралы шешім қабылданды |
| Самтыр | Маңғыстау облысының оңтүстік-шығысы | Кендірлі-Қаясан қорық аймағы және Үстірт мемлекеттік қорығы | Қорықтың жанында орналасқан | 10 396,9 | Іздестіру-барлау жұмыстарын жобалау сатысы |
| Өріктау | Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы | Жергілікті маңызы бар «Көкжиде-Құмжарған» мемлекеттік табиғи кешенді қорықшасы | Аумақтың бір бөлігін қамтиды | 239,9 | Гидрогеологиялық мониторинг |
| Әлібекмола және Қожасай | Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы | Көкжиде құмдары Көкжиде жерасты сулары | Жақын орналасқан | 156,5 | Гидрогеологиялық мониторинг |
| Жамбыл | КТҚС Атырау ауданы | КТҚС-ның ерекше экологиялық сезімтал аймағы, Новин қорықшасы | Қорық аймағында орналасқан және аумақтың бір бөлігін қамтиды | 1 935,2 | Тұрақты экологиялық мониторинг, теңіз мұнай операцияларын жүргізу кезіндегі шектеулер |
| Исатай | КТҚС орталық бөлігі, Маңғыстау облысы | КСШ-ның ерекше экологиялық сезімтал аймағы | Қорық аймағында орналасқан | 1 060 | Маусымдық аялық экологиялық зерттеулер, тұрақты экологиялық мониторинг |

***Өріктау, Әлібекмола және Қожасай кен орындары*** ҚР Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданында орналасқан. Өріктау кен орнының келісімшарттық аумағының солтүстік-батыс бөлігі Көкжиде құмында орналасқан, сондай-ақ кен орындары жергілікті маңызы бар «Көкжиде-Құмжарған» мемлекеттік табиғи кешенді қорықшасымен шектеседі. Жер асты суларының ластануына жол бермеу мақсатында Компания тобының қызмет аймағында, сондай-ақ келісімшарттық аумаққа іргелес Көкжиде құмды алабында қоршаған ортаның жай-күйін тұрақты бақылау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

## Тәжірибеден мысал:

ҚМГ ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасымен (бұдан әрі – БҰҰДБ) және «Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау қауымдастығы» РҚБ-мен (бұдан әрі – ҚБСҚ) бірлесіп «Қансу» және «Самтыр» учаскелерінде жоспарланған жұмыстар барысында келтірілген зиянның өтемақылық шараларын талқылады. Оңтүстік Үстірттегі биоалуантүрлілік жағдайын бағалау жөніндегі экспедицияның екінші кезеңінің қорытындысы талқыланды. Экспедициялық зерттеулер БҰҰДБ мен ҚБСА қолдауымен MSF/203/17 «Орталық Азия шөлдері бойынша бастама» жобасын іске асыру шеңберінде жүргізілді. Сондай-ақ осы өңірдің биоалуантүрлілігі үшін кейбір антропогендік қауіп-қатерлерге баға берілді және оларды өтеу бойынша ұсыныстар берілді, кейіннен олар Компанияның жаңа экологиялық саясатының негізіне алынды. Мысалы, Компания өз қызметкерлері тарапынан да, өзінің мердігерлік компаниялары тарапынан да заңсыз аң аулау мен балық аулауға жол бермеу жөнінде өзіне міндеттеме алады. Сонымен қатар, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қызметті жүзеге асырмау ниеті Компанияның жаңа экологиялық саясаты тармақтарының бірі болады. Қысы суық тұран шөлдері биомының эталондық аз бұзылған учаскесі ретінде Маңғыстау облысы Қарақия ауданы шегінде Үстірт үстіртінің оңтүстік бөлігінің, соның ішінде Қапланқыр шыңдарының ерекше құндылығы туралы қорытынды жасалды, онда ҚР Қызыл кітабына енгізілген бірқатар түрлер, соның ішінде қарақұйрық пен итаю мекендейді.

**Шекаралар шегінде және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жанында орналасқан өндірістік алаңдар**

| ЕҚТА түрі | Шекара ішінде | Іргелес шекаралар (аумақтың бөлігі кіреді) | Шекаралардан тыс (1-5 км жақын орналасқан) |
|---|---|---|---|
| IUCN I-IV санат | 0 | 0 | Қансу<br>Самтыр |
| IUCN V-VI санат | Жамбыл<br>Сәтбаев<br>Исатай<br>Өлі Құлтық<br>(Үстірт) | Жамбыл<br>Өріктау | Әлібекмола<br>Қожасай |
| Дүниежүзілік мұра объектілері | – | – | – |
| Рамсар алқаптары | – | – | – |

Қорықтың шекарасына тікелей жақын жерде көмірсутектерді өндіру жөніндегі жобаларды іске асыру, тиісті инфрақұрылымды дамыту және бұл аймақта ауыр техника мен адамдардың көбеюі Үстірттің бірегей табиғатына кері әсерін тигізуі және «Қызыл кітап» түрлерінің Оңтүстік-Үстірт популяциясының жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Сонымен қатар, сарапшылардың пікірінше, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, Маңғыстаудың бірегей табиғи және мәдени мұрасын сақтауға мүмкіндік беретін ымыралы шешімдер қабылдануы әбден мүмкін. Атап айтқанда, Қансу мен Самтыр кен орындарын игеруден болатын залалды барынша азайту жөніндегі орнын толтыру шаралары маңыздысы ретінде Қазақстанның Түрікменстанмен және Өзбекстанмен мемлекеттік шекарасына жақын маңдағы Қапланқыршағын қоса алғанда, ҮГӨЗ күзет аймағын 5-10 км дейін кеңейту және «Оңтүстік Үстірт» жаңа ерекше қорғалатын табиғи аумағын құру ұсынылды. Осы аумақта оңтайлы шешім ретінде Үстірт МТҚ кластері құрылуы тиіс.

## 2018 жылы биоалуантүрлілік қауіпі бағаланған және бақыланатын елеулі операциялық учаскелердің саны мен пайызы

GRI 304-2, OG4

2018 жылы Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында орналасқан учаскелерде аялық экологиялық зерттеулер (Исатай), ұңғыманы бұрғылау және сынау (Жамбыл) жүргізілді. Қызметтің қазіргі кезеңінде осы аудандардағы техногендік әсер шамалы, және жабайы жануарлар мен құстардың өз мекендеу ортасында еркін жүріп-тұруына кедергі келтірмейді. Бұрғылау барысында қоршаған ортаға мынадай жұмыс түрлері әсер етеді: бұрғылау қондырғысын монтаждау, ұңғымаларды бұрғылау және сынау, кеме қатынасы. Әсер ету факторлары: теңіздегі құрылыс кезеңінде суда жүзінділер концентрациясының артуы, су түбіндегі шөгінділердің табиғи құрылымының бұзылуы, соның ішінде қарқынды кеме қатынасы, шуылдың физикалық әсері.

Өріктау учаскесінде немесе құрлықтың ерекше қорғалатын аумақтарымен шектесіп жатқан Шығыс Өріктау кен орнында бағалау ұңғымасының құрылысы және Оңтүстік Өріктау кен орнының көлбеу-бағытталған бағалау ұңғымасының құрылысы басталды. Жер асты сулары бойынша әсер ету факторлары ұңғымаларды тікелей бұрғылау болып табылады, ол жер асты суларын ластау көзіне айналуы мүмкін. Ластаушы заттар өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар жиналатын жер үсті учаскелерінен, мазутталған аумақтардан, мұнай мен қабаттық суларды сақтау учаскелерінен кері сүзгіленетін атмосфералық шөгінділері бар жерасты суларына да түсуі мүмкін. Осыған байланысты ҚМГ жер асты суларын қорғауға және олардың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болдырмауға бағытталған бірқатар шараларды қабылдауда. Жер асты суларының қабаттарын 80-85 метр тереңдікке дейін түсірілген кондукторлардың көмегімен оқшаулауды қамтамасыз ететін ұңғымалардың конструкциясы, сондай-ақ қолданыстағы және ықтимал ластану учаскелерінде жер асты суларының орналасу жағдайларын, деңгейі мен сапасын тұрақты режимдік бақылауды ұйымдастыру көзделген.

Аумақтарды өнеркәсіптік игерудің биоалуантүрлілікке әсерінің тағы бір факторы орнитофауна үшін елеулі қауіп төндіретін электр беру желілері болып табылады. Желісі әуе электр беру желілерін (ӘЭЖ) үнемі кеңеюде, олар көбінесе құстардың табиғи мекендеу орындарына кіріп, олардың жаппай қырылуының себебі болуда. Әсіресе бұл мәселе ормансыз дала және жартылай шөлейт аймақтарда мекендейтін жыртқыш құстар үшін өзекті болып табылады, онда ӘЭЖ бағандары осы құстарға олардың отыруы үшін тартымды.

Айталық, Үстірт мемлекеттік табиғи қорығында және Оңтүстік Үстірттің шектес аумағында жыртқыш құстардың популяциясына ҮМТҚ Кендірлі кордоны мен Төлеп кентінің арасында ұзындығы 60 км орташа қуатты (6-10 кВ) электр берудің әуе желісінің болуы теріс әсер етеді. Жыл сайын осы желіде Кендірлі шатқалында жыртқыш құстардың, соның ішінде ҚР Қызыл кітабына енгізілген түрлерге (бүркіт, дала қыраны, филин) жататындар құстардың электр тоғымен зақымдануынан көптеген опат болу фактілері байқалды.

ҚМГ осы проблеманы шешу жолдарын іздеу үшін 2018 жылдың қараша айында «ӘЭЖ-де жыртқыш құстардың сирек түрлерінің опаты: проблемалар және оларды шешу жолдары» тақырыбындағы дөңгелек үстелге қатысты, оның мақсаты – ӘЭЖ-де құстардың опат болу фактілері туралы бастапқы ақпарат алу болды. Сарапшылардың айтуынша, жаңа ӘЭЖ-ні жобалау, келісу және салу кезеңдеріне құстарды электр тоғымен зақымданудан қорғау мәселесіне назар аударылуы тиіс. Бұл проблеманы шешудің ең оңтайлы жолы құстарды қорғаудың заманауи тиімді құрылғыларын (ROM) пайдалану болып табылады.

**2018 жылы биоалуантүрлілік қауіпі бағаланған және бақыланған елеулі операциялық учаскелердің үлесі**

| | Құрлықтағы операциялар | | Теңіз операциялары | |
|---|---|---|---|---|
| | 2017 | 2018 | 2017 | 2018 |
| Биоалуантүрлілігі ҚОӘБ-мен немесе ұқсас құжатпен қамтылған учаскелер (%) | 100 | 100 | 100 | 100 |
| Тұрақты түрде экологиялық мониторинг жүргізілетін учаскелер (%) | 100 | 100 | 100 | 100 |
| Жойылған ұңғымаларға үнемі мониторинг жүргізілетін жойылған ұңғымалар бар учаскелер, (%) | 100 | 100 | 100 | 100 |

## Теңізде төгілудің алдын алу

Каспий теңізі жабық су қоймасы болып табылады, оның нәзік экожүйесі мұнай ластануына ерекше сезімтал. Теңізде кез келген жұмыс түрлері басталғанға дейін әлеуетті әлеуметтік және экологиялық әсерді бағалау үшін келісімшарттық аумақтарда аялық экологиялық зерттеулер жүргізіледі. Сондай-ақ әсер ету мониторингі, эмиссиялар мониторингі және авариялық жағдайлар мониторингі – операциялар жүргізу кезінде және одан кейін де жүзеге асырылады. Ал жұмыс аяқталғаннан кейін жойылған ұңғымалардың үздіксіз экологиялық мониторингі жүргізіледі.

Компания үшін абсолютті басымдық теңізде бұрғылау операциялары басталар алдында мұнайдың барлық ықтимал авариялық төгілуін жоюға тұрақты дайындықты қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан топта төтенше жағдайларға, оның ішінде мұнайдың төгілуіне жедел және тиімді ден қоюды қамтамасыз ету және олардың зардаптарын жою жөніндегі тиісті операцияларды орындау жүйесі жұмыс істейді. Мұнайдың төгілуін жоюға (бұдан әрі – МАТЖ) дайындық деңгейін арттыру үшін персоналдың практикалық дағдыларын жетілдіруге арналған әртүрлі деңгейдегі практикалық және теориялық сабақтар, жаттығулар мен оқулар тұрақты түрде өткізіледі.

Төгілу мүмкін болған жағдайда бірінші және екінші деңгейдегі мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған компаниялармен шарттар да жасалады. Үшінші деңгейдегі мұнай төгілуі жағдайында теңіз мұнай-газ кен орындарындағы аварияларды жоюға маманданған «Oil Spill Response Limited» халықаралық қауымдастығымен келісім жасалады.

2018 жылы Жамбыл учаскесінде бағалау ұңғымасының құрылысы басталмас бұрын МАТЖ-ға дайындықты қамтамасыз ету үшін «KMG Systems & Services» ЖШС, «Қазтеңізкөлікфлоты» ЖШС және «Кәсіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметі» ШЖҚ РМК атынан консорциуммен шарт жасалды. Бағалау ұңғымасы құрылысының барлық кезеңінде МАТЖ-ға арналған кемелер бұрғылау қондырғысынан 500 метр аймақта болды.

Сондай-ақ, Жамбыл учаскесінде Оператор өнеркәсіп қауіпсіздігі және экология саласындағы мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен бірінші және екінші деңгейдегі МАТЖ бойынша бірқатар командалық-штабтық оқу-жаттығу өткізді.

«KMG Systems & Services» ЖШС-ның еншілес ұйымы Атырау облысындағы мұнайдың төгілуіне ден қоюдың Солтүстік-Каспий экологиялық базасына – ҚР-дағы жалғыз мамандандырылған объектіге ие.

Есепті кезеңде Каспий теңізінде мұнайдың төгілуі тіркелген жоқ.

# Климаттың өзгеруі және атмосфералық ауаның сапасы

GRI 103-1, 103-2, 103-3, 305-1, 305-2, 305-3, 305-4, 305-5, 305-6, 305-7

Біз табиғат қорғау заңнамасының талаптарын сақтай отырып, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалана отырып және табиғат қорғау қызметін үнемі жетілдіре отырып, өз қызметіміздің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту жөніндегі шараларға аса назар аударамыз. Біздің басымдықтар табиғи ресурстарды ұқыпты және ұтымды пайдалану, экологиялық тәуекелдерді азайту болып табылады. Мақсатты бағдарламалар шикі газды жалындатып жағуды азайтуға, жаңартылатын энергия көздері негізінде «жасыл» энергетиканы дамытуға және жалпы энергия тиімділігін арттыруға бағытталған.

ҚМГ корпоративтік орталық деңгейінде парниктік газдар шығарындылары және атмосфераға ластаушы заттар саласындағы еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметін басқарады, эмиссияларға рұқсат, парниктік газдар шығарындыларына квота, шикі газды жағуға рұқсат сияқты қызметті жүргізуге барлық қажетті рұқсат беру құжаттарын уақытылы алуды қадағалайды.

**2018 жылы ҚМГ компаниялар тобында шығарындыларды басқару саясаты әзірленді, онда атмосфераға зиянды әсерді азайту жөніндегі қызметті басқарудың негізгі қағидаттары айқындалды:**

1) қызметті заңнамалық талаптарға және Компанияның өзге де міндеттемелеріне қатаң сәйкестікте жүзеге асыру;
2) ластаушы заттар шығарындыларының белгіленген нормативтері мен лимиттерін, парниктік газдар шығарындыларына квоталарды сақтау;
3) рөлдер мен міндеттерді нақты бөлу, құзыреттілікті арттыру, оқыту және хабардар болу;
4) шығарындылардың тұрақты есебін, түгендеуін және мониторингін жүргізу;
5) көмірсутек шикізатын өндіру кезінде шикі газды ұдайы жағуды тоқтату;
6) парниктік газдар шығарындыларын азайту және «Көміртегі ізін» азайту жөніндегі іс-шараларды жүргізу;
7) көміртегі активтерін басқару;
8) шығарындыларды басқару жөніндегі қызметті үнемі жақсарту.

Атмосфералық ауаға әсерді азайту саласындағы бағдарламалар: шикі газды өндіру секторында дамыту және өңдеу бағдарламаларын орындау, мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту бағдарламасы, тасымалдау секторында жаңа объектілерді салу кезінде жаңа қолжетімді технологияларды қолдану. Бағдарламаны кезең-кезеңмен орындау атмосфераға ластаушы заттар мен парниктік газдардың шығарылуын азайтуға, шикі газды тиімді пайдалануды арттыруға алып келеді.

Компания ұлттық заңнаманың, алдыңғы қатарлы халықаралық стандарттардың, Компанияның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ішкі құжаттарының және басқа да ішкі корпоративтік құжаттардың талаптарын ұстанады, экологиялық тәуекелдерді сәйкестендіруді және бағалауды жүргізеді, қоршаған ортаны қорғау саласындағы өз іс-қимылдарының айқындылығы мен ашықтығын қамтамасыз етеді.

Компания атмосфералық ауаға әсерді төмендету бойынша өндірістік объектілердің қызметін жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастыруда. Біз елдің нормативтік заңнамалық базасын жетілдіруге белсенді қатысамыз, эмиссияларды басқару жөніндегі жұмыс тобының мәжілістерін өткіземіз, климаттың өзгеруіне байланысты форумдарға, конференцияларға қатысамыз, шығарындыларды азайту жөніндегі стратегияны іске асыруда өз қабілеттерімізді арттыру үшін білім мен дағдыларымызды жетілдіреміз.

# Парниктік газдар шығарындылары

Компания энергияға артып келе жатқан әлемдік сұранысты қанағаттандыру үшін мұнай мен табиғи газ өндіруді ұлғайтуға ұмтылады, осыған байланысты табиғатты қорғау заңнамасының талаптарын сақтай отырып, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалана отырып және табиғатты қорғау қызметін үнемі жетілдіре отырып, өз қызметіміздің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту жөніндегі шараларға бірінші кезекте назар аударамыз.

ҚМГ Көміртегі есептілігі бойынша Климаттық бағдарлама (CDP – Carbon Disclosure Project) шеңберінде көміртегі шығарындылары туралы ақпаратты ашу жобасын алғаш рет әзірледі, онда ҚМГ барлық активтері бойынша, соның ішінде халықаралық активтері (Румыния, Грузия) бойынша 2018 жылғы парниктік газдардың (ПГ) тікелей және жанама шығарындыларының көлемі туралы деректер ашылатын болады. 2018 жылғы ПГ шығарындылары бойынша деректер верификацияланып, CDP алаңында мынадай сілтеме бойынша орналастырылды: https://www.cdp.net*

* *Сауалнама CDP платформасында 2019 жылдың ортасына қарай орналастырылады. Сауалнамамен танысу үшін сілтеме бойынша «Іздеу» бөліміне өтіп, Компанияның атауын ағылшын тілінде енгізіңіз: «KazMunayGas National Company JCS». Парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі, сондай-ақ 305-2, 305-3, 305-4, 305-5 ашу CDP алаңында сипатталған және орналастырылған.*

ПГ шығарындыларын есептеу парниктік газдар шығарындыларын есептеу, жылынудың ағымдағы жаһандық коэффициенттерін (метан – 28, азот тотығы – 265) пайдалану бойынша әдістемелік нұсқаулар негізінде жүргізіледі және мынадай парниктік газдарды жабады: көмірқышқыл газы ($CO_2$); метан ($CH_4$); азот тотығы ($N_2O$); перфторкөміртектер (ПФК).

Есептіліктің ұйымдастырушылық шекараларын белгілеу тәсілі GHG Protocol халықаралық ұсынымдары негізінде айқындалды, оған сәйкес тікелей және жанама шығарындылар туралы деректер операциялық бақылау әдісі (operational control approach) бойынша шоғырландырылды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ компаниялар тобындағы көмірқышқыл газының көлемі 9,3 млн тоннаны (2017 жылы 8,4 млн тонна) құрады. Шығарындылардың ұлғаюы газ

**Қызмет бағыттары бойынша парниктік газдардың тікелей шығарындылары**




**Өндірудегі $CO_2$ шығарындыларының қарқындылығы, тонна / 1 000 тонна**




**Өндірудегі $CH_4$ шығарындыларының қарқындылығы, тонна / 1 000 тонна**




*Графикаға арналған деректер көзі:*

тасымалдау көлемінің ұлғаюына және жаңа көздердің қосылуына байланысты.*

2018 жылы «Өндіру» бизнес-бағыты бойынша парниктік газдардың тікелей шығарындыларының көлемі 2,5 млн тонна $CO_2$ құрады, бұл өткен жылдың деңгейінен 7 % төмен (2017 жылы 2,7 млн тонна). $CO_2$ шығарындыларының негізгі төмендеуі ІМГ-ні жалындатып жағуды қысқарту бойынша жүргізілген іс-шаралармен байланысты, сәйкесінше $CO_2$ және метан шығарындыларының қарқындылық көрсеткіші де төмендейді.

* *Деректер есептілік шекараларының кеңейіне және халықаралық активтердің қосылуына байланысты 2017 жылғы есептегі деректерден 1,9 млн.тонна $CO_2$ мөлшерінде ерекшеленеді.*

| | өлш. бірл. | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|---|---|
| **1-деңгей. Тікелей шығарындылар** | | | | | |
| **Қызмет бағыттары бойынша бөлініс** | | | | | |
| Өндіру | млн т $CO_2$ балама[1] | 4,9 | 5,0 | 4,4 | 4,2 |
| Өңдеу | млн т $CO_2$ балама[1] | 3,5 | 4,2 | 4,3 | 4,4 |
| Тасымалдау | млн т $CO_2$ балама[1] | 3,2 | 3,7 | 5,2 | 6,1 |
| **Елдер бойынша бөлініс** | | | | | |
| Қазақстан | млн т $CO_2$ балама[1] | 10,7 | 11,8 | 12,8 | 13,7 |
| Румыния | млн т $CO_2$ балама[1] | 0,9 | 1,1 | 1,0 | 1,0 |
| Грузия | млн т $CO_2$ балама[1] | 0,02 | 0,01 | 0,02 | 0,009 |
| **Парниктік газдар түрлері бойынша шығарындылар бөлінісі** | | | | | |
| $CO_2$ | млн т $CO_2$ балама[1] | 9,3 | | | |
| $CH_4$ | млн т $CO_2$ балама[1] | 5,4 | | | |
| $N_20$ | млн т $CO_2$ балама[1] | 0,02 | | | |
| **2-ші деңгей. Жанама шығарындылар** | | | | | |
| | млн т $CO_2$ балама[2] | 2,5 | 2,5 | 2,7 | 3,2 |
| **3-ші деңгей. Сатылған өнімдерді пайдаланудан** | | | | | |
| | млн т $CO_2$ балама[2] | | | | 71,3 |

1 *КӨСҮТ бесінші бағалау баяндамасы (AR5 – 100 жыл)*

2 *Қолданылған әдістеме CDP есебінде сипатталған: https://www.cdp.net/en/formatted_responses/responses?campaign_id=66216852&discloser_id=850098&locale=en&organization_name=KazMunayGas+National+Company+JCS&organization_number=839615&program=Investor&project_year=2019&redirect=https%3A%2F%2Fcdp.credit360.com%2Fsurveys%2F9hz110bc%2F67889&survey_id=65670419.*

«Өңдеу» бизнес-бағыты бойынша зауыттарды жаңғырту бойынша жұмыстар шеңберінде мұнай өңдеу тереңдігінің артуына және жаңа қондырғыларды енгізілуіне байланысты шығарындылардың қарқындылығы өсуде (деректер 3 қазақстандық МӨЗ бойынша ұсынылған).

**Мұнай өңдеудегі шығарындылардың қарқындылығы, тонна / 1 000 тонна**




*«Тасымалдау» бизнес-бағыты бойынша газ тасымалдау көлемінің ұлғаюымен (экспортқа) және жаңа қондырғыларды енгізумен байланысты шығарындылардың қарқындылығы өскені байқалады.*

*«Газ тасымалдау» бизнес-бағыты бойынша шығарындылардың қарқындылығын есептеу таяу жылдары бірнеше газ тасымалдау ұйымдарында жаңа қондырғылар іске қосылғаннан кейін басталатын болады.*

## Метанның жылыстауын тікелей анықтау жобасы

2017 жылдан бастап ҚМГ Жаһандық метан бастамасының (ЖМБ) жобалық желісінің мүшесі болып табылады. 2018 жылы Компанияның Маңғыстау облысындағы өндірістік объектілерінде метан жылыстауын анықтау және сандық өлшеу бойынша пилоттық жобалар жүргізілді.

Шығарындыларды басқару саясатының негізгі қағидаттарының бірі 6-қағидаттың тармақшасы болып табылады: Компания метанның жылыстауын анықтау және сандық өлшеу бойынша науқандарды өткізу, жаңа резервуарлық парктерде қалқымалы қақпақтары бар резервуарларды орнату, мұнайдың жеңіл фракцияларын ұстау қондырғыларын енгізу, газ құбырлары учаскелерінде жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде ұтқыр компрессорлық станцияларды пайдалану арқылы өндірістік объектілерде метанның жылыстауын болдырмау бойынша іс-шараларды жүргізеді.

ҚМГ 2018 жылдың сәуір айында Торонто қаласында (Канада) өткен Жаһандық метан форумы кезінде ЖМБ Мұнай және газ кіші комитетінің отырысына Қазақстан Республикасы атынан қатысты. ҚМГ БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының «MRV бойынша жоба (мониторинг, есептілік және верификация) және мұнай өндіруші және өндіруші салаларда метан шығарындыларын азайту» халықаралық жобасына қатысады.

Биомассаны жағудан немесе оның ыдырауынан болатын $CO_2$ шығарындылары ескерілмейді.

Компания өз қызметінде климаттың өзгеруіне әсер ететін озонды бұзатын заттарды шығаруды жүзеге асырмайды. Мерзімді бақылау және мониторинг жүргізіледі.

**Тәжірибеден мысал:**

Прорва кен орындары тобында ілеспе газды кешенді өңдеу қондырғысын іске қосудың арқасында аталған ұйымда жалындатудан болатын ПГ тікелей шығарындыларының көлемі 80%-ға қысқарып, 41,5 мың тоннаны құрады (2017 жылы 211,6 болған).



Газды сақтаудан болатын әсерді азайту мақсатында үш жерасты газ қоймасы (ЖГҚ) пайдаланылады. Олардың ішінде ең ірісі «Бозой» ЖГҚ (белсенді сақтау көлемі 4 000 000 мың м³) Ақтөбе облысында («Ақтөбе» МГБ) орналасқан. Сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облысында («Шымкент» МГБҚ) орналасқан «Полторацкий» ЖГҚ (сақтау көлемі 350 000 мың м³), сондай-ақ Жамбыл облысында («Тараз» МГБҚ) «Ақыр-Төбе» ЖГҚ (сақтау көлемі 300 000 мың м³) жұмыс істейді. Жер асты газ қоймалары қысқы маусымда, сондай-ақ газ жеткізу көлемінің азаю кезеңінде тұтынушыларды табиғи газбен қамтамасыз етуге арналған.

## Атмосфералық ауаның сапасы

Біз өндірістік экологиялық мониторинг жүргіземіз және операциялар мен өндірістік процестер нәтижесінде пайда болатын ластаушы заттардың атмосфераға шығарылуын төмендету бойынша шаралар қабылдаймыз. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары шеңберінде сынамаларды іріктеудің және әлеуетті әсерді бағалау үшін өлшеулер жүргізудің белгіленген орындарында атмосфералық ауаға шығарындыларға бақылау жүргізіледі. Ластаушы заттар шығарындыларының негізгі көлемі қазандықтарда, технологиялық пештерде және компрессорларда, газтурбиналық қондырғыларда, компрессорлық станцияларда отын газын

жағу, газды жалындатып жағу нәтижесінде пайда болады.

Топ бойынша барлық ластаушы заттар шығарындыларының нақты жалпы көлемі 2018 жылы 269 мың тоннаны құрады (2017 жылы 256 мың тонна). Жаңа көздердің пайдалануға енгізілуіне байланысты шығарындылардың шамалы ұлғайғаны байқалады.

**ҚМГ компаниялар тобында атмосфераға ластаушы заттардың жалпы шығарындылары, мың тонна**

| | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары, барлығы, оның ішінде: | 241,1 | 256,3 | 269,3 |
| $NO_x$ шығарындылары | 12,9 | 13,8 | 16,7 |
| $SO_x$ шығарындылары | 16,9 | 14,8 | 13,6 |
| басқа ластаушы заттардың шығарындылары | 211,3 | 227,7 | 239,1 |

«Өндіру» бизнес-бағытында шикі газды тиімді пайдаланудың артуы және оны жалындатып жағудың тиісінше азаюы салдарынан ластаушы заттар шығарындыларының көлемі 16 %-ға қысқарды.

«Өңдеу» және «Тасымалдау» бизнес-бағыттарында жаңа көздерді пайдалануға енгізуге және газ экспортының өсуіне байланысты шығарындылардың 10–12 %-ға ұлғайғаны байқалады.

Барлық зауыттарда күкірт өндіру қондырғылары пайдалануға берілді. Осы жоба іске асырылғаннан кейін, күкіртті сутегі газы регенерациялаудан өтеді, онымен бір мезгілде маңызды өндірістік өнім – тауарлық күкірт алынады. Бұл автомобиль көлігінің пайдаланылған газдарындағы ластаушы заттардың төмендеуіне және елді мекендердің атмосфералық ауасының сапасын жақсартуға әсерін тигізеді. К4 маркалы бензиндегі күкірт мөлшері зауытты жаңғыртуға дейін шығарылған отынға қарағанда 10 есе аз.

Мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту жобаларының нәтижесінде Кеден одағының Техникалық регламентінің талаптарына сәйкес К4 класына сәйкес келетін еуропалық сапа стандарттарына сай мұнай өнімдерін өндіру арқылы зауыттар шығаратын отынның экологиялық көрсеткіштері жақсарды.

**ҚМГ компаниялар тобындағы ластаушы заттардың үлестік шығарындылары**

| | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| КСШ өндіру, т/1000 т өндірілген көмірсутек шикізаты м.б. | 2,14 | 2,35 | 1,93 |
| Мұнай өңдеу, т/1000 т өңделген мұнай | 3,3 | 3,3 | 3,3 |
| Мұнайды тасымалдау, т/1000 т тасымалданатын мұнай | 0,5 | 0,5 | 0,5 |
| Газды тасымалдау, т/1000 т тасымалданатын газ м.б. | 1,4 | 1,2 | 1,4 |

Мұнай өндіру активтерінде газды жалындатып жағудың қысқаруына, сондай-ақ мұнай өңдеу және тасымалдау секторларындағы шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты 2017 жылмен салыстырғанда SOx күкірт оксиді/диоксиді шығарындыларының төмендегені байқалады. 2018 жылы NOx шығарындыларының өсуі газ экспортының ұлғаюымен және кәсіпорындарда жаңа қондырғылардың енгізілуімен байланысты.

Мысалы, нақты уақыт режимінде газ талдағыштарды пайдалана отырып, тікелей өлшемдерді Компания әзірше жүргізбейді, алайда жаңа Экологиялық кодекс шеңберінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті орган 1-санатты табиғатты пайдалану

**Өндірілген КСШ 1 000 т м.б. шаққанда $SO_x$ шығарындылары, 2018 ж.**




**Өндірілген КСШ 1 000 т м.б. шаққанда $NO_x$ шығарындылары, 2018 ж.**




## Тәжірибеден мысал:

Атмосфералық ауаға әсерді қысқарту мақсатында МӨЗ жаңғырту шеңберінде мынадай іс-шаралар өткізілді. ПКОП жаңғырту жобасы екі кезеңмен жүзеге асырылды. Жаңғыртудың бірінші кезеңінде Кеден одағының Техникалық регламентінің талаптарына сәйкес К4 және К5 экологиялық кластарының (Еуро-4 және Еуро-5 аналогтары) мотор отынын шығару игерілді. Қуаты жылына 600 мың тонна изомерлеу қондырғысының құрылысы аяқталды. 2017 жылдың шілде айында К4 және К5 класты отынды шығару арқылы изомерлеу қондырғысы іске қосылды. Жаңғыртудың екінші кезеңі зауыттың қуатын жылына 6 млн тоннаға дейін ұлғайтуға және мұнай өңдеу терендігін арттыруға арналған. 2015 жылғы желтоқсанда қуаты жылына 4 мың тонна күкірт өндіру қондырғысы пайдалануға берілді. Қондырғы бұрын жалындатып жағылған қышқыл газдарды 99,9%-дан астам таза күкірт өндіре отырып кәдеге жаратуға бағытталған. УПС-4000 тн. пайдалануға берілуіне байланысты атмосфераға күкірт диоксиді ($SO_2$) шығарындылары 21% қысқарды.

ТТУ-ға мұнай өнімдерін нүктелі құю қондырғысы іске қосылды. Ашық түсті мұнай өнімдеріне арналған нүктелі құю қондырғысы пайдалануға енгізілгеннен кейін, құю кезінде атмосфераға жеңіл көмірсутектердің шығарындылары қысқарды, ұшпа көмірсутектердің үлесі 7%-ға қысқарды. Қолданыстағы технологиялық қондырғылардың пештерін және жаңғырту және қайта жаңарту объектілерін табиғи газға қосу атмосфераға ластаушы заттар мен парниктік газдардың шығарындыларын азайтуға мүмкіндік береді. 2019 жылы ЛК-6У пештеріндегі 44 бүріккішті жетілдірілген, энергия үнемдейтін конструкциядағы бүріккіштерге ауыстыру жоспарланған. Бүріккіштерді ауыстыру кезінде атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын азайту жылына 135,8 тонна құрайды.
Газ-алау қондырғысы пайдалануға берілді. Қондырғы технологиялық газдарды қауіпсіз жоюды қамтамасыз етеді, оқпан биіктігі 137 м құрайды. Бұл атмосфералық ауада шығарындыларға жақсы шашырауға мүмкіндік береді, бұл қоршаған ортаға жүктемені айтарлықтай азайтады.

объектілеріндегі шығарындылар көздерінде сезбектерді/газ талдағыштарды орнату арқылы ластаушы заттар шығарындыларының автоматтандырылған мониторингіне көшуді жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта бірқатар ұйымдар ластаушы заттар эмиссияларының онлайн-мониторингіне көшу жөнінде жобалық құжаттама әзірлеуде.

*2018 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша мұнай баламасында көмірсутек шикізатын өндірудің жалпы көлеміне қатысты $NO_x$ шығарындыларының орташа көрсеткіші КСШ өндірудің мың тоннасына 0,2 тоннаны құрады, IOGP орташа көрсеткіші – 0,4. 2017 жылмен салыстырғанда $NO_x$ үлестік шығарындылары 17 % төмендеді. $SO_x$ шығарындыларының мұнай баламасында көмірсутек шикізатын өндірудің жалпы көлеміне қатынасының орташа көрсеткіші ҚМГ компаниялар тобы бойынша КСШ өндірудің мың тоннасына 0,25 тоннаны құрады, IOGP орташа көрсеткіші – 0,2. 2017 жылмен салыстырғанда SOx үлестік шығарындыларының 20 %-ға төмендегені байқалады.*

**Компания өз қызметінде тұрақты органикалық ластағыштардың эмиссиясын жүзеге асырмайды.**

## Шикі газды тиімді пайдалану

GRI OG6

Бұл бөлімде ҚМГ тобы компанияларының «Өндіру» бизнес-бағыты бойынша мәліметтері көрсетілген.

Парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі міндеттердің бірі ілеспе мұнай газын тиімді пайдалануды және кәдеге жаратуды арттыру, жалындатып жағуды барынша азайту болып табылады. Ілеспе мұнай газын кәдеге жарату 2018 жылы бүкіл тарихтағы ең жоғары – 93 %, газды жағу көрсеткіші өндірілген КСШ-ның 1 000 тоннасына 6 тонна деңгейінде (2017 жылы 11) тұр, бұл IOGP орташа әлемдік көрсеткішінен 50 %-ға төмен. Бұған қол жеткізу Прорва кен орындары тобында газды кешенді өңдеу қондырғысын (ГКДҚ) толық ауқымды пайдалануға енгізу және Ақтөбе облысының мұнай өндіру активтерінде газды өндіру мен жағу көлемдерін қысқарту арқылы мүмкін болды.




ҚМГ тобының негізгі өндіруші компаниялары бойынша табиғи және ілеспе газды өндіру көлемі 2018 жылы 2 873 млн $м^3$ құрады, оның ішінде ілеспе мұнай газының көлемі (ІМГ) – 2 049,5 млн $м^3$, жағылған шикі газдың көлемі 148,9 млн $м^3$ құрады. 2018 жылдың соңында Ақтөбе облысы Байғанин ауданында Қожасай кен орнында заманауи газ өңдеу кешені іске қосылды. Мемлекет басшысы Индустрияландыру күніне арналған жалпыұлттық телекөпір кезінде оның жұмысын онлайн режимде іске қосты. Қожасай кен орнындағы газды кешенді өңдеу қондырғысын толық ауқымды пайдалануға енгізу газды жалындатып жағуды 173 млн $м^3$-тан 50 млн $м^3$-ке дейін қысқартуға мүмкіндік береді, бұл ластаушы заттар шығарындыларының (70 %-ға) қысқаруына оң әсерін тигізеді.

ҚМГ 2015 жылы Дүниежүзілік Банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын толық кәдеге жарату» бастамасын қолдады. 2018 жылғы 20 қарашада ҚМГ-да бастаманы іске асыру мәртебесін және шикі газды тұрақты жағуды қысқарту бойынша ықтимал

**Сала бойынша ІМГ жағу қарқындылығы көрсеткішінің бенчмаркингі**




*Графикаға арналған деректер көзі:*

ынтымақтастықты талқылау бойынша Дүниежүзілік банк тобының өкілдерімен жұмыс кеңестері өтті. Осы бастама шеңберінде шикі газды жағу көлемі бойынша есептілік жыл сайынғы негізде тапсырылады.

Компания ІМГ-ні қатқа кері айдамайды.

**Шикі газды жалындатып жағу көлемі**

| | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| Шикі газды жалындатып жағудың жалпы көлемі, млн м$^3$ | 322,8 | 315,8 | 148,9 |
| ІМГ тиімді пайдалану деңгейі, % | 86 | 85 | 93 |
| Шикі газды жағу қарқындылығы, т/1000 өндірілген КСШ | 12 | 11 | 6 |

Шикі газды кәдеге жарату жөніндегі инфрақұрылым мен заманауи қуаттардың құрылысы өндіруші активтерді толық көлемде әзірлеуге және парниктік газдар мен ластаушы заттардың атмосфераға шығарындыларын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.

2018 жылы жағылған газдың мұнай баламасында көмірсутек шикізатын өндірудің жалпы көлеміне қатынасының орташа көрсеткіші ҚМГ компаниялар тобы бойынша КСШ өндірудің мың тоннасына 6 тоннаны құрады, IOGP орташа көрсеткіші – 12,1.

## Қалдықтарды басқару

GRI 103-1, 103-2, 103-3, 306-2, 304-3, 306-4

Қалдықтарды басқару – бұл ҚМГ үшін маңызды экологиялық аспектілердің бірі. Сыни жағдай бірінші кезекте мұнай саласына тән қауіпті қалдықтардың пайда болуының елеулі көлемінде болып табылады. Осы процесті сапалы бақылау үшін Компания өндірістік қалдықтарды басқару жүйесін дамытады, қалдықтардың пайда болуы мен қозғалысын есепке алуды үнемі жақсартады, қалдықтарды қайта пайдалануды арттыру әлеуетін ұлғайтады.

ҚМГ тобының компаниялары қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнаманың барлық талаптарына сай болуға, сондай-ақ біртіндеп жоғары әлемдік стандарттар мен салалық тәжірибелерді енгізуге ұмтылады. Топ компанияларында қалдықтарды басқару бағдарламалары әзірленеді және іске асырылады, қалдықтардың пайда болуына және өндірістік объектілерде жердің ластануына байланысты проблемаларды шешу үшін айтарлықтай ақша қаражаты бөлінеді. Мердігерлік компаниялар құрған қалдықтарды қоса алғанда, барлық келісімшарттық аумақ бойынша пайда болған қалдықтардың есебі жүргізіледі. ҚМГ өзінің мердігерлік ұйымдарын да олардың қызметінің қалдықтарды қауіпсіз тасымалдау, орналастыру және кәдеге жарату

жөніндегі талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылайды. Өндірістік объектілерде енгізу үшін қалдықтарды басқару саласындағы жаңа тәсілдер мен технологиялар ұдайы зерделенеді.

Пайда болған қалдықтардың көлемі 2018 жылы 288,3 мың тоннаны құрады (2017 жылға қарағанда 14 % аз), оның ішінде «қауіпті» деп жіктелген қалдықтар – 268,9 мың тонна, «қауіпсіз» деп жіктелген қалдықтар тиісінше 19,4 мың тонна. Қауіпті қалдықтардың басым бөлігін – 67 %-ын бұрғылау қалдықтары (бұрғылау шламы және пайдаланылған бұрғылау ерітінділері) құрайды. 2017 жылмен салыстырғанда қалдықтардың пайда болуының жалпы көлемінің азаюы бірінші кезекте бұрғылау қалдықтарының пайда болуының азаюымен байланысты.

Барлық пайда болған қалдықтардың 80 %-дан астамы шарт бойынша мамандандырылған компанияларға өңдеу үшін беріледі. Қалдықтармен жұмыс істеудің басқа маңызды әдістері: өңдеу, өртеу, полигонда орналастыру және қалпына келтіру.

ҚМГ қалдықтарын өңдеу және кәдеге жарату барысында мердігерлік компаниялар атқаратын зор рөлді ескере отырып, Компания жұмыстарды жоғары деңгейде орындауға кепілдік беру үшін және барлық цикл – қалдықтардың пайда болуы мен оларды тасымалдаудан бастап, өңдеу мен түпкілікті орналастыруға дейін толық айқындығымен әлеуетті өнім берушілерді іріктеу критерийлерін арттыруға ұмтылады. 2019 жылы ҚМГ мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін стандарттауды және ҚМГ компаниялар тобы үшін де, олардың мердігерлері үшін де қоршаған ортаны қорғауды басқарудың бірдей жоғары деңгейін қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

ҚМГ сондай-ақ ластанған жерлер мен шлам амбарларының – «тарихи мұра» ластануларын қалпына келтіру бойынша үлкен жұмыс жүргізуде. Әрбір жеке жағдай үшін өңірдің климаттық ерекшеліктерін, ластанудың сипатын, көлемі мен ескілігін ескеретін, мазутталған жерлерді қайта құнарландыру жөніндегі жобалар әзірленеді; тазалау және қайта құнарландыру үшін

**Айналым түрлері бойынша 2018 жылғы қауіпті қалдықтар, %**




- *Қайтадан пайдалану*
- *Екінші реттік өңдеу*
- *Қалпына келтіру*
- *Өртеу (немесе отын ретінде пайдалану)*
- *Полигонға орналастыру*
- *Кәсіпорын алаңында сақтау (0,3%)*
- *Мамандандырылған ұйымға беру*

**Айналым түрлері бойынша 2018 жылғы қауіпсіз қалдықтар, %**




- *Қайта пайдалану*
- *Полигонға орналастыру (0,12%)*
- *Кәсіпорын алаңында сақтау (0,12%)*
- *Мамандандырылған ұйымға беру*

неғұрлым тиімді әдістер іріктеледі. Бұл мәселені Компанияның жоғары басшылығы бақылайды және қазіргі таңда ең басым бағыттардың бірі болып табылады.
2019 жылы ҚМГ кен орындарындағы барлық тарихи ластанулар бойынша бірыңғай жол картасы қалыптастырылатын болады және 2024 жылға қарай Компания оларды толығымен жоюды жоспарлап отыр. Мысалы, 2018 жылдың өзінде «Ембімұнайгаз» АҚ компаниясы «Жылыоймұнайгаз» және «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіруші басқармалары аудандарында тарихи

мазутталған жерлердің биологиялық ремедиациясын жүргізді – мұнаймен ластанған 24 га жер (99,4 мың тонна мазутталған топырақ) тазартылды. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның тарихи ластанған жерлерді қалпына келтіру жұмыстары 2022 жылға дейін жалғасады.

Бұл бағытта «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ да үлкен жұмыстар атқаруда. 2018 жылдың соңына қарай мұнай қалдықтарын сақтаудың 6 полигоны толығымен тазартылып, жойылды. 2019 жылдың соңына қарай қалған төрт полигонды тазалап, жою күтілуде. Болашақта мұнай қалдықтары компания аумағында жинақталмай, бірден мамандандырылған ұйымдарға өңдеу үшін берілетін болады.

## Бұрғылау қалдықтарының пайда болуы

GRI OG7

2018 жылы ҚМГ өндіруші компанияларының қызметі нәтижесінде 176,4 мың тонна бұрғылау қалдықтары пайда болды (2017 жылға қарағанда 6 % кем), оның ішінде: 38,4 мың тонна – өңделген бұрғылау ерітіндісі; 138 мың тонна – бұрғылау шламы. ҚМГ тобының өндіруші компанияларының барлық бұрғылау қалдықтары мамандандырылған ұйымдарға кәдеге жарату үшін беріледі. Осы компаниялар қолданатын қалдықтарды одан әрі кәдеге жарату әдістері: инерттеу, термиялық әдіс, химиялық әдіс, биологиялық ремидиация және арнайы полигондарда көму.

**ҚМГ бойынша бұрғылау қалдықтарының жалпы түзілуі**




| | Құрлықтағы жобалар | | Теңіздегі жобалар | |
|---|---|---|---|---|
| | Пайдаланылған бұрғылау ерітіндісі, мың тонна | Бұрғылау шламы, мың тонна | Пайдаланылған бұрғылау ерітіндісі, мың тонна | Бұрғылау шламы, мың тонна |
| 2014 | 116,501 | 236,954 | 0,905 | 0,879 |
| 2015 | 83,079 | 200,62 | 1,144 | 1,104 |
| 2016 | 44,242 | 107,13 | 0 | 0 |
| 2017 | 49,499 | 134,279 | 0,991 | 1,06 |
| 2018 | 37,05 | 137,19 | 1,36 | 0,81 |

## Қауіпті қалдықтарды тасымалдау

ҚМГ қауіпті қалдықтарды Қазақстанға/одан тысқары жерлерге импорттамайды және экспорттамайды.

# ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІК

GRI 103-1, 103-2, 103-3, 307-1

Біз ҚР Заңнамасы аясында өндірістік қызметімізді жүргізуге және қоршаған ортаға зиян келтірудің алдын алу бойынша тиісті шаралар қабылдауға тырысамыз.

Компания өндірістік объектілерде ҚР табиғат қорғау заңнамасына сәйкессіздіктерді айқындау бойынша, заңнама талаптарына қандай да бір сәйкессіздікті болдырмау бойынша іс-шараларды жүргізу үшін проблемалық мәселелерді айқындау және тәуекелдерді басқару бойынша жұмысты жалғастырады.

2018 жылы ҚМГ компаниялар тобына қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган 85,6 млрд теңге мөлшеріндегі нормативтен тыс эмиссиялар үшін әкімшілік айыппұлдар, залал және салық төлемдерін салды, оның ішінде Компания 9,7 млрд теңгені танып, нақты төледі. Қалған шағымдарды Компания сот тәртібімен заңсыз деп даулайды.

Өндіруші компаниялардың біріне 55,9 млрд теңге көлемінде қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатсыз полигондарда өндіріс қалдықтарын орналастырғаны үшін әкімшілік айыппұл салынды. ҚМГ талап-арыздың заңсыздығын дәлелдеп, 2019 жылдың қаңтарында азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен салынған әкімшілік айыппұлдар мен салық төлемдерін алып тастау және іс бойынша өндірісті тоқтату туралы шешім қабылданды.

Басқа компанияға газды кешенді дайындау қондырғысының жалынына тиісті рұқсатсыз

**2014-2018 жылдардағы экологиялық айыппұлдар, млрд теңге**




жағу үшін әкімшілік айыппұл, қоршаған ортаны ластағаны үшін залал және газды нормативтен тыс жағу үшін салық төлемдерін қоса алғанда, 29,7 млрд теңгеге айыппұл санкциялары салынды. Қышқыл газды жағу нормасының артуының себебі – ГКДҚ-да LO-CAT күкірт тазарту жүйесін іске қосу кідірісі болды. Күкірт тазалау жүйесі 2018 жылдың соңында жұмыс істей бастады және қышқыл газды жалындатып жағу дереу тоқтатылды. Ұсынылған сомадан 2018 жылы нақты 9,2 млрд теңге төленді. Қалған сома бойынша сот талқылаулары жүргізілуде.

Компанияның мұнай өңдеу зауыттарының біріне қатысты 2018 жылы қаржылық емес санкциялар қолданылды, атап айтқанда – мынадай талаптар қойылды: рауалы төгінділер жобасына түзету жүргізу, сарқынды суларда ластаушы заттар концентрациясының белгіленген нормативтерін сақтау, тазарту құрылыстарының тиімділігін жақсарту бойынша қажетті шаралар қабылдау, тазарту құрылыстарын жаңғырту бойынша жоспар әзірлеу. Барлық аталған тармақтар бойынша Компания жұмыс жүргізді.

# ЕҚ, ӨҚ ЖӘНЕ ҚОҚ САЛАСЫНДА ОҚЫТУ

GRI 404-2

Тәуекелдерді азайтуға арналған технологиялардың маңыздылығына қарамастан, ешқандай технологиялық инновация ойланбаған шешімдер проблемасын шеше алмайды. Адамдар айқындаушы фактор болып қала береді. Сондықтан қызметкерлердің құзыреттілігін қамтамасыз ету ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ басқару жүйесін дамытудың ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚМГ компаниялар тобында енгізілген «70/20/10 – жұмыс орнында оқыту/ішкі/сыртқы» оқыту үлгісі бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзіндік алты оқу-курстық комбинаты/орталығы базасында 45 458-ден астам адам оқытылды.

Меншікті оқу-курстық комбинаттары/орталықтары бар: «Өзенмұнайгаз» АҚ-да (Жаңаөзен қ.), «ҚазТрансОйл» АҚ (Ақтау қ.), «Интергаз Орталық Азия» АҚ (Атырау, Шымкент кқ.), «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС (Павлодар қ.) және «Oil Services Company» ЖШС (Ақтау қ).

Қолда бар оқытушылар құрамынан басқа, қызметкерлерді оқыту және олардың біліктілігін арттыру үшін орталықтарға өндірістік қызметкерлер қатарынан үлкен өндірістік өтілі бар жоғары білікті желілік басшылар мен мамандар тартылады.

**ҚМГ компаниялар тобы бойынша оқытуға шолу**




*ҚМГ алты оқу-курстық комбинатының (бұдан әрі – ОКК) орналасқан жері*

ҚМГ алты ОКК 2018 жылы ЕҚОҚ бойынша міндетті мемлекеттік оқытудың жалпы көлемінің **34%-ын** өткізді.

ЕҚОҚ бойынша міндетті мемлекеттік оқытудың қалған **66%-ын** үшінші тарап **1,1 млрд теңге** сомаға өткізді.

Тәжірибелі қызметкерлер арасында тәлімгерлік және ішкі жаттықтырушылық жөніндегі бағдарламалар іске асырылады, шеберлік сабақтары мен тренингтер, озық қызметкерлер арасында әртүрлі конкурстар өткізіледі, бұл ішкі коммуникацияларды жетілдіруге және қызметкерлерді өз кәсіптерінде үздік болуға ұмтылуға ынталандыруға мүмкіндік береді.

Қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру мақсатында 2018 жылы «ExxonMobil» компаниясымен бірлесіп ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында тәжірибе алмасу бойынша екі кезеңді тегін оқыту курсы өткізілді, оған ҚМГ компаниялар тобының 65-тен астам қызметкері қатысты.

«Оқиғаларды басқару» және «Аудит және тексеру» жаңа модульдерін енгізу шеңберінде ҚМГ компаниялар тобында жүйенің пайдаланушылары болып табылатын 220 қызметкер үшін оқыту жүргізілді. Оқыту Ақтау, Атырау және Нұр-Сұлтан қалаларында өтті.

Ақтау қаласында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ базасында «Еңбек жағдайлары бойынша кәсіптік патология және жұмыс орындарын аттестаттау» тақырыбында оқыту (семинар/тренинг) өткізілді, оған ҚМГ компаниялар тобының денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы бойынша 40-қа жуық маман қатысты.





# 5 ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК



## Еліміздің ірі жұмыс берушілерінің бірі бола отырып, Компания қызметкерлермен және кәсіподақтармен әріптестік қарым-қатынас қағидаттарына негізделген әлеуметтік бағдар ұстанады.

**Компания мыналарды мақсат тұтады:**

- өндірістік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу;
- лайықты жұмыс пен еңбек жағдайын қамтамасыз ету;
- адам құқықтары мен еңбек құқықтарын сақтау;
- бизнесті адал жүргізу және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау;
- қоғамның және қатысу өңірлерінің дамуына ықпал ету.

# БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

GRI 102-7, 102-8, 103-1, 103-2, 103-3, 401-1, 401-2, 401-3, 402-1

ҚМГ персоналды басқару жүйесінің негізі ҚМГ 2017–2021 жылдарға арналған кадрлық саясаты (бұдан әрі – ҚМГ Кадр саясаты) болып табылады.

Ол ҚМГ компаниялар тобында 2021 жылға дейінгі адами ресурстарды басқару функцияларын дамытудың негізгі тәсілдерін, қағидаттарын, талаптары мен бағыттарын айқындайды.

Кадр саясатының тұжырымдамасы ҚМГ тобында адами капиталдың құнын арттыру үшін жағдай жасауға бағытталған.

Осы стратегиялық мақсатқа қол жеткізу HR-функцияның негізгі үш мақсатына негізделеді:

1) ҚМГ бүкіл тобы бойынша персоналды басқарудың бірыңғай HR-функциясы мен бірыңғай моделін құру.
2) Персоналды басқару қызметінің ашықтығын үнемі жетілдіру және арттыру.
3) Корпоративтік мәдениетті дамыту және басшылардың дағдыларын арттыру.

Әрбір мақсат кадр саясатының негізгі бағыттарын білдіретін белгілі бір міндеттердің тізбесін қамтиды.

**Миссиясы:** ҚМГ компаниялар тобының құнын ұлғайту

**Пайымы:** ҚМГ тобында адами капиталдың құнын арттыру үшін жағдай жасау

**Мақсаттар**

| ҚМГ бүкіл тобы бойынша персоналды басқарудың бірыңғай HR-функциясы мен бірыңғай моделін құру | Персоналды басқару қызметінің ашықтығын үнемі жетілдіру және арттыру | Корпоративтік мәдениетті дамыту және басшылардың дағдыларын арттыру |
|---|---|---|

**Міндеттер**

ҚМГ бүкіл тобы бойынша персоналды басқарудың бірыңғай HR-функциясы мен бірыңғай моделін құру:
- ҚМГ бүкіл Тобы бойынша HR-процестерді, саясаттарды, әдіснамаларды, құралдарды, шаблондарды стандарттау
- ҚМГ бүкіл Тобы бойынша HR ұйымдық құрылымдарын құру тәсілдерін стандарттау
- HR-процестерді автоматтандыру
- Қосымша құн әкелмейтін HR-процестерді HR ОҚО-ға шығару
- ҚМГ HR-функциясы ішінде өзара құрмет, сенім, бірлік және ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру

Персоналды басқару қызметінің ашықтығын үнемі жетілдіру және арттыру:
- Тұрақты мониторинг және HR-функциясын жетілдіру
- Коммуникацияны тұрақты жүргізу және HR-функциясынан кері байланыс беру

Корпоративтік мәдениетті дамыту және басшылардың дағдыларын арттыру:
- Корпоративтік мәдениетті жетілдіру, әлеуметтік тұрақтылықты арттыру және қызметкерлердің қажетті мінез-құлық сипаттамаларын дамыту
- Көшбасшылық дағдыларын және әр түрлі деңгейдегі басшылардың персоналды басқару дағдыларын дамыту

**Персоналды басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасы:**

Кадр саясатының тұжырымдамасы мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

1) Қызметкерлер мен Компания мүдделерінің теңгерімі.
2) ҚМГ бүкіл тобы үшін бірыңғай кадрлық саясат.
3) HR рөлін бизнес үшін стратегиялық қолдау көрсетушіден стратегиялыққа жылжыту.
4) Бизнес үшін қосымша құнды жасау.
5) Оңтайлы ұйымдық құрылым мен қызметкерлер саны.
6) Бизнестің қажеттіліктеріне және еңбек нарығының конъюнктурасына сүйене отырып, қызметкерлер санын жоспарлау.
7) Оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламаларын үнемі жетілдіру.
8) 70-20-10 моделі бойынша өзін-өзі оқытатын ұйымды құру.
9) Басшылардың персоналды басқару үшін жауапкершілігі.
10) Қызметкерлерді стратегиялық мақсаттарға бірлесіп қол жеткізуге тарту мәдениетін құру.
11) Қызметкерлерді ынталандыру үшін жағдай жасау.
12) Заңнаманы бұзуға жол бермеу.

2018 жылдың есепті кезеңінің соңында қызметкерлердің нақты саны ҚМГ компаниялар тобы бойынша 78 933 адамды, аутстаффинг 3 347 адамды құрады.

Қызметкерлер санын оңтайландыру жұмысқа қабылдауға, қызметкерлердің зейнеткерлікке шығуына, әдепкі тұрақтамауға және бейінді емес қызмет түрлерін шығаруға мораторий есебінен жүргізілді.

Бұл ретте персоналдың жалпы санындағы өндірістік персоналдың үлесі 91 %-ды, әкімшілік-басқару персоналы 9 %-ды (2017 жылы тиісінше 89 % және 11 %) құрайды. Компаниялар қызметінің бағыты ауыр, қауіпті және зиянды еңбек жағдайларымен байланысты екенін ескере отырып, ерлер үлесі 81,2 %-ды, әйелдер үлесі 18,8 %-ды құрайды.

**Есепті кезеңдегі қызметкерлер, санаттар бойынша, %**







UN GLOBAL COMPACT
COMMUNICATION ON PROGRESS

**1-қағидат**
Адам құқықтары: Іскерлік топтар халықаралық танылған адам құқықтарын қорғауды қолдауы және құрметтеуі тиіс

**2-қағидат**
Адам құқықтары: Іскерлік топтар олар адам құқықтарын бұзуға қатысушы еместігіне көз жеткізуі тиіс

**3-қағидат**
Еңбек: Іскерлік топтар қауымдастықтың еркіндігін және ұжымдық келіссөздерге құқықтың тиімді танылуын қамтамасыз етуі тиіс

**4-қағидат**
Еңбек: Іскерлік топтар зорлық-зомбылық немесе мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарының жойылуын қамтамасыз етуі тиіс

**5-қағидат**
Еңбек: Іскерлік топтар балалар еңбегіне тыйым салуды қамтамасыз етуі тиіс

**6-қағидат**
Еңбек: Іскерлік топтар еңбек және кәсіптер саласындағы кемсітушіліктерді жоюды қамтамасыз етуі тиіс

**2015–2018 жылдарындағы қызметкерлер, жынысы бойынша бөліністе, %**

| жылдар | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|---|
| ерлер | 74,8 | 79 | 80,8 | 81,2 |
| әйелдер | 25,2 | 21 | 19,2 | 18,8 |

Жас санаты бойынша қызметкерлердің негізгі үлесі 31-ден 50 жасқа дейінгі топта – 58,3 %-ды құрайды, бұл ретте ерлер үлесі 80,5 %-ды, әйелдер үлесі 19,8 %-ды құрайды. 50 жастан асқан қызметкерлердің саны персоналдың жалпы санының 24,9 %-ын құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі 83 %-ды, әйелдердің үлесі 17 %-ды құрайды. 30 жасқа дейінгі жастардың үлесі персоналдың жалпы санының 16,7 %-ын құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі 83 %-ды, әйелдердің үлесі 17 %-ды құрайды.

**2016–2018 жылдарындағы қызметкерлер, жас топтары бойынша, %**

| жылдар | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|
| 30 жасқа дейін | 23 | 17,5 | 16,7 |
| 31-ден 50 жасқа дейін | 54 | 58 | 58,3 |
| 50 жастан асқандар | 23 | 24,5 | 25 |

2018 жылы жаңадан жалданған қызметкерлердің саны 9 491 адамды немесе орташа тізімдік санның 12,1 %-ын құрайды.

**2014–2018 жылдары жаңадан жалданған қызметкерлер, %**

| 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|---|
| 15,3 | 23,9 | 20,7 | 9,4 | 12,1 |

Есепті кезеңде еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлер саны 10,5 мың адамды құрады, оның ішінде 30 жасқа дейінгі санат бойынша – 18,2 % (2017 жылы 20,4 %), 31-ден 50 жасқа дейінгі санат бойынша – 55 % (2017 жылы 46,4 %), 50 жастан асқандар – 27,7 % (2017 жылы 23,5 %).

**Есепті кезеңдегі қызметкерлер, жынысы бойынша бөліністе, %**




**Есептік кезеңдегі қызметкерлер, жас топтары бойынша, %**




**Есептік кезеңде жаңадан қабылданған қызметкерлер, жас топтары бойынша, %**



**Есепті кезеңде жаңадан қабылданған қызметкерлер, жынысы бойынша бөліністе, %**




**Есеп беру кезеңінде еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлер, жас санаттары бойынша, %**




**Есеп беру кезеңінде еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлер, жынысы бойынша бөліністе, %**




ҚМГ компаниялар тобы бойынша кадрлардың тұрақтамау коэффициенті* орта есеппен 14 % құрады (2017 жылы 14 %, 2016 жылы 13,8 %, 2015 жылы 11,1 %).

ҚМГ қызметкерлерге әлеуметтік пакеттің алуан түрлерін ұсынады, олар әлеуметтік жәрдемақылар мен өтемақылардың алуан түрлерін қамтиды:

- еңбек демалысына сауықтыруға арналған материалдық көмек,
- жүктілігі мен босануына байланысты төлемдер,
- бала күтімі бойынша демалыстағы қызметкерлерге баласының 1,5 жасқа толуына дейінгі ай сайынғы төлемдер,
- басқа жұмысқа ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда, еңбек шартын бұзу кезіндегі өтемақы,
- еңбек ету қабілетінен жалпы айрылуына, мүгедектік алуына байланысты,
- қызметкерлердің өліміне байланысты жерлеуді ұйымдастыруға біржолғы төлемдер,
- өндірістегі жазатайым оқиға салдарынан қаза тапқан қызметкердің отбасына біржолғы төлем.

Компания қызметкерлер науқастанған жағдайда ерікті медициналық сақтандыруға және Қазақстанның балалар сауықтыру лагерлерінде қызметкерлердің балаларының демалысын ұйымдастыруға да әлеуметтік кепілдіктер береді.

Сонымен қатар, қызметкерлерге тарихи қалыптасқан әлеуметтік қолдау түрлері беріледі. Әлеуметтік көмектің аталған түрлері ұжымдық шарттарда бекітілген немесе кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген. Мұндай төлемдерге мерей жасына жетуіне байланысты, неке қиылуына байланысты төлемдер, некеге тұрған кездегі қысқа мерзімді демалыстар, баланың туууына байланысты, туған-туыстарының қайтыс болуына байланысты жалақысы сақтала отырып берілетін төлемдер, егер емделуге жұмсалған шығындар сақтандыру бағдарламасында белгіленген лимиттен асып кеткен жағдайда, емделуге және медициналық операцияларға ақы төлеуге берілетін төлемдер, мүгедек қызметкерлерге, қызметкердің мүгедек балаларына, көп балалы және аз қамтылған отбасыларына және т.б. берілетін төлемдер жатады.

Бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыстағы қызметкерлердің саны есепті кезеңнің соңына 1 517 адамды құрады (2017 жылы 1 697 адам), бұл ретте әйелдердің үлесі 97 %-ды, ерлер – 3 %-ды құрайды. Жүктілігі және босануы бойынша демалыстағы әйелдер 436 (2017 жылы 856 әйел).

* *Қызметкерлердің тұрақтамау коэффициенті Кт= А / В х 100%, мұнда А – өз бастамасы бойынша, тараптардың келісімі бойынша және қызметкердің кінәсінен жұмыстан босатылған қызметкерлердің есепті кезеңнің соңындағы саны; В – кезең ішіндегі орташа тізімдік саны.*

**Есептік мерзім ішінде және жылдар бойынша ана болу/әке болу бойынша демалыстағы қызметкерлер**




**Есептік мерзім ішінде ана болу/әке болу бойынша демалыстағы қызметкерлер, %**




Ұжымдық шартта операциялық қызметтегі өзгерістер жөнінде қызметкерлерге хабарлау кезеңі көзделмейді, бұл мәселе Еңбек кодексіне сәйкес реттеледі. Еңбек жағдайларын өзгерту кезінде, Компания қызметкердің кемінде он бес күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабардар етеді. Компания қызметіндегі маңызды өзгерістерге қатысты хабарлаудың ең аз кезеңі 4 аптаны құрайды.

# АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

GRI **102-41, 103-1, 103-2, 103-3, 406-1, 407-1, 408-1, 409-1**

Компания әркімге тең құқықтар берудің даусыз маңыздылығын мойындайды. Біз адамның негізгі құқықтарын қатаң құрметтейміз.

Компания ҚР еңбек заңнамасының талаптарын қатаң орындайды және оның нормаларын бұзбайды, яғни ешкім еңбек құқықтарын іске асыру кезінде тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге қатысы, сенімдері, тұрғылықты жері, жасы немесе жеке кемшіліктеір, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығы бойынша ешқандай кемсітушіліктерге ұшырамауы тиіс.

Есепті кезеңде компанияда кемсіту фактілеріне қатысты шағымдар түскен жоқ. Компания балалар еңбегін, мәжбүрлі еңбекті пайдаланбайды, нәсіліне, дініне және жынысына қарамастан барлық қызметкерлердің тең құқықтарын таниды.

Компанияның әрбір қызметкерінің еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда тең мүмкіндіктері бар. Бұдан басқа, Компания қызметкерлермен ұжымдық шартты жасасу, өзгерту, толықтыру жөніндегі келіссөздерге белсенді қатысады, келіссөздер жүргізу мерзімдерін қатаң сақтайды және тиісті бірлескен комиссиялардың жұмысын қамтамасыз етеді, келіссөздер жүргізу үшін қажетті ақпаратты ұсынады, ұжымдық шарт ережелерінің талаптарын қатаң орындайды.

Еңбек заңнамасына сәйкес кез келген қызметкер өз өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздерге және ұжымдық шарттың жобасын әзірлеуге қатысуға, сондай-ақ қол қойылған ұжымдық шартпен танысуға құқылы.

Қауымдастықтар еркіндігіне құқықтарды қандай да бір шектеу және қызмет түрлері немесе аумақтық белгісі бойынша ұжымдық келіссөздер жүргізу Компанияның қызметінде көзделмеген. ҚМГ әлеуметтік жауапты компания ретінде бұл құқықты толығымен қолдайды және қызметкерлердің бірлесу бостандығына құқығын іске асыру үшін қолайлы орта жасайды.

GRI 102-41

ҚМГ тобы бойынша бүгінгі күні көптеген өндірістік кәсіпорындарда ұжымдық шарттар жасалған.

Біріздендіру мақсатында ұжымдық шарттың үлгі нысаны әзірленді, ол еңбекақы төлеуді ұйымдастыру, әлеуметтік қолдау көрсету, еңбек жағдайлары, жұмыс және демалыс режимі және т. б. үшін бірыңғай қағидаттарды белгілейді. Ұжымдық шарттың үлгілік нысанында ұжымдық еңбек даулары туындаған жағдайда оларды шешу алгоритмі қадам-қадаммен жазып көрсетілген. ҚМГ тобы бойынша ұжымдық шарттарды әзірлеуге қойылатын үлгілік талаптар еңбек қатынастарын заңнамалық негізде құруға, қызметкерлер үшін жеңілдіктерді негізсіз арттыруға немесе азайтуға жол бермеуге, еңбек даулары туындаған кезде жанжалдарды болдырмау және шиеленісті төмендету мақсатында дәйекті іс-қимылдарды ұсынуға мүмкіндік береді.

2018 жылы ұжымдық шарттармен қамтылған ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің саны 2018 жылы 58 838 адамды, 2016 жылы 58 658 адамды, 2015 жылы 54 197 адамды құрады.

Компанияның кәсіподақтармен өзара іс-қимылы салалық және өңірлік деңгейлерде еңбек заңнамасымен белгіленген әлеуметтік әріптестік шеңберінде жүзеге асырылады. Салалық деңгейде өзара іс-қимылдың негізгі параметрлері (әлеуметтік кепілдіктер, еңбекті ұйымдастыру мәселелері, еңбекақы төлеу, жұмыспен қамту, гендерлік және жастар саясаты, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, еңбек жанжалдарының алдын алу және шешу және т.б.) 2017–2019 жылдарға арналған ҚР Мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімде айқындалған.

Өңірлік деңгейде әлеуметтік әріптестік жөніндегі облыстық комиссиялар жұмыс істейді, олардың шеңберінде жұмыспен қамту және еңбекті қорғаудың өңірлік мәселелерінен басқа, нақты ұжымдық еңбек даулары да қарастырылады.

«Самұрық-Қазына» АҚ әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникация орталығы өткізетін Әлеуметтік тұрақтылық индексінің (ӘТИ) зерттеулеріне сәйкес ҚМГ ӘТИ 2013 жылдан бастап 2018 жылға дейін 61-ден 74 %-ға дейін өсті және «орташадан жоғары» деңгейде тұр, 2018 жылы ӘТИ 74 % құрайды.

ӘТИ зерттеу нәтижелері бойынша, ҚМГ мен жекелеген ЕТҰ-да анықталған барлық қауіпті аймақтар бойынша әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарлары әзірленіп, өзектілендіріледі. ҚМГ әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарында қызметкерлердің әлеуметтік көңіл-күйіне әсер ететін ұйымдар қызметі саласының анықталған проблемалары (ішкі коммуникациялар, тамақтану сапасы, тұрмыстық жағдайлар, ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету, оқыту, мансаптық өсу және т.б.) қамтылады.

Сондай-ақ ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының әкімшілік-басқару қызметкерлерінің тартылуы мен қанағаттанушылығына сауалнама жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері ұйым қызметкерлерінің қандай еңбек жағдайларына қанағаттанатынын және қандайына қанағаттанбайтынын, қызметкерлердің коммуникация мен өзара қарым-қатынастардың даму деңгейін қалай бағалайтынын, өткен кезеңмен салыстырғанда қызметкерлердің әл-ауқатының, ұйымдардың өндірістік қызметкерлерінің өмір сүру сапасының қаншалықты өзгергенін және т. б. көрсетеді.

## Бірыңғай ішкі коммуникациялар жүйесі

2016 жылдан бастап ҚМГ барлық өндірістік кәсіпорындарында ішкі коммуникация құралдары енгізілуде, оған сәйкес жылына екі рет бірінші басшылардың еңбек ұжымдарымен есептік кездесулері жүйелі түрде өткізіледі, тоқсан сайын ҚМГ ЕТҰ желілік басшыларының ұжымдармен кездесулері, басшылардың кәсіподақпен кездесулері өткізіледі, әрбір қызметкердің кәсіпорын басшылығына сұрақ қою және уақытылы жауап алу мүмкіндігі регламенттелген. 2018 жылы бірінші басшылардың еңбек ұжымдарымен 65 есеп беру кездесуі өткізілді.

Бұдан басқа, жұмыс берушілер мен ЕТҰ қызметкерлері арасында тікелей коммуникациялардың тиімді тетіктерін құру және қолдау, ЕТҰ-дағы қызметтің мақсаттары мен міндеттері туралы жұмыскерлерді уақытылы хабардар ету, ұйымдағы ағымдағы жағдайды қызметкерлерге жеткізу, қызметкерлерде ұйымның оң бейнесін қалыптастыру, ЕТҰ-да еңбек ұжымдарында әлеуметтік-психологиялық климаттың параметрлерін қадағалау мақсатында желілік басшылардың құрылымдық бөлімшенің, учаскенің, бригаданың, цехтың қызметкерлерімен кездесулері, жедел шешім қабылдауды талап ететін мәселелерді талқылау мақсатында басшылықтың еңбек ұжымымен жоспардан тыс кездесулері өткізіледі, ЕДҰ бірінші басшылары қызметкерлерді жеке мәселелер бойынша қабылдайды.

Сондай-ақ әрбір ЕТҰ-да бірінші басшының блогы, корпоративтік ақпараттық сайт құрылды, корпоративішілік ақпаратты еңбек ұжымдарына жеткізу үшін бейне-хабарландырулар үшін мониторлар орнатылды. Қызметкерлерді жедел хабарландырулармен және хабарламалармен ақпараттандыру үшін ақпараттық стендтер қолданылады. Проблемалық мәселелерді анықтау үшін ЕТҰ-да жыл сайын қызметкерлер арасында сауалнама жүргізіледі.

Сондай-ақ, тоқсанына бір рет ұжымдық шартты орындауға, еңбек тәртібінің жай-күйіне, еңбек ұжымының өтініштерін қарауға, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелеріне, әлеуметтік жеңілдіктер мен өтемақылар беруге және кәсіпорында басқа да әлеуметтік маңызды мәселелерге қатысты неғұрлым өзекті мәселелер бойынша ЕТҰ кәсіподағымен басшылықтың кездесуі өткізіледі.



# ПЕРСОНАЛДЫ ДАМЫТУ

GRI 103-1, 103-2, 103-3, 404-1, 404-2

Әлеуетті дамыту шеңберінде ҚМГ өндірістік және әкімшілік қызметкерлердің адам ресурстарын дамыту мәселелеріне ерекше көңіл бөледі.

Жыл сайынғы негізде ҚМГ қызметкерлерді оқытуды және дамытуды қамтамасыз етеді, ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерін дамытудың жаңа тәсілдері мен бағдарламаларын қалыптастырады.

Оқыту және дамыту процесін жақсарту, персоналдың қажетті біліктілік деңгейін қалыптастыру және қолдау, сондай-ақ бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында 2016 жылдан бастап ҚМГ компаниялар тобында персоналды оқыту және дамыту «70/20/10-жұмыс орнында оқыту/ішкі оқыту/сыртқы оқыту» тұжырымдамасы енгізіліп, іске асырылуда. Осы оқыту моделі шеңберінде ҚМГ компаниялар тобы бойынша «Ішкі тренерлер институты», қызметкерлерді қашықтықтан оқыту бағдарламалары, тағылымдама бағдарламасы және жетекшілерді дамыту бағдарламалары сияқты процестер енгізілген.

Қызметкерлердің тағылымдама бағдарламасы өндірістік бағыттағы еншілес және тәуелді компаниялар арасында танымал, бағдарлама шеңберінде қызметкерлер ҚМГ тобының басқа компанияларындағы әріптестерімен, сондай-ақ әріптес компаниялардың қызметкерлерімен тәжірибе алмасады. Бағдарлама әрекет еткен уақытта ҚМГ ЕТҰ-ның 50-ден астам қызметкері, оның ішінде – «Ембімұнайгаз» АҚ, «Oil Servises Company» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері 5 әріптес компанияда тағылымдамадан өтті.

ҚМГ компаниялар тобы бойынша ҚМГ ЕТҰ 6 компаниясында 9 компанияның 53 қызметкері тағылымдамадан өтті.



Сондай-ақ қазіргі уақытта ENI Корпоративтік университетімен ынтымақтастық бар. ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері осы университет базасында өндірістік бағыттар бойынша оқытудан өтеді. 2018 жылы барлау өндіру және мұнайсервис блогының 15 басшысы ENI корпоративтік университетінде екі күндік оқудан өтті.

ҚМГ тобының қызметкерлерін дамыту үшін әріптес компаниялардың – JCCP, JOGMEC шақыруы бойынша тағылымдамалар да жүзеге асырылады. Жыл сайын аталған компаниялар ҚМГ тобының 20-дан астам қызметкерлерін өндіруден, барлаудан, өңдеуден және маркетингтен бастап HR мен қаржыны басқаруға дейін қызметтің түрлі бағыттары бойынша оқытуға қабылдайды. Оқыту орта есеппен екі аптадан бір айға дейін әртүрлі елдердің өкілдерімен бірлесіп аралас бағыттар бойынша жүргізіледі, бұл сондай-ақ тәжірибе мен біліммен бөлісуге мүмкіндік береді.

General Electric компаниясымен бірге GE Мұнай-газ университетінде (Флоренция қ., Италия) «Мұнай-газ технологиялары» бағдарламасы бойынша оқыту жүзеге асырылады. 2015 жылдан бастап осы бағыт бойынша ынтымақтастық кезінде ҚМГ тобының 7 қызметкері оқудан өтті. Оқу ұзақтығы – 5 ай.

Басшыларды дамыту бағдарламаларына ерекше көңіл бөлінеді. Осылайша, 2017 жылы ҚМГ Кадрлық комитетінің шешімімен ҚМГ және ЕТҰ (CEO-1, CEO-2) корпоративтік орталығының топ-менеджерлері үшін «Бірыңғай даму бағдарламасы», сондай-ақ директорлар мен олардың орынбасарлары үшін, Бірыңғай кадрлық резервке қатысушылар үшін «Тиімді басшы» даму бағдарламалары бекітілді. Бірыңғай даму бағдарламасы 2018 жылы аяқталды және жақсы пікірлер алды, бағдарламаға 2017 жылғы қыркүйектен бастап 2018 жылғы қазанға дейінгі кезеңде 26 ЕТҰ-ның 99 топ-менеджері қатысты. Бұдан басқа, 2018 жылы UPSTREAM блогының адами капиталды дамыту бағдарламасы әзірленді және «Қазақтүрікмұнай» ЖШС мен «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС компанияларында пилоттық режимде іске асырылды. Осы бағдарлама аясында қатысушылар компаниялардың тиімділігін арттыратын жобалар әзірледі. 2019 жылы бұл Бағдарламаны UPSTREAM блогының басқа компанияларында іске асыру жоспарлануда. Бағдарламадан өту барысында адами ресурстардын дамытудың барлық өзекті бағыттары – цифрлық көшбасшылық, ықпал ету және эмоциялық көшбасшылық қамтылды.

Аталған жобалармен қатар ҚМГ жыл сайын оқытылған қызметкерлердің санын белсенді арттыруда. 2018 жылы жалпы сомасы 5,7 млрд теңгеге 129 мың адам* оқытылды, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 2,5 % жоғары. Оқытылғандар мен шығыстар санының өсуі жоғарыда көрсетілген бағдарламалардың іске қосылуы мен іске асырылуымен байланысты.

Оқудан өткен қызметкерлердің 15 %-ын әйелдер, 85 %-ын ерлер (2017 жылы тиісінше 14 % және 86 %) құрайды. Бұл ретте әйелдерді оқытуға арналған шығыстар шығындардың жалпы сомасының 23 %-ын құрайды, әйелдерді оқытудың орташа құны – 69 мың теңге, ерлерді оқыту – 40 мың теңге. Оқытылғандардың 8 %-ы – әкімшілік-басқару персоналы, 92 %-ы – өндірістік персонал. Оқытылған өндірістік персоналдың

* *оқытылғандардың санын есептеу кезінде өткен оқулары ескеріледі (мысалы, егер 1 қызметкер екі оқытудан өткен болса, оқытылғандардың саны – 2).*

жоғары пайызы ҚР заңнамасына сәйкес қауіпті өндірістік объектілерде жұмыс істейтін қызметкерлерді міндетті оқытумен байланысты.

Экология, ЕҚ және ҚТ, АҚ және ТЖ бойынша оқудан өткен қызметкерлердің үлесі оқытылғандардың жалпы санының 59 %-ын құрады. Бұл ретте, оқытылғандардың 20 %-ы жұмысшы кәсіптеріне және 5 %-ы өндірістік бағыттар бойынша оқудан өтті (БӨ, тасымалдау, газ бизнесі, өңдеу және маркетинг, сервистік жобалар). Осы тақырыптар бойынша оқуға барлық шығындардың 50 %-ы жұмсалды.

Бір қызметкерге орташа жылдық академиялық сағат саны 15 сағатты (2017 жылы 16,1 сағат) құрайды, оның ішінде

- бір адамға – 14,9 сағатты (2017 жылы 15,8 сағат), бір әйелге – 15,6 сағатты (2017 жылы 18,3 сағат) құрайды.
- бір басшыға – 19,5 сағат, бір маманға – 18,3 сағат, бір жұмысшы / қызметшіге – 12,6 сағат.

**Оқытудан өткен қызметкерлер саны, жынысы бойынша бөліністе, %**

| жылдар | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|---|
| Ерлер | 86,5 | 88 | 86 | 85 |
| Әйелдер | 13,5 | 12 | 14 | 15 |

Сонымен қатар, қызметкерлерді оқыту мен дамыту олардың жынысы мен атқаратын қызметіне қарамастан жүзеге асырылады.



**Оқытылған бір қызметкерге арналған академиялық сағаттардың орташа жылдық саны, қызметкерлердің санаттары бойынша, %**




*[1] жетекші мамандар/ инженерлер/талдаушылар, аға мамандар/ инженерлер/ талдаушылар, мамандар/ инженерлер/талдаушылар, кіші мамандар / инженерлер / талдаушылар*

*2 жұмысшы – жұмысшы кәсіптері; қызметшілер – техникалық орындаушылар, іс жүргізуші, мұрағатшылар, басшылардың хатшылары*

**Оқытылған қызметкерлердің жалпы саны, жылдар бойынша, мың адам**




**Қызметкерлерді дамытуға арналған шығындар, млрд теңге**




ҚМГ ұзақ мерзімді дамуының басым бағыттарының бірі – заманауи құзыреттерге ие жаңа форматтағы жетекшілерді даярлау мақсатында жас әрі келешегі бар көшбасшыларды іздестіруді және анықтауды қамтитын кадр резервін дайындау болып табылады.

Осы бағыттың негізгі принципі – басқару сабақтастығын қамтамасыз ету, сондай-ақ қызметкерлерге ҚМГ компаниялар тобында даму және мансаптық өсу үшін мүмкіндік беру мақсатында басшы кадрларды мақсатты және жүйелі түрде даярлау болып табылады.

Тренингтік бағдарламалардан басқа арнайы резервшілер үшін екідипломды EMBA бағдарламалары әзірленді және өткізіліп тұрады. «Бірыңғай кадрлық резерв» жобасын іске асыру кезеңінде БКР-ға кіретін және магистр дәрежесі жоқ 35 қызметкер EMBA бағдарламасы бойынша оқуын аяқтады. Бүгінгі күні тағы 14 қызметкер 2018–2019 жылдарға арналған ұқсас бағдарлама бойынша оқуын жалғастыруда.

Сондай-ақ БКР жобасы әрекет еткен уақытта команда құру және оқыту сипатында резервшілердің үш кездесуі өткізілді.

Жеке-іскерлік дағдыларды арттыру үшін жүйелі түрде тақырыптық тренингтер мен семинарлар өткізіледі.

**Қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру жөніндегі іске асырылатын бағдарламалардың негізгі тақырыптары**

| | |
|---|---|
| **1.** | **Конференцияларға, симпозиумдарға, форумдарға қатысу** |
| **2.** | **Жеке-іскерлік оқыту** |
| **3.** | **Персоналды басқару** |
| **4.** | **Ішкі бақылау және аудит** |
| **5.** | **Біріктірілген басқару жүйелері, ISO және OHSAS стандарттары** |
| **6.** | **Экология, ЕҚ және ҚТ, АҚ және ТЖ** |
| **7.** | **Қазақстандық қамту және тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу** |
| **8.** | **Экономика және қаржы** |
| **9.** | **Корпоративтік басқару. Жобаны басқару** |
| **10.** | **Құжаттамалық қамтамасыз ету** |
| **11.** | **Ақпараттық технологиялар** |
| **12.** | **Тілдік оқыту** |
| **13.** | **Медиация, келіссөз процесі бағдарламалары бойынша оқыту** |
| **14.** | **Өндірістік бағыттар бойынша оқыту (БӨ, тасымалдау, газ бизнесі, өңдеу және маркетинг, сервистік жобалар)** |
| **15.** | **Жұмысшы кәсіптерге оқыту** |
| **16.** | **Магистрлік бағдарламалар, шағын МВА** |
| **17.** | **Тағылымдама** |

# ПЕРСОНАЛДЫ БАҒАЛАУ

GRI **103-1, 103-2, 103-3, 404-3**

Персоналды бағалау рәсімі ҚМГ-де 2004 жылдан бастап қолданылады және қызметтің тиімділігін айқындауға және барабар материалдық және материалдық емес сыйақыны ынталандыруға бағытталған.

Рәсім ҚМГ әкімшілік персоналын бағалау қағидаларымен регламенттеледі және бағалаудың екі түріне негізделеді: кәсіби дамуды бағалау және қызметтің нәтижелілігін бағалау.

Адами ресурстарды тиімді басқарудың танылған халықаралық тәжірибесіне сәйкес, бұл рәсім есепті жыл ішінде қызметтің нәтижелілігін бағалауды ескере отырып,

қызметкерлердің іскерлік және көшбасшылық құзыреттерін бағалауға негізделген.

Нәтижелілікті бағалау бір жылға мақсаттар қою негізінде тоқсан сайын жүргізіледі және тоқсандық сыйақы төлемі ретінде 1.5-тен 0-ге дейінгі лауазымдық жалақының нақты сандық нәтижелеріне ие болады.

Кәсіби дамуды бағалау жыл сайын жүргізіледі және материалдық емес ынталандырудың мақсатын көздейді – бағалау комиссиясы кадр резервіне алуды, қызметін жоғарылатуды, ҚМГ компаниялар тобында ротациялауды, жеке оқытуды немесе кәсіби даму үшін өзге де мүмкіндіктерді ұсына алады.

2018 жылы қызметкерлердің 2018 жылғы қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізілді, оның нәтижелері бойынша корпоративтік орталық қызметкерлерінің 85,4 %-ы, компанияның барлық қызметкерлерінің 33,7 %-ы есепті кезеңдегі нәтижелілікке баға берді. Олардың ішінде: әйелдер – 23 %, ерлер – 77 %, басшылар – 16 %, мамандар – 41 %, жұмысшылар – 43 %.

# ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР

GRI 103-1, 103-2, 103-3, 202-1, 202-2, 405-1, 405-2

Қызметкерлерді ынталандырудағы біздің тәсіліміз еңбек ақы төлеудің лайықты деңгейін қамтамасыз ету, ашықтық және қызметкерлердің құқықтарын сақтау қағидаттарында құрылады. Еңбекақы төлеу жүйесіне барлық өзгерістер мүдделі тараптардың пікірлері мен ұсыныстары ескеріле отырып енгізіледі.

«Барлау» және «Өндіру» бизнес-бағытындағы компанияларда еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі (ЕАТБЖ) енгізілді, оның мақсаты барлық бөлімшелерде еңбекақы төлеудің бірыңғай тәртібін қамтамасыз ету және қызметкерлердің еңбек нәтижелеріне мүдделілігін күшейту болып табылады. Бұл жүйеде қызметкерлерге өтемақы төлемдері, үстеме ақылар мен қосымша ақылар берілетін бірқатар шарттар көзделген; мұндай өлшемдердің бірі өңірлік коэффициент болып табылады – жұмысты ауыр климаттық жағдайлары бар өңірлерде орындаумен байланысты қосымша шығыстар мен жоғары еңбек шығындарын өтеу мақсатында жалақының салыстырмалы түрде ұлғаю көрсеткіші. Бұл коэффициенттің ең жоғары мәні Маңғыстау және Атырау облыстарына тиесілі.

Топтағы бастауыш деңгейдегі жалақының ұлттық заңнамада белгіленген 2018 жылғы ең төменгі еңбекақыға қатынасы 6:1 шамасында болады.

Жергілікті* халық өкілдерінен жалданған** қатысу аймақтарындағы*** жоғары деңгейдегі басшылар үлесі 85 % құрайды.

Басшылық құрамына кіретін қызметкерлердің үлесі қызметкерлердің жалпы санының 9 %-ын құрайды. Оның ішінде әйелдер – 17 %, ерлер – 83 %.

ҚМГ компаниялар тобында гендерлік айырмашылықтарға қарай базалық жалақыда және сыйақы төлеу жүйесінде айырмашылықтар жоқ. ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарындағы жалақы деңгейі қызметкерге емес, лауазымға байланысты, яғни бір лауазымда жұмыс істейтін ерлер мен әйелдер бірдей жалақы алады және ұйымдағы еңбекақы төлеу қағидаларында көзделген өзге де төлемдерді алады.

Еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру үшін біз адами ресурстардың басқару саласындағы халықаралық әдіснаманы пайдалана отырып, бірқатар лауазымдарды (корпоративтік орталықтың әкімшілік қызметкерлері деңгейінен еншілес ұйымдардың топ-менеджменті деңгейіне дейін) бағалаудың жаңа тәсілін енгіздік.

* *Жоғары дәрежелі басшылар (бірінші басшы және оның орынбасарлары)*
** *Қазақстан Республикасының азаматтары*
*** *Қатысу аймағы – Операциялық қызметті жүргізу аймағы (облыс, аудан)*

Жоғары басқару органы мен басшы құрам үшін жалақыны есептеу жүйесі нәтижелілікке, уәждемеге, еңбек өнімділігін арттыруға және қызметтің тиімділігіне бағытталған және қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу қорытындылары бойынша қысқа мерзімді сыйақы элементтерін қамтиды. Үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес басшы қызметкерлердің нәтижелілік көрсеткіштері Топтың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік міндеттерін көрсетеді.

Трансформациялау бағдарламасы аясында 2018 жылы басшы қызметкерлердің атқаратын лауазымының жаңа талаптарына сәйкестігін бағалау (Job Matching*) жобасын іске асыру жалғастырылды.

* *Job Matching – үміткерлердің лауазымдар талаптарына мақсатты функционалға сәйкестігін бағалау жобасы.*

# БІЗДІҢ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР

GRI **103-1, 103-2, 103-3, 203-1**

ҚМГ еншілес ұйымдарының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарында өндірістік қатысу өңірін дамытуға және халықтың мұқтаж топтарына әлеуметтік көмек көрсетуге елеулі ақшалай қаражат бөлу көзделген. Компаниялар қаражатты жергілікті атқарушы органдарға аударады, олар жергілікті қоғамдастықтардың қажеттіліктеріне сүйене отырып, қаражатты бөледі. 2018 жылы ҚМГ тобы бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде өңірлерді дамытуға шамамен 5,2 млрд теңге бөлінді.

2016 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Қордың қайырымдылық саясаты және Қордың қайырымдылық бағдарламасы бекітілді, оған сәйкес ҚМГ және оның еншілес кәсіпорындары демеушілік және қайырымдылық көмекті өз бетінше жоспарлай және көрсете алмайды.

Қайырымдылық саясатына сәйкес, Қор компаниялары тобының барлық қайырымдылық қызметін «Samruk-Kazyna

## Тәжірибеден мысал:

Мысалы, «Өзенмұнайгаз» АҚ Жаңаөзен қаласы мен Қарақия ауданының инфрақұрылымын дамытудың әлеуметтік бағдарламалары қорына жыл сайын 900 млн теңге бөледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ 2018 жылы Қызылқоға ауданы Сағыз және Қарабау ауылдарында, Исатай ауданы Аққыстау ауылында балабақша, орта мектеп және дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысына 596 млн теңгеден астам қаржы бөлді.

«ҚазМұнайТеңіз» ТМК ЖШС Маңғыстау ауданындағы Шетпе – Қызан автожолын қайта жаңартуды қаржыландыруға 371 млн теңге сомасында салым жасады.

Спорт түрлері мен спорттық шараларды қолдау мақсатында «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС Павлодар қаласына 200 млн теңге бөлді.

«Қазгермұнай» БК ЖШС Қызылорда қаласындағы Жастарға қызмет көрсету орталығының құрылысына 1 млрд 465 млн теңге көлемінде қаржы бөлді, салым 2018–2019 жылдар кезеңіне арналған әлеуметтік-экономикалық даму бойынша есебіне жатқызылды.

«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС халықтың мұқтаж топтарына 9 млн теңгеден астам әлеуметтік көмек көрсетті.

Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры (бұдан әрі – Қор) жүзеге асырады.

Қор қызметінің басым бағыттары:

— әлеуметтік және медициналық сектордағы адамдарға, қоғамдастықтарға көмек;
— медиа, мәдени қоғамдастықты дамыту, адами әлеуетті дамыту;
— еңбек қатынастарын, ұлтаралық қатынастарды нығайту, қоғамның орнықты дамуына инвестициялар;
— аймақтық бизнес-бастамаларды қолдау;
— әлемдік аренада Нұр-Сұлтан қаласының имиджін көтеру.

Қор «Самұрық-Қазына» АҚ-ның барлық компаниялар тобынан халық үшін әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге бағытталған қайырымдылық жобалары мен бағдарламаларын іске асырады. Қордың қызметі мемлекеттік органдардың, ҚР Үкіметінің және қоғамдық және әлеуметтік саясат саласындағы сарапшылардың жәрдемдесуімен жүзеге асырылады. Корпоративтік қордың қайырымдылық жобаларының әкімшілері – конкурстық негізде айқындалған үкіметтік емес ұйымдар болып табылады.

**ҚМГ қайырымдылыққа бөлінген қаражат көлемі, млн теңге («Samruk-Kazyna Trust» жобаларын қаржыландыруға)**




## Тәжірибеден мысал:

ҚМГ компаниялар тобында Компаниялар тобының еңбек ұжымдары мен кәсіподақтарының жалпы шешімі бойынша ҚМГ компаниялар тобының еңбек ұжымдарын шоғырландырудың жаңа құралдары – ҚМГ деңгейінде ұйымдастырылатын корпоративтік іс-шаралар енгізілді: Жұмысшы мамандықтар арасында «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауы, Жазғы спартакиада және Жастар слеті.

2018 жылы ҚМГ еншілес компанияларының өнеркәсіптік алаңдарында ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері арасында мынадай мамандықтар бойынша «Мамандығы бойынша үздік – 2018» кәсіби шеберлік конкурсының актық кезеңі өтті:

- «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (Қаламқас кен орны) мұнай және газ өндіру операторы, ұңғымаларды зерттеу операторы, қат қысымын ұстау операторы, технологиялық жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету слесары, токарь мамандықтары бойынша;
- «ҚазТрансОйл» АҚ электр газымен дәнекерлеуші, электромонтер, БӨАжА слесары мамандықтары бойынша (Оқу-курстық комбинат, Ақтау қ.) және химиялық талдау зертханашысы, мұнай дайындау операторы (тауарлық оператор)мамандықтары бойынша (БМАС, Ақтау қ.);
- «Oil Services Company» ЖШС (Жетібай кен орны) ҰКЖ бригадасы және ҰЖЖ бригадасы мамандықтары бойынша;
- «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС (МУТТ, Ақтау қ.) автомобиль жүргізушісі, ОА-320 машинист-моторшысы, ЖБҚ машинисті, автомобиль краны машинисті мамандықтары бойынша.

Еншілес кәсіпорындарда бұрын аяқталған бірінші кезеңіне мұнай-газ кешенінің 34 базалық мамандығы бойынша 3 300 қызметкер қатысты. ҚМГ деңгейіндегі конкурстың екінші, актық бөліміне




20 жұмысшы мамандығы бойынша 186 қатысушы шеберлік көрсетті, 2017 жылы 17 жұмысшы мамандығы бойынша 120 адам қатысты.

Тәжірибелі қызметкерлермен қатар, ҚМГ бірлескен конкурсына ҚМГ бас кәсіби алаңдарында өз кәсіпорындары атынан шығу құқығын адал еңбегімен және жоғары шеберлігімен дәлелдеген үздік жас кәсіпқойлар қатысты.

Өндірістік объектілерде теориялық және практикалық тапсырмаларды орындау үшін үй-жайлар, арнайы жұмыс алаңдары, жабдықтар, компьютерлік класс және мұкәммал дайындалды, сондай-ақ конкурсты өткізу тәртібі мен шарттары және техникалық практика сипаттамасы көрсетілген әрбір мамандық бойынша регламенттер әзірленіп, бекітілді.

Конкурсқа қатысушылардың практикалық дағдыларын бағалау үшін ҚМГ еншілес кәсіпорындарының өкілдері – өз мамандығының білгірлері арасынан құзыретті қазылар алқасы құрылды.

Конкурстың барлық мамандықтар бойынша теориялық бөлімі конкурсқа қатысушының таңдауы бойынша онлайн режимде екі тілде компьютерлік тестілеу арқылы ұйымдастырылған.

Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаздарды салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Үздіктердің үздігі «Үздік маман» медалімен, 1-ші орын үшін – 100 АЕК, 2-ші орын үшін – 70 АЕК, 3-ші орын үшін – 50 АЕК көлемінде ақшалай сыйақылармен марапатталды. Сонымен қатар, ҚМГ белгіленген регламентіне сәйкес, әрбір ЕТҰ бірінші кезеңде «Мамандығы бойынша үздік» конкурсында жүлделі орын алған қызметкерлерге кәсіптік шеберлігі үшін 1-орынға – 30%; 2-орынға – 20%; 3-орынға – тиісті тарифтік ставканың немесе лауазымдық жалақының 10% мөлшерінде қосымша ақы белгілей алады.

Конкурстың салтанатты жабылуында «Үздік маман-2018» бейнеролигі көрсетілді, онда басынан бастап, аяғына дейін конкурстың өткізу барысы түгел көрсетілді. Конкурс барысы туралы жаңалықтар, фото және бейнематериалдар http://www.kmg.kz/uzdik_maman 2018 орналастырылды.

## Тәжірибеден мысал:




**Корпоративтік мәдениетті дамыту және еңбек ұжымдарындағы үйлесімді өзара байланысты нығайту мақсатында ҚМГ басқа да команда құрушы бастамаларды қолдайды, соның ішінде ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлері арасында үнемі Спартакиада өткізеді.**

Спартакиада – бұл ҚМГ қызметкерлері мен ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдарының командалары қатысатын жыл сайынғы спорттық іс-шара. Спартакиаданы өткізу барысындағы адал жарыс рухы мен бейресми қарым-қатынас өз компаниясының және жалпы алғанда ҚМГ-нің имиджіне бейілділік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

ҚМГ бірыңғай туы астында осындай іс-шараны өткізу идеясын ҚМГ еншілес ұйымдарының кәсіподақтары мен еңбек ұжымдарының көшбасшылары ұсынды.




2018 жылы спартакиада ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің қатысуымен ҚМГ деңгейінде үшінші рет өткізілді.

Спартакиада жыл сайын көптеген қатысушыларды жинайды: 2018 жылы Спартакиадаға спорттың 8 түрінен (мини-футбол, волейбол, жүзу, баскетбол, шахмат, теннис, армреслинг, тоғызқұмалақ) 30 ұйым (310 адам) қатысты. Спартакиада туралы ақпарат ҚМГ корпоративтік сайтында http://www.kmg.kz/spartakiada 2018 орналастырылған.

## Тәжірибеден мысал:




**2014 жылдан бастап ҚМГ компаниялар тобы бойынша жастар саясаты белсенді іске асырылуда. ҚМГ-да және ҚМГ-нің 45 ЕТҰ-да Жастар кеңестері құрылды.**

Жыл сайынғы жастар слеттері өткізіледі, онда қатысушылар үшін мәдени-бұқаралық іс-шаралар, мемлекеттік қайраткерлермен кездесулер, тиісті шеберлік сабақтары (мысалы, «Медиация – жастар ортасындағы қақтығыстардың алдын алу ретінде», «Іс-қимылдағы көшбасшылық», «Дербес тиімділік» және т.б. тақырыптар бойынша) ұйымдастырылады, жас қызметкерлерді толғандыратын мәселелер талқыланады және тиісті ұсынымдар әзірленеді.

Кезекті рет, ҚМГ компаниялар тобы бойынша біріңғай жастар саясатын қалыптастыру және жүзеге асыру мақсатында 2018 жылдың қазан айында ҚМГ компаниялар тобының жас мамандары Алматы қаласына тәжірибе алмасу және




алдағы перспективаларды талқылау үшін келді.

Жас мамандар веломарафонға қатысып, Алматы қаласының әкімі Б. Байбекпен кездесіп, өз күшімен халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған шығармашылық концерт ұйымдастырды.

# ҚОСЫМШАЛАР





# ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ОРНЫҚТЫЛЫҚ

2018 жылғы Орнықты даму туралы есепке қатысты тапсырма бойынша есеп

1-қосымша.
Есептілік шекаралары, өзгерістер, ескертпелер

Деректерді жинау, шоғырландыру және есептеу әдіснамасын толықтырулар, әдіснама болжамдары және сипаттамасы

2-қосымша.
Орнықты даму саласындағы негізгі индикаторлар

3-қосымша.
GRI Content Index мазмұнының көрсеткіші

4-қосымша.
Аббревиатуралар мен қысқартулар

EY
Building a better working world

«Эрнст энд Янг Қазақстан» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг Казахстан»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young Kazakhstan LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

# 2018 жылғы Тұрақты даму туралы есепке қатысты тапсырма жөніндегі Есеп

## «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚның Акционерлеріне, Басшылығына және мүдделі тараптарына

### Тапсырма мәні

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі "ҚМГ" немесе "Компания") тапсырмасы бойынша біз «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның 2018 жылғы "Тұрақты даму туралы есебінде" (бұдан әрі «Есеп») ұсынылған сапалық және сандық ақпаратқа қатысты шектеулі сенімді қамтамасыз ететін, келесі аспектілерден басқа, тапсырманы орындадық:

- болашақ оқиғалар мен Компания қызметінің нәтижелеріне қатысты мәлімдемелер; және
- Есептің тұрақты даму мақсаттарына және БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарына сәйкестігі туралы ақпарат.

### Тапсырманың қолданылатын критерийлері

Біздің тапсырмаға қолданылатын критерийлер есептілік бойынша Жаһандық бастаманы тұрақты дамыту саласындағы есептілік жөніндегі стандарттардың талаптары (бұдан әрі - "GRI стандарттары"), Компанияның тұрақты даму саласындағы есептілігі жөніндегі қағидаттары және Есептің "1-қосымшадасындағы" "Есеп туралы" бөлімінде баяндалған жеке көрсеткіштерді анықтау тәсілдері, сонымен қатар, Есеп мәтініндегі көрсеткіштердің ескертпелері болды. Бұл критерийлер біздің тапсырмамыздың мақсаттарына сәйкес келеді деп ойлаймыз.

### Басшылықтың жауапкершілігі

Компания басшылығы Есепті дайындауға және онда ұсынылған ақпараттың GRI стандарттарына, компанияның тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі қағидаттарына, Есептің "Есеп туралы" бөлімінде, есептің "1-Қосымшасында" баяндалған жеке көрсеткіштерді айқындау тәсілдеріне, сонымен қатар, Есеп мәтініндегі көрсеткіштердің ескертпелеріне сәйкес 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде тұрақты даму саласындағы компания қызметінің нәтижелерінің, оқиғаларының және саясатының барлық маңызды аспектілерінің шынайы көрсетілуіне жауапты болады. Бұл жауапкершілік елеулі бұрмалаушылықтары жоқ тұрақты даму саласындағы есепті дайындау үшін жеткілікті ішкі бақылау жүйесін әзірлеуді, енгізуді және қолдауды қамтиды. Компания басшылығы есеп берудің тиісті қағидаттарын таңдау, қолдану және өлшеу мен бағалаудың тиісті әдістерін пайдалануы үшін де жауапты болады.

### Біздің жауапкершілігіміз

Біздің жауапкершілігіміз мыналар жайында тәуелсіз тұжырым жасайтындығымызда:

- Есепте көрсетілген ақпарат барлық елеулі аспектілерде 2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін тұрақты даму саласындағы Компанияның саясатын, оқиғалары мен қызметінің нәтижелерін шынайы түрде көрсетеді;
- Есеп Негізгі нұсқадағы GRI Стандарттарына «сәйкес» дайындалған.

Біз №1 сапаны бақылау жөніндегі Халықаралық стандартты қолданамыз және тиісінше, сапаны бақылаудың толық жүйесін, оның ішінде этикалық талаптарды, кәсіптік стандарттар мен қолданыстағы заңнамалық және нормативтік талаптарды сақтауға қатысты құжаттандырылған саясатпен және процедуралармен расталған жүйені қолдаймыз.

Біз тәуелсіздік талаптарын және бухгалтерлер үшін Халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес шығарған кәсіптік бухгалтерлерге арналған Этика кодексінің басқа да этикалық талаптарын сақтаймыз, әрі ол адалдықтың, объективтіліктің, кәсіптік құзырлықтың және лайықты мұқияттылықтың, құпиялылық пен кәсіптік мінез-құлықтың фундаменталды қағидаттарына негізделген.

### Тапсырманың орындалған негізгі процедуралары

Біз тапсырманы Халықаралық бухгалтерлер федерациясы (IFAC) шығарған *«Өткен кезеңдердің қаржылық ақпаратының аудиті мен шолып тексеруінен өзгеше болатын сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар»* 3000 сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалардың Халықаралық стандартына (қайта қаралған) сәйкес орындадық, оған келесі процедураларды орындау кіреді:

- тұрақты даму саласындағы саясаттар, қызмет пен нәтижелер үшін, сондай-ақ тиісті есептілікті дайындау үшін жауап беретін Компания басшылырамен және мамандарымен сұхбаттасу;
- Компанияның тұрақты даму саласындағы саясаттарына, қызмет нәтижелеріне және есептілігіне қатысты шешуші құжаттарды талдау;

EY
Building a better working world

- Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметінің көрсеткіштері бойынша есептілікті дайындау процесін және тұрақты даму саласындағы есептілікті дайындау үшін пайдаланылған процесті қарастыру арқылы тапсырманың басқа жағдайларын жете түсіну;
- мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу саласындағы қызметті талдау;
- Есепті халықаралық және қазақстандық мұнай-газ саласындағы компаниялардың бірқатары дайындаған тұрақты даму саласындағы есептермен және мүдделі тараптар қозғаған салаға тән болатын тұрақты даму саласындағы тақырыптар тізбесімен салыстырмалы талдау;
- 2018 жылғы тұрақты даму саласындағы Компанияның саясаттарын, оқиғаларын және қызметінің нәтижелерін қозғайтын бұқаралық ақпарат құралдары мен Компанияның корпоративтік баспа басылымдарындағы іріктелген жарияланымдарды зерделеу;
- Компания анықтаған тұрақты даму саласындағы елеулі мәселелерді талдау;
- жоғарыда аталған процедуралардың негізінде Компания үшін елеулі болатын тұрақты даму саласындағы мәселелерді анықтау және бұл мәселелердің Есепте көрсетілу амалдарын талдау
- 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Компания деңгейінде көрсетілген деректердің жиналғанына, дайындалғанына, біріктірілгеніне және есепке тиісті түрде енгізілгеніне көз жеткізу үшін, мұнай мен газды өндіру, тасымалдау және қайта өңдеу, экономика және қаржы, персоналды басқару, энергетикалық ресурстарды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және әлеуметтік және қайырымдылық қызмет саласындағы негізгі көрсеткіштер бойынша деректерді іріктеуді талдау;
- Компанияның еншілес тәуелді ұйымдарына бару:
  - Атырау қаласындағы «Атырау Мұнай Өңдеу Зауыты» ЖШС;
  - Нұр-Сұлтан қаласындағы АО «ҚазТрансОйл» ЖШС;
  - Алматы қаласындағы «Азиялық Газқұбыры» ЖШС.

  өндірістік және қаржылық мәселелерге, персоналды басқару, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қайырымдылық және әлеуметтік қызметке жауапты тәуелді ұйымдардың өкілдерімен сұхбат жүргізу және Компанияның тұрақты даму саласындағы саясатқа, оқиғалар мен қызмет нәтижелеріне қатысты жасаған мәлімдемелерін растайтын дәлелдемелерді жинау, сондай-ақ өндірістік қызметтің еңбекті қорғау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау аспектілерін қадағалау үшін;
- Компанияның корпоративтік орталығының деңгейінде Есепте қамтылған сапалы және санды ақпаратты растау мақсатында дәлелдерді жинақтау;
- Есептің және оны дайындау процесінің тұрақты даму саласындағы есептілік бойынша Компанияның қағидаттарына сәйкестігін бағалау;
- Есептегі ақпарат пен деректердің ашылып көрсетілуінің GRI Стандартына «сәйкес» есепті дайындаудың Негізгі нұсқасының талаптарына сәйкестігін бағалау.

Тапсырманы орындау кезінде жүзеге асырылған, шектелген сенімділікті қамтамасыз ететін процедураларымыз сипаты мен мерзімдері бойынша ерекшеленеді, олар ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындауға қарағанда көлемі бойынша аздау болады. Тиісінше, шектелген сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде болған сенімділік деңгейі ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезіндегіге қарағанда барынша төмен келеді.

**Тұжырым**

GRI стандарттарына, орнықты даму саласындағы есептілік жөніндегі компанияның қағидаттарына және есепте баяндалған жеке көрсеткіштерді анықтау тәсілдеріне сәйкес 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде жүзеге асырылған рәсімдер мен алынған дәлелдемелердің негізінде біздің назарымыз тұрақты даму саласындағы компания қызметінің саясатының, оқиғаларының және нәтижелерінің барлық маңызды аспектілерінде ақпарат анық көрсетпейді деп санайтын ешқандай фактілерді аудармаған.

Сонымен қатар, біз Есеп GRI стандартының Негізгі нұсқасына "сәйкес" дайындалмаған деп санауға мүмкіндік беретін фактілерді таба алмадық.

Ernst & Young Kazakhstan LLP

Алматы
**10.10.2019**

# 1-ҚОСЫМША. ЕСЕПТІЛІК ШЕКАРАЛАРЫ, ӨЗГЕРІСТЕР, ЕСКЕРТПЕЛЕР

GRI 102-45, 102-46, 102-48, 102-49

## Есептілік шекаралары

Есептің шекаралары дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ҚМГ-нің еншілес және тәуелді ұйымдарын, сондай-ақ ҚМГ қызметін бақылауға құқылы мынадай заңды тұлғаларды қамтиды.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген заңды тұлғалардың тізбесіне мынадай ұйымдар кіреді: «КМГ» Барлау Өндіру» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «АМӨЗ» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС, «КМГО» ЖШС, «КМТ» ЖШС, «КМГС» ЖШС, «Cooperative KMG PKI U. A.», KMG International N. V., «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ЖШС, «KMG Drilling & Services» ЖШС.

«ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша менеджмент жүйесі» және «Жұмыс орнындағы қауіпсіздік» бөлімдерінің шекаралары: ҚМГ-нің 50 % және одан да көп қатысу үлесі бар ЕТҰ және БК. ҚМГ <50 % қатысу үлесі бар мердігерлік ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындар есептілік шекараларына енгізілмеген (49 % қатысу үлесі бар «ТеңізСервис» ЖШС қоспағанда). Қосымша, есептілік шекарасына штаттағы қызметкерлерден басқа компанияның аутсорсинг және аутстаффинг қызметкерлері енгізілген.

«Энергетикалық ресурстарды пайдалану және энергия тиімділігін арттыру«, «Энергия ресурстарын тұтыну«, «Энергия тұтынуды қысқарту«, «Энергия сыйымдылығы» бөлімінің шекаралары 14 ЕТҰ құрайды, олар – топтың энергия сыйымдылығын барынша толық көлемде көрсететін мына кәсіпорындар:

«Мұнай және газ өндіру» – «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС. «Мұнай және газ көлігі» – «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС, «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ. «Мұнай және газ өңдеу» – «АМӨЗ» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «CASPI BITUM» БК» ЖШС.

«Су ресурстарын пайдалану» бөлімінің шекаралары: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «CASPI BITUM» БК» ЖШС, «Жамбыл Петролеум» ЖШС, «ӨзенМұнайСервис» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Oil Services Company» ЖШС.

«Климаттың өзгеруі және атмосфералық ауаның сапасы» бөлімінің шекаралары ҚМГ-нің мынадай еншілес және тәуелді ұйымдарын қамтиды: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ПМХЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «CASPI BITUM» БК» ЖШС және мұнай сервистік ұйымдары.

«Шикі газды тиімді пайдалану» бөлімінің шекаралары дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ҚМГ-нің мынадай еншілес және тәуелді ұйымдарын, сондай-ақ ҚМГ қызметін бақылауға құқылы мынадай заңды тұлғаларды қамтиды: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ.

«Қалдықтарды басқару» бөлімінің шекаралары: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ,

«Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «Өрихтау Оперейтинг» ЖШС, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы, «ПМХЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «CASPI BITUM» БК» ЖШС, «Жамбыл Петролеум» ЖШС, «ӨзенМұнайСервис» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Oil Services Company» ЖШС.

«Парниктік газдар шығарындылары» бөлімінің шекаралары ҚМГ-нің мынадай еншілес және тәуелді ұйымдарын қамтиды: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ПМХЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «CASPI BITUM» БК» ЖШС, KMG-International (Rompetrol, Petromidia, Vega), «Батуми мұнай терминалы» және мұнай сервистік ұйымдар.

«Талаптарға сәйкестік» бөлімінің шекаралары: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «CASPI BITUM» БК» ЖШС, «Жамбыл Петролеум» ЖШС және т.б. мұнай сервистік ұйымдар.

«Қоршаған ортаны қорғауға арналған шығындар» бөлімінің есептілік шекаралары: «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қаражамбасмұнай» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Қазақ ГӨЗ» ЖШС, «ӨзенМұнайСервис» ЖШС, «Урал Ойл энд Газ» ЖШС, «Тұлпар Мұнайсервис» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазМұнайТеңіз» ТМК АҚ, «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС, «Oil компаниясы» ЖШС, «Сәтпаев Оперейтинг» ЖШС, «Өріктау Оперейтинг» ЖШС, «KMG Systems & Services» ЖШС, «Атырау МӨЗ» ЖШС, «Павлодар МХЗ» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «CASPI BITUM» БК» ЖШС.

«Біздің қызметкерлер» бөлімінде қызметкерлердің нақты саны бойынша деректер дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) пайыздарына қарамастан, қызметіне ҚМГ елеулі әсер ететін барлық еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдар бойынша ұсынылған.

«Персоналды дамыту» бөлімінің шекаралары: 49 % қатысу үлесі бар «ТеңізСервис» ЖШС және 49,7 % қатысу үлесі бар «ПКОП» ЖШС қоспағанда, ҚМГ-нің 50 % және одан астам қатысу үлесі бар еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдар.

«Тең мүмкіндіктер» бөлімінің шекаралары: ҚМГ-нің 49 % қатысу үлесі бар «ТеңізСервис» ЖШС, 49.7 % қатысу үлесі бар «ПКОП» ЖШС және 40 % қатысу үлесі Caspi Meruerty Operaiting Company B.V қоспағанда, ҚМГ-нің 50 % және одан да көп қатысу үлесі бар еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдар.

«Біздің қауымдастықтарымыз» бөлімінің шекаралары: 49 % қатысу үлесі бар «ТеңізСервис» ЖШС қоспағанда, ҚМГ-нің 50 % және одан көп қатысу үлесі бар еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдар.

«Адам құқықтары» бөлімінің шекаралары: 49,7 % қатысу үлесі бар «ПКОП» ЖШС қоспағанда, ҚМГ-нің 50 % және одан көп қатысу үлесі бар еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдар.

# Деректерді жинау, шоғырландыру және есептеу әдіснамасын толықтырулар, әдіснама болжамдары және сипаттамасы

